

«SDU University» мекемесі  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТИ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»  
Тілдік білім беру кафедрасының менгерушісі  
А.Ногайбаева  
*А.Ногайбаева*



ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Орындаған:

«7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының

2-курс магистранты

*М.Шарк*  
Магистранттың қолы

Шакенова М.

Ғылыми жетекші:

*М.С. Жолшаева*  
Жетекшінің қолы

Жолшаева М.С.  
ф.ғ.д., SDU профессоры

Қаскелен, 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 37.018.43:81'367.4

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС**

**Студенттердің прагматикалық құзыреттілігін дамыту әдістемесі  
(етістіктердің аналитикалық форманттары негізінде)**

7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша

Шакенова Меруерт

Қаскелең, 2025

«SDU University» мекемесі  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»  
Тілдік білім беру кафедрасының меңгерушісі  
А.Ногайбаева

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС**

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

**Орындаған:**

«7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының

2-курс магистранты

\_\_\_\_\_

Магистранттың қолы

Шакенова М.

**Ғылыми жетекші:**

\_\_\_\_\_

Жетекшінің қолы

Жолшаева М.С.

ф.ғ.д., SDU профессоры

Қаскелең, 2025

## **МАЗМҰНЫ**

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ЕТІСТІКТЕРДІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	6
1.1 Етістіктердің аналитикалық форманттарының зерттелу аспектілері .....	6
1.2 Аналитикалық форманттардың сөйлеу жағдаятындағы беретін мағыналары .....	24
1.3 Грамматикалық формаларды прагматикалық аспектіден зерттеу ерекшеліктері .....	30
<b>2 СТУДЕНТТЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ</b> .....	36
2.1 Прагматикалық құзыреттілік ұғымына түсінік .....	36
2.2 Тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың жолдары .....	44
<b>3 ЕТІСТІКТЕРДІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ</b> .....	55
3.1 ЕАФ-ын оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдер .....	55
3.2 ЕАФ-ты қолдану арқылы прагматикалық құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар .....	60
3.3 ЕАФ оқытуда қолданылған эксперимент нәтижесі .....	66
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	75
<b>ҚОСЫМША</b> .....	77
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	82

## **КІРІСПЕ**

### **Жұмыстың жалпы сипаттамасы.**

Бүгінгі таңда кез келген грамматикалық құрылымды тек дәстүрлі форматта оқыту тілдің жұмсалымдық қырын толыққанды ашып беріп, сөйлеу деңгейіне жеткізе алмайды. Сол себепті құрылымды грамматикамен қоса, сөйлесімге (речь) негізделген жұмсалымды грамматиканы біріктіре отырып, студенттің прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыруға болады. Біздің алып отырған нысанымыз – етістіктің аналитикалық форманты – сөйлеу кезінде таныла түсетін әрі көп қырлы мағынасы ашыла түсетін тілдік бірлік. Бұл тілдің аспектісі құрылымды грамматикада жеке тұрғанда бірнеше мағынаға ие болуы мүмкін. Біздің мақсат – студентке бірнеше мағынасы мен қолдану аясы кең етістіктің аналитикалық формантын сөйлесім кезінде біреуін алып, жүйелі әрі айтушының мақсатына сай қолдануға үйрету; сол арқылы студенттің прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру.

Бұл қолдануға үйрету барысында біз студенттерді мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландырамыз. Өйткені бір аналитикалық форманттың беретін мағынасы бір сөйлем емес, мәнмәтін көлемінде ашылады. Соның негізінде мәтінмен жұмыс жасау барысында тек аналитикалық форманттың беретін мағынасын ғана танып қоймай, адресанттың жеткізер ойын, автордың түрлі тілдік бірліктер арқылы сыртқы және ішкі прагматикасын анықтауға жұмыс жасалады. Яғни белгілі бір грамматикалық тұлғаның (біздің жағдайымызда етістіктің аналитикалық форманты) қолданылуындағы уәж анықталады.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында сатылай оқыту және тапсырмаға бағытталған әдіс-тәсілдер қолданылады. Бұл әдістердің артықшылығы – аналитикалық формант туралы жүйелі білімнің берілуі мен мәтін арқылы оның мағыналық қырының танылуы. Тапсырмаға бағытталған оқыту тек мәтіндегі негізгі ой мен автордың прагматикасын анықтаудан тұрмайды. Ол тілдің ішкі жүйесін де тануға бағытталған. Мәселен, етістіктің аналитикалық форматының жасалуын білу үшін теориялық білім қажет. Әрі мәтінмен не мәнмәтінмен жұмыс жасау барысында студент автордың жеткізер ойын ғана тану арқылы өзінің де прагматикалық құзыреттілігін дамыта түспек.

Жұмыс барысында студенттің прагматикалық құзыреттілігін дамытудың жолдары етістіктің аналитикалық формантын оқыту негізінде жан-жақты қарастырылады.

### **Зерттеу тақырыбының өзектілігі.**

Студенттің прагматикалық құзыреттілігін дамыту – тілдің жүйелі әрі сапалы қолданылуын арттыра түсетін негізгі нысандардың бірі. Студент тілдің әрбір бөлшегін қолданылуындағы уәжін, рөлін және орнын білуі маңызды. Ал бұл білім құрылымдық грамматикада теориямен ғана берілмейтіні анық. Сөйлесім, яғни мәтінмен жұмыс жасату студенттің ойдың берілуінде қолданылған тілдік құрылымдарды толыққанды түсінуге жұмыс жасайды.

Әрі етістіктің аналитикалық формантын толық түсіндіруде теориялық біліммен ғана шектелу мүмкін емес. Өйткені аналитикалық форманттардың қолданысында да ерекшелік бар. Бір аналитикалық формант істің жедел түрде

өтуін, екіншісі істің ұзақтығын, үшіншісі дүркінділігін, төртіншісі әрекеттің салғырт жасағандығын білдіреді. Ал оларды бір-бірінен ажырату және мағынасын толыққанды түсіну үшін міндетті түрде жұмсалымды грамматика қажет. Соның негізінде студент бойынан әрбір тілдік бірліктің қолданысын білетін, тілді жұмсалым деңгейіне жеткізетін тұлға ретінде қалыптастырып, оның прагматикалық құзыреттілігін меңгеруге көмектесеміз. Құзыреттілігін меңгертуде прагматикалық құзыреттілік және тілдік құзыреттіліктің практикалық негізі семинар сабақтарында етістіктің аналитикалық форманты арқылы мәтінді талдауда көрініс табады.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Етістіктің аналитикалық форманты арқылы студенттердің прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру; етістіктің аналитикалық форманты туралы теориялық білім беру; грамматикалық формаларды прагматикалық аспектіден зерттеу ерекшеліктерін анықтау; прагматикалық құзыреттілік ұғымына түсінік беру; тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту жолдарын анықтау; етістіктің аналитикалық формантын оқыту технологиялары ішінен тиімдісін анықтау; оқыту әдіс-тәсілінің негізінде етістіктің аналитикалық формантын оқыту; етістіктердің аналитикалық формантын оқыту арқылы студенттің прагматикалық құзыреттілігін дамыту әдістемесін ұсыну.

**Зерттеу нысаны.** Жоғары оқу орны (СДУ университеті, 2 курс).

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.** Зерттеу жұмысы студенттің аналитикалық форманттың мәнін анықтауға, оның теориялық қырын тәжірибеде байланыстыра білуге үйретеді. Сол арқылы білім алушы аналитикалық форманттың мағынасын анықтауда мәтінмен жұмыс жасайды да, мәтіндегі автордың ойын, прагматикасын анықтауға әрекеттенеді. Нәтижесінде өзі де прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырады.

**Зерттеудің әдіс-тәсілдері.** Зерттеу тақырыбын ашатын әдістемелік еңбектерді талдау мен логикалық ойлау картасы, талдау-синтездеу әдістері, тапсырмаға бағытталған оқыту технологиясы зерттеу жұмысының негізгі әдіс-тәсілдеріне айналды.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Етістіктердің аналитикалық формантын сөйлеу жағдаятында оқыту негізінде студенттің теориялық білімімен қатар, прагматикалық құзыреттілігін де дамытуға болады. Соның нәтижесінде студент әрбір аналитикалық форманттың білдіретін мағыналарының сөйлеу кезіндегі қолданысын анықтап, тілдік бірліктің жұмсалымдық деңгейдегі ерекшеліктерін таниды.

**Зерттеу жұмысы бойынша жарияланым.** «Қазақ тілінің аналитикалық формантты етістіктерінің зерттелу жайы» мақаласы («Ғылым және білім проблемалары: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» халықаралық конференциясы, Тараз, 2024); «Аналитикалық форманттардың сөйлеу жағдаятындағы беретін мағыналары» мақаласы («Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: тіл, этнос, қоғам» атты халықаралық конгресс жинағы, Алматы, 2024); «Тілдік тұлғаның прагматикалық

құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың жолдары» мақаласы (SDU Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods 2024/4 (69).

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан тұрады.

# 1 ЕТІСТІКТЕРДІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

## 1.1 Етістіктердің аналитикалық форманттарының зерттелу аспектілері

Етістік сөз табы бүгінгі күнге дейін құрылымдық грамматиканың барлық саласында толықтай қарастырылды. Оның әрбір тармағы жеке зерттеу арнасына айналған. Мәселен, семантикалық тұрғыдан Э.Р. Тенишев, Э.В. Севортян, А.Н.Кононов, Н.К. Дмитриев пен Ә.Қайдар, грамматикалық тұрпатын З.А. Звезгинцев, Ю.Д. Апресян, Е.С. Кубрякова, фонетика мен семантика-грамматикалық ерекшеліктерін Н.З. Гаджиева, А.А. Коклюнова етістікті зерттеу еңбектерінің өзегі етіп алады.

Қазақ тіл білімінде етістік туралы алғашқы теориялық білім А.Байтұрсынұлы кітабынан басталып, ХІХ ғасырдың соңына дейін құрылымдық деңгейде М.Оразов, Қ.Жұбанов, Н.Оралбаева, Т.Құлманов, А.Алтаева сияқты ғалымдар зерттеулерінде толықтай тармақталып, түрлі зерттеу аспектілері негізінде қарастырылып келеді.

Біздің зерттейтін нысанымыз – етістіктің аналитикалық форманты семантикалық, морфологиялық, тіпті, функционалдық тұрғыдан зерттеуге келетін тілдің кең зерттеу арнасы. Екі не одан да көп сөздің тіркесімі сөйлеу кезінде біртұтас мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап бергенімен, оның жасалу жолын бірінші кезекте тілдің құрылымдық аспектісі толықтай зерттеп шығады.

Қазақ тіл білімінде күрделі етістік, оның ішінде етістіктердің тіркесімі туралы теориялық білім А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (Екінші жылдық) еңбегінен бастау алады. Ғалым алғашқы болып тұйық райды етістіктің бастапқы қалпы деп ажыратып алады да, етістік сөз табының рай кезіндегі өзгергендегі 2 жағын қалпын көрсетеді: «Бірінші етістік дара күйінде не қосар күйінде қолданыла алады. Қосақталып келген кезде, көмекші етістіктер жетекші сөзбен бірге қосылып айтылады. Мәселен, оған «отырмақ», «бармақ», «келмек», «өтпек», «қоймақ», «имек», «тастамақ» сияқты он алты түрлі етістік кіреді» [1, 84 б]. А. Байтұрсынұлының көрсетуінде көмекші етістіктер саны – 16. Бұл 16 етістік туралы тұжырымы одан әрі көсемше тарауында тарқатылады: «Көсемше дегеніміз – екі етістік қосарынан алынғанда, негізгі мағынаны білдіретін, бірінші тұрған етістік. Мәселен, *жүріп келді, жаза бер, қарап тұр* мысалдарында бірінші сөздер көсемше етістік болады». Көсемшенің есімшеден айырмашылы – оның тіркес құрып қана сөйлеуге қатысатыны. Яғни көсемшенің ғалым көрсеткен 16 көмекші етістіктің тіркесімі аналитикалық формант жасайды. Аналитикалық формат туралы тікелей теориялық негіз жазылмаса да, ғалымның еңбегінен көсемше мен тұйық райдың қосар күйін түсіндіру барысында екі не одан да көп сөздің тіркесіп келіп сөйлеуге қатысатынын, көсемше тек тіркес құру арқылы жұмсалатынын анықтаймыз.

Тілдің аналитикалық формантын құрылымдық аспектіден қарастырған ғалымдардың тізімі аз емес. Әсіресе, орыс миссионерлері жат тілді үйренуде тілдің морфологиялық құрылымына баса назар аударған. Қазақ тілінің

жүйесіндегі ерекшелікті аңғарған алғашқы ғалымдардың бірі – А.А.Юлдашев. Ғалым «Аналитические формы глагола в тюрских языках» еңбегінде аналитикалық формалы етістіктерді аталмыш тарауларға бөліп қарастырады: «Аналитические формы вида», «Аналитические формы модальности», «Аналитические формы изъявительного наклонения», «Аналитические формы других наклонений» [2, 276-277 б]. Бірінші тарауында «-а баста», «-н ят» («-н жат»), «-н отур» («-н отыр»), «-н тур» («-н тұр», «-н йүр» («-н жүр»), «-а (-й) тур» («-а (-й) тұр») сияқты 15 етістікке талдау жасаған. Қазіргі таңда көмекші етістік қатарына жататын «тұр», «отыр», «жатыр», «жүр», «баста», «кел», «бар», «кет» етістіктері көсемше жұрнағымен жалғану барысында категорияланып, өзгереді деген пікірге келеді. Орыс тіліндегідей болмаса да, қазақ тілінде де «вид (түр) категориясы» бар деген ойын тарқатады. Кейінгі ғалымдар қазақ тілінде «вид категориясы» жоқтығын, оның орнына салт пен сабақтылық, етіс пен рай категориясы алмастыратынын дәлелдегенімен, ғалымның басты зерттеу жаңалығы – әрбір етістіктің тіркесімділігінде семантикалық тұрғыдан қарастыру маңызы әрі көмекші етістік қызметінде тұрған сөздің біріншілік мағынасы мен жаңа мағынасының екеуара байланысын табу қажеттігі.

Екі ғалымның зерттеуіндегі басты ұқсастық – аналитикалық тіркес құрайтын бірінші сөз көсемше жұрнағында тұруы. Осыдан, аналитикалық форманың ХІХ ғасырдың басы мен орта тұсында зерттелінген құрылымдық деңгейдегі конструкциясын жасауға болады:

« \_\_\_\_\_ + көсемше жұрнағы \_\_ көмекші етістік».

Аталған конструкциялы сөз тіркесі Ы.Маманов зерттеуінде де кездеседі. Ғалым, ең алдымен, негізгі етістікті лексика-грамматикалық мағыналарына сай түбір етістік пен модификациялы етістік деп екі жікке айырады. Ы. Маманов бұл екеуінің айырмасын осылайша тарқатады: «Басты айырмашылық – негізгі етістіктерге сөздің біріншілік мағынасын білдіретін сөздер жататын болса, модификациялы етістіктерге белгілі бір етістіктің грамматикалық категориясының жұрнағы жалғанып, көмекші етістіктердің көмегімен негізгі мағынасына тағы үстемелік мағына жалғанатын болса, бұлар модификациялық мағыналар болып есептеледі» [3, 4 б].

Еңбекте қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі – аналитикалық формалы етістік пен күрделі етістіктің айырымы нақты ажыратылған. Біріншіден, ғалым «тіркесті түбір етістіктерді» түбір етістік құрамына жатқызған. Бұл етістік қатарына *таң қалу, жек көру, жарқ ету, тарс ету* мысалдарын келтірген. Екіншіден, тіркесті түбір етістіктердің басты айырмашылығы – есім сөз немесе еліктеуіш сөздің көмекші етістікпен тіркесі: «Негізінде алдыңғы сыңарлар сөздің лексикалық мағынасына ие болады да, көмекші етістіктер сол мағыналық бөлікті қозғалысқа түсіретін (етістікке айналдыратын) конструктивтік элемент қызметін атқарады. *Зар қағу, айқай салу, ән салу, таң қалу, құрмет ету, сөз қату* тіркестері аналитикалық тәсілмен жеке сөздерден құралғандығы болмаса, *зарлау, айқайлау, әндету, таңдану, құрметтеу, сөйлесу* сияқты туынды түбір етістіктерден лексика-семантикалық жағынан ешқандай айырмасы жоқ» [3, 29 б]. Осылайша,

тіркесті түбір етістіктің жасалу жолында да, оның беретін мағынасында да айырмашылық бар. Тіркесті түбір етістік етістіктің аналитикалық формасы сияқты тіркес құрғанымен, мағыналық жағынан тұтасып кеткен, оның екінші сыңары тіркес құру барысында өзінің біріншілік мағынасын толық жоғалтқан.

Немесе бұл ойды Н. Оралбаева еңбегімен сәйкестендірсек, күрделі мағына білдіретін, екі компонент не одан да көп компоненттен тұратын сөз толық мағыналы сөз, ал аналитикалық формалы сөздің құрамы негізгі мағынаны білдіретін сөз бен оған қосылған жанама мағынаны білдіретін көмекші етістіктің тіркесімі жатады: «Ал аналитикалық формалы етістік болса, тең емес сыңарлардан құралады да, оның екінші сыңары лексикалық мағынасынан айырылған сөз болғандықтан, оны күрделі етістіктегідей бірінен кейін бірі немесе қатар, бір мезгілде болатын екі қимыл туралы сөз болмайды, онда дербес етістік білдіретін бір қимыл туралы айтылады, бір ғана лексикалық мағына болады» [4, 57 б]. Ғалымдардың келтірген тұжырымдарынан түйетін негізгі ой: аналитикалық формалы етістікті құрайтын компоненттерді бөліп қарастыруға келмейді, олар бір уақытты ғана білдіре алады. Мәселен, «айтып кел» тіркесі істің айтып болған соң ғана келуін білдіріп тұрған жоқ, ол бір ғана мағынаны, орындаушының III жақ иесіне хабарлап, өзінің қайтып келуін танытады.

Ал негізгі етістіктің екінші тобын құрайтын модификациялы етістіктер түбір етістікке (қазіргіше негізгі етістікке) лексикалық мағынасына грамматикалық мағына үстейтін етістік формалары жатады. Олар екі түрлі жолмен жасалады: синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл. Мұнда көмекші етістіктер жетекші етістіктердің лексикалық мағынасына грамматикалық мағына үстейді [3, 33-34 б].

Сонда ғалым аналитикалық тәсіл арқылы жасалған модификациялық, яғни өзгеріске ұшыраған етістіктердің екінші сыңары грамматикалық мағына үстейтініне баса мән берген. Бірақ тіркес құруда көмекші етістіктің лексикалық мағынасы тағы бар. Ғалым лексикалық мағынаны да ұмыт қалдырмайды. Өйткені көмекші етістіктердің лексикалық мағынасының сақталып-сақталмауына байланысты Ы. Маманов үш жікке бөлген:

«1) көмекшілік қызметте келгенімен, сөздік мағынасын жоймайтын етістіктер: *бар, кел, кір, баста, жет, бол, біт (бітір)*;

2) көмекшілік қызметте сөздік мағынасын бірде сақтайтын, бірде сақтамай, грамматикалық мағына беретін морфема қызметін қолданылатын етістіктер: *шық, кет, ал, бер, жатыр, жүр, отыр, тұр*;

3) көмекшілік қызметте келгенде сөздік мағынасын бүтіндей жойып, тек грамматикалық мағына үстейтін морфема қызметін атқаратын етістіктер: *қой, қал, жібер, сал, таста, түс, ал, бер, көр*» [3, 56 б], [5, 79 б].

Ғалымның жіктеуінен көмекші етістіктердің тіркес құрғанда беретін лексикалық мағынасының қаншалықты маңызды екені дәлелденеді. Мәселен, бір ғана «айта түс» тіркесіндегі «түс» көмекші етістігі ғалым жіктемесіне сай толық мағынасынан айырылған, тек грамматикалық мағына үстейді. Бұл көмекші етістік өзінің лексикалық мағынасын бермегенімен (*ет. көліктен шығу, аттан*

түсу), жаңа мағынаға ие болып тұр [6, 718 б]. Бұл мағына «айту» сөзімен салыстырғанда анықталады. «Айту» мен «айта түсу»-дің айырмашылығы – іс-әрекеттің үдемелі процесі, айтушының тоқтамай сөзін одан әрі жалғастыруы. Яғни өзінің біріншілік мағынасынан айырылған көмекші етістік басқа сөзбен тіркескенде жаңа мағына тудыруға қатыса алады. Бұл жетекші сөз бен көмекші етістіктің бір-бірімен тіркесе алу мүмкіндігі мен екеуара байланысына да қатысты. Бұл тұрғыда Ы. Маманов тіркес мағынасының өзгеруін жетекші, яғни негізгі етістікпен, оған көсемше жұрнағының талғап жалғануымен байланыстырады да, төрт топқа ажыратады:

1) кесімді күрделі етістік: айтушының тыңдаушыға бұйыра, кесімді түрде айтуы (*ішіп жібер, айтып жүр*);

2) босаң күрделі етістік: іс-әрекеттің босаң түрде, жол-жөнекей, басқа іспен байланыста жасалуы (*ала келу, кіре шығу, оқи отыру, айта салу*);

3) бейімдік күрделі етістік: істің басталар кезеңін, қимыл иесінің бір істі орындау алдындағы кейпін, соған бейімделуін, не бір заттың өзгеруге бейімделуін білдіреді (*жауғалы тұр, сынғалы тұр, естігелі жатыр*);

4) қалау мәнді күрделі етістік: сөйлеушінің бір істі қалауын яки қаламауын білдіруі (*көргісі келсе, шай ішкім келіп отыр*) [3, 63-72 б].

Шынында, *алып кел, айтып жүр, жеп қой* – бұлардың барлығында да істің бұйыра, талап ету ренкі басым. Ал бұл етістіктерді *ала кел, айта жүр, жейі гой* деп, бірінші сөздің жұрнағын өзгертіп айтсақ, беретін семантикасы да түгел өзгереді. Яғни, істің салғырт, немқұрайлы орындалуы көмекші етістікке де, тіркестің бірінші сыңарына да қатысты болмай қалады. Сөздің мағынасын өзгертіп тұрған элемент – жетекші сөзге жалғанатын жұрнақ.

Мысалы, ғалым келтірген тұжырым бойынша «қой» көмекші етістігін кесімді күрделі етістікпен де, босаң күрделі етістікпен де тіркестіріп көрейік: *қарап қой, қарай гой*. Ы. Мамановтың осы орайда аналитикалық күрделі етістікке қатысты жасаған жаңалығы – **аналитикалық форманың өзгеруі тек күрделі етістіктің ерекшелігі ғана емес, тіркестің тұтастай мағыналық қырының өзгеруі бірінші сөзге жалғанатын жұрнақ түріне де байланысты**. Әрі алғашқылардың бірі болып көмекші етістіктің тіркесу мүмкіндігі мен оның қандай жетекші етістікпен тіркесетінін ажыратқан:

Кесте 1 – Көмекші етістіктердің тіркесу мүмкіндігі

Сал	барлық сабақты етістікпен тіркесу мүмкіндігі бар; тіркес кезінде істің немқұрайлығын, салғырттығын білдіреді ( <i>айта салу, айтып салу</i> );
Қал	көп жағдайда салт етістікпен тіркесіп қолданылады, кесімді күрделі етістікті де, босаң күрделі етістікті де жасайды ( <i>алып қою, ала қою</i> );
Қой	кесімді күрделі етістік құрамында қимылдың аяқталғанын білдірсе ( <i>жеп қойды</i> ), босаң күрделі етістік құрамында тездік мағынасын береді ( <i>баса қойды</i> );

Ал	барлық етістікпен тіркес құрады: кесімді күрделі етістік құрамында істің аяқталғанын ( <i>жазып алу</i> ), босаң күрделі етістік құрамында істің орындалу-орындалмау қабілетін көрсетеді ( <i>жаза алу</i> );
Бер	күрделі етістіктің босаң түрі өнімді, қимылдың созылуын яки қайталануын білдіреді ( <i>отыра берді</i> ), кесімді күрделі етістіктің құрамында қимылдың аяқталған кейіпте біреу үшін орындалатынын білдіреді ( <i>айтып берді</i> );
Көр	барлық етістікпен тіркеседі: кесімді етістік құрамында байқау мағынасын ( <i>жеп көр</i> ), ал босаң күрделі етістік кезінде бұйрық рай формасында ғана жасалады әрі істің өтіне сөйлегендігін білдіреді ( <i>аша көрме</i> );
Біт, Таста, бол, жібер	Кесімді етістіктің ішінде, тіркес күйінде ғана кездеседі. <i>Таста мен жібер</i> етістіктері істің бірден орындайтынын ( <i>жұтып жіберу</i> ), <i>бол біт</i> етістіктері істің аяқталуын хабарлайды ( <i>жылап бітті, жасап болды</i> );
Баста, жазда	Босаң етістік құрамында ғана кездеседі. <i>Баста</i> етістігі істің басталуын ( <i>тыңдай бастау, жүре бастау</i> ), <i>жазда</i> көмекші етістігі «барып қалу» етістігімен тіркеседі де, эмоциялық мән үстейді ( <i>жылап жібере жаздау, құлап қала жаздау</i> ).

Кесімді күрделі етістік пен босаң күрделі етістіктің бір-бірінен басты ерекшелігі көсемше жұрнағының формасынан келіп туындайды. Бұл форманы бөліп ажырату А. Байтұрсынұлында да бар: «Үнемді көсемше – іс-әрекеттің ұзақ процесте орындалатынын көрсету мақсатында қолданылады. Мәселен, *көре бердім, көре бердің, көре берді*. Үнемсіз көсемше – ешқандай ұзақтықты білдірмей, істің бірден болатынын көрсету мақсатында алынады. Мәселен, *тыңдап болдым, тыңдап болдың, тыңдап болды*. Ниетті көсемше – адресанттың ниетін көрсету мақсатында жұмсалады. Мәселен, *кеткелі жатырмын, кеткелі жатырсың, кеткелі жатыр*» [1, 99 б]. Осыдан аналитикалық формалы етістіктің беретін мағынасының түбегейлі өзгеруіне себеп болатын басты нысанның бірі көсемше жұрнағы екені белгілі болды. А. Байтұрсынұлы көсемшенің уақыттың өту ұзақтығына сай «үнемді көсемше» және «үнемсіз көсемше» деп ажыратса, Ы. Маманов еңбегінде «-ып, -іп, -п» формасы арқылы жасалған етістік «кесімді күрделі етістік», ал «-а, -е, -й» жұрнағының көмегімен жасалған етістік «босаң күрделі етістік» деп беріледі [3, 145].

Осындай бөлініс А. Ысқақов еңбегінде де бар. Ғалым «Қазіргі қазақ тілі: морфология» еңбегінде «-п ал» мен «-й ал» аналитикалық форманттарын екеуара ажыратып берген. Бірінші формант істі орындаушы адам басқа іске көшпей, соны орындауды көрсету үшін қолданса (*көріп алды, суретке түсіріп алды, жасап алды, тыңдап алды*), ал екінші аналитикалық формант істің жүзеге асуы мен аспауын көрсету үшін жұмсалады (*жасай алды, тыңдай алды, көре алды, қарай алды*).

Сол сияқты А. Ысқақов «-п бер» мен «-й бер» тіркестерін де салыстырған. Егер істің бөгде адам үшін істелінгенін көрсеткіміз келсе, «-п бер» аналитикалық

формантын қолдану керек (*шешіп бер, айтып бер, алдырып бер*). Керісінше, істің тоқтамай жүзеге асып жатқанын көрсету үшін «-й бер» формасын қолданған орынды (*тыңдай бер, жасай бер, ала бер*).

Бұл жерде де ғалым бір ғана көмекші етістікті жетекші сыңарға жалғанатын көсемше жұрнағымен салыстырып көрсетіп берген. Бір ғана көсемше жұрнағы түгел аналитикалық форманттың білдіретін мағынасын өзгертіп беруі мүмкін екенін дәлелдеген.

Істің берілу ұзақтығы мен өту сипатын А. Байтұрсынұлы бір ғана көсемшенің екі түрлі формасы арқылы ажыратып берсе, Ы. Маманов өзінің еңбегінде істің берілу мезгілі мен сыпатын одан әрі дамытып, күрделендіре түседі. Істің ұзақтығын, оның өту шегін тек аналитикалық формалы етістік бере алады. Қимылдың өту шегінің түрлілігіне байланысты екі үлкен топқа ажыратқан: созылық сыпат, аяқталған сыпат.

Төрт қалып етістігі (*отыр, жатыр, жүр, тұр*) арқылы тіркес жасаған қимыл-әрекет істің процесін, созыңқылық сипатын береді: *тыңдап отырады, тыңдап жатады, тыңдап жүр, тыңдап тұрады*. Бұл мысалдардың барлығында да әрекет иесі қимылды аяқтамаған. Мысалдардан «отыр» формасы арқылы жасалған аналитикалық форма істің сөйлеу мезетінде, «жатыр» мен «жүр» істің әлі бетпегенін әрі ұзақтау уақытты алатынын, ал «тұрады» қалып етістігі арқылы жасалған тіркес істің дағдылы түрде қайталанатынын білдіреді.

Аяқталған сыпат, керісінше, істің аяқталғанын, нақты біткенін көрсетеді. Істің аяқталғанын көрсету үшін *қал, бер, қой, ал, таста, біт, шық, бол, сал, кет, жібер* көмекші етістіктері жұмсалады. Бұлар контекстте беретін мағынасына сай жіктелген [3, 77 б]:

## Кесте 2 – Істің аяқталуын білдіретін көмекші етістіктер

Қой, шық, бол, біт	Қимылдың толық аяқталғанын көрсетеді: <i>Жалба-жұлба шибарқыт күртесі мен қожалақ ақ көйлегінің омырау түймелерін ағытып, бір жақ иығын ашып қойыпты</i> (М. Мағауин); <i>Ол өзімен бірге әлемнің сұлулығын ала шықты</i> (Д. Исабеков); <i>Өзінің жұмысын аяқтап болды, ешкімде шаруасы жоқ</i> (С. Мұқанов); Ол өзінің тапсырмасын орындап біткен, бірақ әлі де мазасынданып отыр.
Қал, кел, кет, жібер, сал	Қимылдың аяқталу шегінің белгілі жігермен әрі ешқандай ұзақ процессіз, бірден жүзеге асатынын көрсетеді: <i>Ол кідіріп, дағдарып қалды</i> (Д. Амантай); <i>Күшік екі құлағы салпыып алдына жетіп келді</i> (Д. Амантай); <i>Айтып-айтып кеткенімен, ешқандай пайда жоқ сияқты</i> (І. Есенберлин); <i>Жан-жағына қарамай тастап жіберді</i> (І. Есенберлин) <i>Қарап едім, ішінде бір сомдық жоқ, майдадан жиырма тиындық жалғыз-ақ мәнет көрінді, соны ұстата салдым</i> (Ш. Мұртаза).
Ал, бер, таста	Қандай да бір нәтижемен аяқталатынын білдіреді: <i>Қасқырды көре салып, айнала иіскеп, тінтіп шықты да, жалай алды</i> (М. Әуезов);

	<i>Атақ құмар, лақап құмардың сөзін қайталай береді (Ж. Аймауытов). Кідірмей, сұрамай, телефонды тастай салды (Д. Исабеков).</i>
--	--

Істің аяқталу фазасының өзі қолданылған көмекші етістікке де тікелей байланысты. Бір ғана көмекші етістікті өзгерту арқылы қимылдың толық аяқталуын (*жасап бітірді*) немесе істің тез жасалуын (*жасап кетті*) білдіруге болады. Ы.Мамановтың бұл ғылыми тұжырымы Қ.Кемеңгерұлының да, Н.Оралбаеваның да аналитикалық етістікке қатысты зерттеуінен көруге болады.

Қ.Кемеңгерұлы «Грамматика казахского языка» (оқулық) еңбегінде көмекші етістіктердің мағынасы, оның жұмсалымы туралы айтылған тұста істің болғанын және біткенін немесе, керісінше істің толықтай жүзеге асып бітпегенін, яғни сыпат тұрғысынан баяндалса, 2-оқулығында («Оқу құралы») көмекші етістік сөз табы тіркес құратын көсемше тұлғаларына көңіл бөледі де, көсемше тұлғасының жалпылай тіркес құрған кезде беретін, білдіретін, пайда болатын жаңа мағынаға әсеріні мен сондағы өзгерісін көрсеткен. Ғалым да Ы.Маманов көрсеткендей, етістіктің аналитикалық формантының бірінші сыңарына жалғанған көсемше жұрнағына байланысты істің өту фазасын екіге бөліп қарастырған [3, 37 б]. Оның ішінде төрт көмекші етістікті байланыстыра отырып, оның мағынасына да мән берген:

### Кесте 3 – Көмекші етістіктердің оқулықтардағы көрінісі

Көмекші етістік	«Грамматика казахского языка» еңбегі (1927 ж)	«Оқу құралы» (1928, 1929 ж)
ал	істің аяқталғанын білдіреді: <i>оқып алды, тауып алды, жеп алды;</i>	а) мүмкіндік (-а көсемшесі арқылы): <i>оқи алды, жасай алды, таба алды;</i> ә) істің айтушының әрекетіне сай жасалуы (-п көсемшесі арқылы): <i>тауып алды, жұлып алды;</i>
тұр	заттың күйін білдіріп, істің аяқталмағанынан хабар береді: <i>сөйлем тұрды, тыңдап тұрды;</i>	а) іс-әрекеттің уақытша созылуы: <i>жасап тұрдым;</i> ә) басқа іс аяқталғанша, уақытша жасалуы: <i>күтіп тұрды;</i>
қой	істің аяқталғанын білдіреді: <i>жасап қойды, әзірлеп қойды;</i>	а) алдын ала аяқталуы тиіс әрекет: <i>аяқтап қой;</i> ә) тез орындалатын әрекет: <i>жасап қой;</i> б) келісім беру: <i>бара қой, жасай қой;</i>

бер	іс-әрекеттің жалғасуы немесе заттың күйі: жүре бердім;	бағыт пен әрекеттің шешімі: а) аяқталғандық (адресанттың пайдасына қарай): <i>тігіп бер</i> ; б) аяқталмағандық: <i>жасай бер, жаза бер</i> ;
-----	--	---

О. Жұбай «Қазақ тіл білімінің қалыптасым, даму жолы» еңбегінде жазғандай, Қ. Кемеңгерұлы істің аяқталған, аяқталмағанын көсемшенің екі түрлі формасы арқылы берген. Бұл жерде екі оқулық салыстыра берілген. Екінші оқулықта («Оқу құралы») аналитикалық формант нақтылана түскен; бірнеше топтарға бөлініп, семантикалық тұрғыдан ажыратылған. Бірінші оқулықтағы ой одан әрі күрделеніп, адресант пен адресанттың екеуара байланысына да мән берілген.

Ғылыми айналымда «категория протекания действия» атты термин Ы.Маманов зерттеуінде «Сыпат категориясы», ал Н. Оралбаевада «Қимылдың өту сипаты категориясы» деген терминдік мәнге ие: «Бұл категория іс-әрекеттің қандай жағдайда, яғни қалай жүзеге асқаны, істің бастапқы қалпынан бастап бітуіне дейінгі өту үдерісін дәлдікпен сипаттап көрсете алады. Бір қимылдың жасалуы әрбір конкретті жағдайда түрліше өтеді» [4, 73 б]. Оған дейінгі талданған «айтып жіберді» мен «айта салды», «айтып қоя берді» мен «айтып қалды», «айта қалды» мен «айта берді» тіркесіндегі бірінші сөз өзгермегенімен, көсемше формасы мен көмекші етістіктің алмастырылуы арқылы түрлі мағына мен реңк пайда болған. Осыдан-ақ етістіктің аналитикалық формасы іс-әрекеттің жалпы өткенін яки келер шақта өтетінін ғана хабардар беріп қоймайды, істің өту мезетін дәл, нақты ажыратып беретіні дәлелденеді. Бұл – оған дейінгі талданған ғалымдардың барлығында бар тұжырым.

Н.Оралбаеваның еңбегінде келтірген жаңалық – қимылдың өту сипатын білдіретін мағынасына байланысты іштей екі жікке бөліп қарастыруы. Біріншісі – қимыл тәсілі. Қимыл тәсілінің өзінде «нәзік» ерекшелік бар, сол айырмашылықтарына байланысты бірнеше топқа ажыратқан [4, 86-103 б]:

Кесте 4 – Н.Оралбаева ажыратқан аналитикалық формант пен олардың беретін мағынасы

Атауы	Формасы	Білдіретін мағынасы
Қимылдың жасандылығын білдіретін аналитикалық формант	-ған бол	Іс-әрекетті жасамаса да, жасағандай етіп көрсету: <i>қалжыңдаған болды, көргендей болды, тыңдағандай болды</i> ;
жетімсіз қимылды білдіретін аналитикалық формант	-а жазда	іс-әрекетті жасауға ниеттеніп, кейде жартылай жасалып, аяғына жетпей тоқтауы: <i>құлай жаздады, ұйықтап қала жаздады, құлай жаздады</i> ;

іс-әрекеттің мақсаты мен оның бағытын көрсететін аналитикалық форманттар	-п ал, -п бер	-п ал – іс-әрекет иесінің қимылды өзі үшін жасауы: <i>үйреніп алды, тойып алды, көріп алды;</i> -п бер – іс-әрекет иесінің қимылды біреу үшін жасауы: <i>сипаттап бер, ұғындырып бер, айтып бер;</i>
іс-қимылдың айрықша ықыласпен орындалуын танытатын аналитикалық формант	-п бақ	қимылдың ынтамен жасалуын білдіреді: <i>шыдап бақты, асығып бақты;</i>
қимылдың немқұрайлы істелуін танытатын аналитикалық формант	-а сал, -а отыр, -е жүр	-а сал – қимылдың немқұрайлы өтуі, адресат пен адресант істің жасалуына баса назар аудармайды: <i>қоя сал, тыңдай сал, жасай сал;</i> -а отыр, -е жүр – қимылдың немқұрайлы немесе жол-жөнекей орындалуы: <i>көре отыр, біле жүр, жей отыр, ақылдаса отыр;</i>
әрекеттің ешқандай дайындықсыз, ойда-жоқта жасалуын танытанын аналитикалық формант	-а қал, -а кет, -а қой	-а қой – жеңіл, бірден орындалған әрекет: <i>бере қой, отыра ғой;</i> -а кет – істің өте жеңіл түрде жасалуы: <i>келісе кет, жата кет, теңей кет;</i> -а қал – істің шұғыл орындалуы: <i>тына қалды, елеңдей қалды;</i>
істің өте қысқа уақытта, бірақ батыл, жігермен жасалуын білдіретін формант	-п қал, -п жібер, -п түс, -п таста	-п таста – қимылдың батыл, нақты жасалуы: <i>жұлып таста, лақтырып таста;</i> -п жібер – тез, тиянақты орындалған әрекет: <i>жұлып жібер, айтып жібер;</i> -п түс – кенет жасалған әрекет: <i>қарғып түсті, құлап түсті;</i> -п қал – қимылдың қысқа ғана жасалуы: <i>қағып қал, итеріп қал;</i> -а түс – өте тез жасалған әрекет пен істің созылыңқылығын білдіруі: <i>айқаса түсті; шаншыла түсті;</i>
әрекеттің қарқынмен ерекше (күшпен)	-п кеп жібер, -п кеп қал	-п кеп жібер – қимылдың күш пен қарқынмен жасалуы: <i>тартып кеп жіберді;</i>

жасалуын білдіретін аналитикалық форманттар		-п кеп қал – күшпен жасалған әрекетті көрсету: <i>итеріп кеп қалды, сыйлап кеп қалды;</i>
әрекеттің бірнеше мәрте жасалуын, яғни қайталануын білдіретін аналитикалық формант	-е бер, -е түс	- е бер – қимыл созыңқылығы мен қайталанатындығы: <i>көбейе берді, сұрай берді, шайнай берді;</i> -е түс – қимыл күшеюі мен созылуы: <i>сұрлана түсті, өршелене түсті;</i>
Қимылдың жасалуына шек қойылуды білдіретін аналитикалық формант	-а тұр	Іске шек қоя отырып, оның өте тез уақыт аралығында жасалуы: <i>күте тұрды, оқи тұрды, отыра тұрды;</i>
Қимылдың жасалуының асығыссыздығын білдіретін аналитикалық формант	-а жатар	Істі жасайтын адамның асықпауы: <i>көрісе жатар, сөйлесе жатар, айта жатар;</i>
Қимылдың жасалуға бейім екенін танытатын формант	-ғалы жат, - ғалы тұр, - ғалы отыр, - ғалы жүр	Қимылдың жасау алдында дайындығын көрсетуі: <i>көшкелі тұр, ұйықтағалы жатыр, жасағалы жатыр, барғалы жатыр, естігелі тұр, жасағалы жүр, тыңдағалы отыр;</i>
істің қозғалыссыз, бірқалыпты күйден қозғалмалы, өзгермелі, динамикалы күйге ауысуын танытатын аналитикалық формант	-п қал	Қимылдың тұрақты қалыпқа көшуін білдіру: <i>тынып қалды, ойланып қалды, отырып қалды;</i>
Бір қимылдың соңынан ілесе екінші қимылдың жасалуын білдіретін аналитикалық формант	-е сала, -а салып	Бір қимылдың екінші қимылдың алдынан жасалуы: <i>айта салу, келе салу (Келе салып, іздеп кетті).</i>

Аналитикалық формалы етістіктердің білдіретін мағынасы нақты мәнмәтін деңгейінде ашылады. Мәселен, қимылдың қысқа, батыл жасалуын білдіретін аналитикалық форманттарды іштей салыстырып көрейік. Берілген аналитикалық форматтардың барлығына ортақ нәрсе – істің өте тез, қысқа мерзімде жасалуы. Бірақ өзара айырмашылықтары да бар. Біріншіден, «-п таста» формасы тек сабақты етістіктермен ғана тіркес түзеді. Ал «-п жібер» аналитикалық форманты сабақты етістікпен де, салт етістікпен де тіркесу мүмкіндігі бар әрі адамның психикалық процесімен байланысты жасалатын қимылды жиі білдіреді. Мысалы, *Келе сала, аңгімесін айтып отырғанда, тыңдаушысы күліп жіберді* (Ж. Аймауытов). Бұл сөйлемнен «күліп жіберу» тіркесі істің тез орындалғанын, сонымен қатар адам эмоциясының еріксіз сыртқа шығуын білдіріп тұр.

Ал «-п сал» формасы батылдықыпен қоса істің тиянақтылығын да білдіреді. Мәселен, *Ол қылқ еткізіп қағып салып, орнынан атып тұрды* (Ж. Аймауытов). Сөйлемдегі «қағып салды» тіркесіндегі лексикалық мағынаның өзі істің батылдығын білдіріп тұр.

«Сал» сөзі көптеген тұрақты тіркес құрамында кездеседі: *сұрау салу құлақ салу, асыр салу, дауысқа салу, құмалақ салу, , бас салу көз салу, дәм салу, айғай салу, күш салу, егін салу және т.б.* Ал бұл сөз «-а сал» формасымен келгенде мүлдем жаңа мағынаға ұласады. Мысалы, *Ол тезекті теріп жүрген кезінде адасып кетті, соны мен тауып алдым дей салыңыз* (Ж.Аймауытов). «-а сал» формасын Н.Оралбаева істің немқұрайлы жасалуын білдіретін аналитикалық формантқа жатқызған. Берілген мысал бойынша талдасақ, «деу» мен «дей салу» тіркесінің айырмашылығы – екіншісі әрекеттің әдейілеп жасалмай, жол-жөнекей орындалуы. Бұл аналитикалық формант – түркі тілдерінің ішінде тек қазақ тілінде кездеседі әрі сөз талғамай, жиі қолданылатын форма.

Соған қарамастан, А. Алтаева «Көмекші етістіктердің семантикасы» атты зерттеу еңбегінде «сал» көмекші етістігі істің орындау қарқынын білдіретін сөз есебінде қарастырған. Мысалы, *Бір күні балалардың ойнағанына бүйірім қызып, лөнбекшіп, ұйқым келмей, не де болса құдайдың салғанын көрермін деп, тұра сала ойынға мен де бардым* (Ж. Аймауытов). Бұл сөйлемде «сал» етістігімен кездескен екі мысал бар: *құдайдың салғаны, тұра сала*. Біріншісі тұрақты тіркеске айналып, «Алла Тағаланың маңдайға жазуы мен бергені» мағынасында қолданысқа енсе, екіншісі Н. Оралбаева көрсеткендей, істің немқұрайлығын емес, А. Алтаеваның тұжырымына көбірек келеді. Яғни, бұл сөйлемде немқұрайлықтан гөрі істің үдемелі түрде өтуі басым. **Осыдан нақты бөліп қарастырылған аналитикалық форманттың өзі контекстте әртүрлі мағынаға ие болатынын көреміз. Яғни, бір ғана форма түрліше мәнде жұмсала алады әрі әрбір аналитикалық форманттың беретін мағынасында біржақты қағидат жоқ.**

Н.Оралбаева аналитикалық форманттарды бөліп қарастыруда бірінші кезекте қимылдың тәсілін семантикалық тұрғыдан ажыратқан. Семантика тұрғысынан қимылдың берілу тәсілін түзетін аналитикалық формант қысқа я батыл, істің толық не жетімсіз, қарқынмен не статикалық қалыпта, созылуы не қайталануы сынды түрлі формада жұмсала алады.

Ғалым көрсеткен екінші түр – қимылдың даму сатысы: *-а баста* (істің жалпы басталуы: *кіре бастады, айта бастады*); *-а жөнел* (істің тез басталуы: *мақтай жөнелді*); *-п сала бер* (істің баяу басталуы: *қойып сала берді*); *-п жүре бер* (істің сәл тезірек басталуы: *өсіп жүре бер*); *-п қоя бер* (істің кенет басталуы: *шырылдап қоя берді*); *-п келе жат* (істің даму, жасалу үсті: *күліп келе жатты*); *-п бара жат* (істің процесінен хабардар беруі: *азайып бара жатты*); *-п бар* (істің дамуы мен өсуін білдіреді: *тұнишығып барады, қалып барады*); *-п кел* (істің дамуы: *жақсарып келді*); *-п жат* (процесс үстіндегі әрекет: *келе жатыр, апара жатыр*); *-п шық* (істің шегіне жетуі: *алып шық*); *-п кет* (істің аяқталуы мен бір сападан екінші сапаға ауысуы: *шығып кетті, меңгеріп кетті*); *-п бол* (қимылдың аяқталуы: *жайылып болды*); *-п біт* (істің шегіне жетуі: *жасап бітті, тыңдап*

*бітті*); *-п қой* (аяқталған қимыл: *біліп қой, жасап қой*); *-п қал* (істің бітуі не бітуге жақын қалғаны: *тоқтап қалды, сілкініп қалды*); *-п болып қалды* (аяқталмаған, сонда да аяқталуға жақын әрекет: *жасап болып қалды*) [4, 103-117 б]. Бұл формалардың көбі (*-а баста, -а жөнел* аналитикалық форманттарынан бөлек) көсемшенің «-п» жұрнағы арқылы жасалған.

А.Алтаева *жазда, баста, жөнел* көмекші етістіктері көсемшенің «-а», «-й», «-е» жұрнақтарымен ғана тіркесетінін жазады. Кейбір жазушылардың өзіндік стилі болмаса, тілде «-п» жұрнағымен қолданыс жоқтың қасы. Бұл жерде көсемшенің жұрнағы ғана емес, істің басталуы не оның белгілі бір фазада өтуін білдіріп тұрған элемент – «баста» сыңары. Қазақ әдеби сөздігінде «баста» сөзіне осындай анықтама берілген: «ет. Бір нәрсенің іске қосылуы, шараның қолға алынуы» [7, 744 б].

Істің статикадан динамикаға өтуі «баста» сөзінің лексикалық мағынасынан-ақ танылады. Ал оған «-а» көсемшесінің жұрнағы жалғануы нақты істің қозғалысқа түсуінен хабардар береді. Мысалы, *Солай болғаны-ақ жақсы еді, бірақ шал әңгімені бөтен тараптан бастады* (М.Мағауин). *Ол өзінің үй тапсырмасын жазып бастады. Сол кездегі уақыт жайлы жазып бастау ойында жүр. Балалардың қуанышын көргенде, жылап бастап еді, өзі сап тиылды.* Бірінші сөйлемде «бастады», ал екінші сөйлемде «жазып бастады» баяндауыштары берілген. Бірінші сөйлемде әңгіменің басталғаны туралы айтылса, екінші сөйлемде нақты істің, яғни қылықтарының көріне бастағаны туралы жазылған. «Көрінді» деп өзгертіп айтсақ, іс жедел өткен шақ формасында тұрып, толықтай аяқталып бітеді; ал «көріне бастады» етістіктің аналитикалық формасы әлі аяқталмаған, тек әрекеттің басталғанынан ғана хабар беріп тұрғанымен ерекшеленеді. Осылайша, аналитикалық форма арқылы істі нақты, дәл әрі детальді түрде бере аламыз.

Дәл солай «-п шық» немесе «-п кет», «-п біт» аналитикалық форманттарының көмекші етістіктерінде лексикалық мағынаның өзі істің аяқталу процесін көрсете алады. Мысалы, *Киініп, Ақбілекті қолынан тартып тұрғызып, қостан алып шықты* (Ж.Аймауытов). *Қолдары сылқ ете түсті, аяғы тайғанап кетті, сырғанап, түпсіз зынданға түсіп бара жатқандай көрінді* (Ж.Аймауытов). *Ой, Тыпаңның өткен замандағы істерін санап бітіре алмаспыз* (Ж.Аймауытов). Сөйлемдерде *алып шықты, тайғанап кетті, санап бітіру* етістіктің аналитикалық формалары берілген. Үшеуінде де іс аяқталған, біткен. Бірінші сөйлемдегі «алып шықты» формасын «алды» деп өзгертсек, Ақбілек пен оның қолынан ұстаған адам сол жерде қалар еді. Қарап тұрсақ, екі іс тұтастыққа ұласқан әрі қазақ тілінде, әсіресе, ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін тілдік бірлік ретінде қолданыстан түспеген: *жасап шық, тындырып шық, тамақ жеп шық, телефон соғып шық, қолынан ұстап шық және т.б.* «Шық» көмекші етістігі тіркес түзу барысында кейде тура мағынасын толықтай сақтаса, кейде сақтамай, істің тұтастай аяқталуын білдіреді (*тындырып шық*).

«Кет» көмекші етістігі тілде жиі қолданысқа ие. А.Алтаева бұл көмекші етістікті «бар», «кел» формаларымен бірге қарастырған: «*Кет, кел, бар* етістік сөз табының лексикалық мағыналары ұқсайды, яғни белгілі бір жақындық бар.

Бұл ұқсастық «қимылдың бағыты» деп аталады. Бұл семалардың ортақ мағынасы – «субъектінің, яғни істі жасаушы, тудырушының жасаған бағыты». *Кет пен кел* көмекші формалары өткен шақты білдіретін көсемше жалғанған жетекші етістікпен бірігіп келіп, істің нәтижесін танытатын мағынаны тудырады. *Кет* көмекші етістігі кейде енді ғана басталған қимыл-әрекетті білдіру мағынасында жұмсалады» [7, 75 б].

А.Алтаева тұжырымын салыстырмалы түрде қарастырсақ, біріншіден, «кет» көмекші етістігінің тіркесте беретін мағынасы – істің бағыты. Оған ғалым *ұшып кетті, жүріп кетті, іле кету, көрсетіп кетті* мысалдарын көрсеткен. Көмекші етістіктің лексикалық мағынасы істің бір объекіден екінші объектіге ауысуын білдіретіндіктен, тіркес құру кезінде де бағытты білдіруі заңды.

Ал бұл көмекші етістіктің тіркесте беретін екінші мағынасы – қимыл нәтижесі. Бұл туралы Н.Оралбаева да айтқан. Бұл жердегі айырмашылық – Н.Оралбаева аналитикалық форманттың беретін мағынасын көбіне жинақтап, мағынадан формаға қарай үйлестіріп берсе, А. Алтаева көмекші етістіктің жеке тұрғандағы беретін мағынасымен, яғни бастапқы семасымен байланыстыра келе, туынды мағынаға көшкен. Сол арқылы көбіне көмекші етістіктің өзінің беретін лексикалық мағынасына баса назар аударған. Алайда, кейде көмекші етістік өзінің алғашқы мағынасынан толық айырылып, тіркес құрамында тек грамматикалық мағына атқаруы мүмкін немесе жаңа мағына бере алады. Бұл – «кет» көмекші етістігінің үшінші қолданысы.

«Кет» көмекші етістігі кейде істің жаңа басталғанынан хабардар береді. Мысалы, *Енді біразда, әйелдердің жылауын баспақ болып, «Сүннатаны» мақамдап оқып кетті* (М. Әуезов). Бұл жерде «оқып кетті» тіркесі «оқи кетті» немесе «оқи жөнелді» аналитикалық формаларымен ұқсас. Үшеуінің де білдіретін мағыналары бір болғанымен, жасалу формалары әртүрлі.

Н.Оралбаева көмекші етістіктің білдіретін мағынасын бөліп қарастыруда көп жағдайда істің өту фазасымен, өту мезетімен байланыста қарастырса, А.Алтаеваның зерттеуіндегі ерекшелік – адамның эмоциясын білдіретін аналитикалық формаларға да тоқталғаны: «Субъектінің эмоциясын білдіретін экспрессив мағына – тіркестегі екі етістіктің мағынасынан тыс туындайды» [8, 78 б]. Оған дейін Ы.Маманов та адамның көңіл-күйін білдіре алатын көмекші етістіктің қатарына «жібер» сөзін жатқызған. Мысалы, *жылап жіберді, күрсініп жіберді, боздап жіберді, күліп жіберді*. Бұл тіркестердегі бірінші сыңардың өзі адамның эмоциясын білдіретін етістіктер, ал оған «жібер» көмекші етістігінің қосылуы арқылы субъектінің ішкі эмоциясын ұстамай, сыртқа шығаруын көрсетеді.

Одан бөлек «баста» көмекші етістігі де кейде адамның ішкі көңіл-күйінен хабардар береді. Мысалы, *қорқа бастады, қысыла бастады* тіркестерінде адамның ішкі эмоциясы білінеді. Бірақ эмоцияны білдіріп тұрған негізгі сөз – қорқу, қысылу. Ал, «баста» көмекші етістігі «ағару», «төгілу» (*ағара бастады, төгіле бастады*) сөздерімен тіркескен жағдайда істің басталуын білдіретін еді. Осыдан көмекші етістіктің атқаратын қызметі, білдіретін мағынасы, ауыспалы

не тура мағынасында қолданылуы тек өзіне, яғни көмекші етістікке ғана емес, оның алдында тұрған негізгі сөзге де телулі болмақ.

А.Алтаева қазақ тілінде көп зерттелген, әлі де зерттеуді талап ететін қалып етістіктеріне де тоқталған. Бұл етістіктердің басты ерекшелігі – жетекші қызметті де (*отыра салды*), көмекші етістік ретінде де қолданылуы (*жасап отырды*). Ғалым қалып етістіктерін басқа көмекші етістіктермен салыстыра келе, осындай тұжырымға келген: «Қалып етістіктері көмекшілік мағынасында қолданылғанда да, өзінің ең бастапқы, негізгі мағынасын – қалып мағынасынан айырылмай, ал басқа көмекші етістіктер тіркес құрған кезде, яғни көмекшілік қызметте өзінің бастапқы формасынан айырылады» [7, 81 б]. Яғни ғалым келтірген тұжырым бойынша оған дейінгі талданған *жасай бастады, лақтырып тастады, ұшып кетті* тіркестеріндегі екінші сыңар өзінің лексикалық мағынасынан толық айырылған. Бірақ барлық көмекші етістік Ы.Маманов жазғандай, тіркесіп келгенде өзінің біріншілік мағынасынан толық айырылмайтындары да бар.

Ал М.Оразов етістіктерді лексика-семантикалық ерекшеліктері бойынша топтау барысында таза қалыптық мәнді білдіретін етістерге *отыр, тұр, жатыр, жүр* іс-әрекет атауын көрсеткен. Ғалым бұл етістіктердің алты түрлі ерекшелігін атайды:

1) кей мезетте қалып етістік мәнінде, кей уақытта динамикалық қозғалыс (*қалаға жүр*) немесе амал-әрекет етістіктерінің мәнінде (*орныңнан тұр*) жұмсалады;

2) бірде жетекші (*жатып қалды*), бірде көмекші қызметте (*ойнап жүр*) жұмсалады;

3) басқа етістіктер жақ қосымшаларын түбір формасын тікелей қабылдамаса (*жұмысқа барамын*), қалып етістіктері жақ жалғауын тікелей қабылдай алады (*жұмысқа бара жатырмын*);

4) тұлғалық құрамы жағынан да бұл етістіктер басқа етістіктерден бөлініп жатады. Мысалы, басқа «толымды көмекші етістік» (қалып етістіктері емес) өзінің бастапқы түбір тұлға мағынасында тек қана II жақ бұйыра айтылған мәндегі райдың бұл формасымен сай келсе (сен кел, сен тұр, сен қой), қалып (жатыр, жүр, отыр, тұр) етістіктері, екінші жақтағы жақ бұйрық рай (*сен отыр, сен тұр, сен жүр*), сонымен қатар III жақ кезіндегі ашық рай формасымен (*ол отыр, ол тұр, ол жүр*) сәйкес келеді. Тек «жатыр» қалып етістігі ғана басқа қасиетке ие: II бұйрық рай формасында «жат» тұлғасында, III жақ рай формасында «жатыр» тұлғасында қолданылады;

5) «жатыр» формасынан басқа үш етістік те өзгелік етіс қосымшасын қабылдай алады (*тұрғыз, жүргіз, отырғыз*), басқа етістіктердің етіс қосымшаларын қабылдау мүмкіншілігі шектелмеген;

6) қалып етістіктері жетекші қызметте де (*отыра береді*), көмекшілік қызметінде де (*жазып отыр*) осы шақ мағынасын білдіре алады [8, 26-29 б].

Осылайша, қалып етістіктің басқа көмекші етістіктерге қарағанда анағұрлым өзгешілігі бар. Ол жетекші қызметте де, көмекшілік қызметте де тұрып, іс-әрекеттің бағытын (*менімен жүр, жүріп келеді*), ұзақтық процесін

(*оқып жүр, тыңдап отыр*) әрі субъектінің қалыбын (*орындап тұр, орындап отыр*) білдіре алады.

Одан бөлек, көмекші етістік ретінде қолданысқа түскен қалып етістіктің жетекші сыңарына жалғанған көсемше жұрнағының жалғануында да ерекшелік бар. А.Алтаева бұл ерекшеліктерін осылайша топтастырған [7, 82-84 б]:

Кесте 5 – А.Алтаеваның аналитикалық форманттарды топтастыруы [7, 82-84 б]:

-п жүр	Әрекет үстінде немесе іс-әрекетті жасаушы тұлғаның қатысуымен белгілі бір уақытта болатын қимылға тән мән: <i>қиналып жүр, жасап жүр, көрісіп жүр, алысып жүр.</i>
-й жүр	Іс-қимылдың жол-жөнекей орындалуы: <i>көз қырыңды сала жүр, оқи жүр.</i>
-п жатыр	Үздіксіз жүріп жатқан әрекет, кей жағдайда істің дағдылығы күйінің мағынасы: <i>жасап жатыр, оқып жатыр, кетіп жатыр.</i>
-п тұр	Бірқалыпты күй, дағдылы іс-әрекет: <i>құшақтап тұр, мөлдіреп тұр, жанып тұр.</i> Бұл аналитикалық форманттың беретін екінші мағынасы – экспрессиялық мән: <i>Сәдір бұларға әлі ызғарлы қарап тұр</i> (Ғ. Мүсірепов).
-а тұр	Әрекеттің уақытша тоқтауы не бір мезгілге дейін жүзеге аса беретінін білдіретін мән: <i>бола тұр, көре тұр, жасай тұр, тыңдай тұр.</i>
-п отыр	Ұзақ болатын қимыл не оның одан әрі жалғасуын білдіретін мағына: <i>оқып отыр, тыңдап отыр, көріп отыр.</i>
-а отыр	Жол-жөнекей жасалған әрекет: <i>айта отыр, жей отыр.</i> <i>Балам, басқа бұйымтайыңды айта отыр, – дейді</i> (ел ауызнан).
-ғалы жүр, жатыр, тұр	Іс-қимылдың процеске айналмас бұрынғы күйін көрсетіп атау үшін қолданылады: <i>жасағалы жүр, оқуға түскелі жүр, тамақ жасағалы тұр.</i> Бойжеткен қалыңдығым барғалы тұрғанда, қарап жатайын ба (Ж. Аймауытов).

Ғалымның әр аналитикалық форманттың беретін мағынасына берген тұжырымы басқа ғалымдарда түрліше көрініс тапқан. Мәселен, «-п отыр» форманты А. Алтаева істің ұзақ болатынын немесе одан әрі жалғасын табуын білдіретінін жазса (*оқып отыр*), Н. Оралбаева бұл аналитикалық форманттың нақ осы шақ жасайтынын айта келе, субъектінің хабарлап тұрған сәтте болып жатқанына назар аударады. Яғни бір ғана «отыр» формасының өзі істің ұзақтығын білдіру арқылы дәл осы сәтте көрініс тапқанымен ерекшеленеді.

Бірақ «*Өмірі байдан, күшіден қорлық-зорлық көріп келдім. Әлі де солардан көріп отырмын*» (Ж. Аймауытов) сөйлемін талдасақ, «көріп отырмын» етістіктің аналитикалық формасы істің дәл қазіргі уақытынан гөрі ұзақтық процесін білдіріп, әлі күнге дейін жалғасып келетін көрсетеді. Ал «*Медеужанға*

ұқсаған бет-аузы қожалақ таукеншік самаурынының сол жағында қызыл жиiek шыны аяқты төрт саусағының басымен шошайтып ұстап, Алтынай тепшіп, ащы шайын ұрттап отыр» сөйлеміндегі «ұрттап отыр» тіркесі істің сөйлеу сәтінде болып жатқанын танытады. Осыдан кейде «-п отыр» формасының өзі адресаттың мақсатына сай өзгере алатынын, әр контекстте түрліше мағынада қолданыла алатынын көрінеді.

Дәл солай А. Алтаева көрсеткен «-п тұр» формасы да әр уақыт істің бірқалыпты орындалатын білдірмейді. Көбіне Н. Оралбаева айтқандай, нақ осы шақ формасында тұрып, істің дәл қазір жасалып жатқандығынан хабардар береді. Мәселен, «басып тұрып» аналитикалық формасы істің статикаға көшкенін білдіреді. Өйткені «басу» деген жетекші сөз істің бірден орындалмайтынын әрі «тұр» қалып етістігінде статикалық күй басым екені көрінеді, соның негізінде дәл осы тіркес істің баяулағаны, бірқалыпты күйге көшкені анықталады. Алайда, бұл аналитикалық формант көбіне істің сөйлеу сәтінде болып жатқандығын көрсетуге жұмсалады. Бұл мысалда «көзімнің тартып тұрғаны» тіркесі істің сол сәтте жасалатындығын білдіріп тұр.

Ал М.Оразов «-ып тұр» аналитикалық формантына басқаша қарайды: «қимылдың осы шаққа тәндігін, негізгі етістіктегі іс-әрекеттің, қимылдың созылықлығын білдіреді. Мысалы, *Таң ерте чақта келді, көрді қим кіат бугуні алып турур (Оғызнама)*» [8, 71 б]. А.Алтаева бұл форманың бірқалыпты өтуін, кейде адамның эмоциясынан білдіретінін жазса, Н.Оралбаева бұл форманы нақ осы шақты жасайтын формант құрамына қосады, ал М.Оразов бұл аналитикалық формант созылықты білдіретінін жазады. Яғни, үш ғалымның келтірген үш мысалы да өздерінің тұжырымдарына келгенімен, таза контекстте алынған теориялық негіз тәжірибеде өзгеріп отырады: бірде аталмыш формант сөйлеу сәтінде орындалатынын (*көздің тартып тұрғаны*), бірде созылықты (*алып тұр*), енді бір уақытта істің статикасын көрсетеді (*басып тұр*). Лексика-семантикалық тұрғыдан біреуінде аздау не көптеу болғанымен, барлығында бар нәрсе – істің созылықлығы. Әрі бір ғана формант контекстте басқа сөзбен бірігіп, айтушының уәжіне сай прагматика тұрғысынан өзгеруі әдбен мүмкін.

Қалып етістіктері «е» көмекші етістігімен де жиі қолданысқа түседі. “Е” көмекші етістігінің сөздік мағынасы бүтіндей жоқ және ол жедел өткен шақ (*едім, едің, еді*) және өткен шақ есімше (*екен*) формаларымен ғана түрленеді де, етістіктің басқа формаларымен өзгермейді [3, 56 б]. Өзінің мағынасынан бүтіндей не жартылай жоғалтқан көмекші етістіктерді Ы. Маманов «мәнсіз көмекші етістіктер» деп атаған. Ал «-е» көмекші етістігін А. Байтұрсынұлы «іі көмекші етістік» деп атап, оның тікресте ешқандай лексикалық мағына атқармайтынын жазады [1, 123 б].

Тіл ғылымында аналитикалық форманттардың ішінде қалау райлы, модаль мағыналы форманттарды қарастырған ғалымдар да бар. Мәселен, Ы.Маманов қалау мәнді аналитикалық форманттар туралы, Н.Оралбаева модаль мағыналы аналитикалық форманттары туралы зерттеу жүргізген. Р. Әмір баяндауыштардың қай формада, қалай берілуіне байланысты «модальдық

баяндауыштар» деген модаль сөздер арқылы берілген баяндауыштарды аталмыш тақырыпқа біріктірген: «Модальдық категорияға кіріктірілген бұл формалар мына мазмұнда болып келеді: 1) іс-әрекетті болжау сипатында атауды білдіретін формалар (кіші болуы керек); 2) іс-әрекеттің субъектіне танылу сипатын білдіретін формалар (*алған – алған екен*); 3) іс-әрекетті жасанды ретте сипаттайтын формалар (*жасаған болды*); 4) іс-әрекетті, пікірді нанымсыз нұсқа сипатында білдіретін формалар (*алыпты-мыс*); 5) пікірді авторын таныта отырып білдіретін формалар» [9, 85 б], [10, 46 б].

Қимылдың жасанды ретінде көрсетуге арналған баяндауыш туралы оған дейін Н. Оралбаева да айтқан болатын. Ғалым істің жасандылығын білдіретін аналитикалық формантқа «-ған бол» формасын жатқызған. Бұл форма арқылы субъекті істі орындамаса да, орындағандай кейіп танытады: үйренгендей болды, айтқандай болды, жасағандай болды.

Ал нақты модальдық формасын білдіретін форманттарға Н. Оралбаева «-ғы кел», «-а біл», «-а ал» («-а алма») формаларын жатқызады:

1) -а ал (-а алма) – қимылдың орындалу я жасау мүмкіндігін білдіретін арнайы көрсеткіш. Бұл форманы қолдану арқылы адам белгілі бір әрекетті жасай алу не жасау алмау мүмкіндігінен хабардар береді. Мысалы, оқи алу, жаза алу, тыңдай алу, жауап бере алу;

2) -а біл – іс-әрекетті адамның жасай алатынынан хабардар береді: жаза білу, оқи білу, тыңдау білу, жауап бере білу;

3) -ғы кел – сөйлеуші тұрғысынан қимылға деген көзқарасты білдіреді: оқығысы келді, жазғысы келді, тыңдағысы келді, жауап бергісі келді;

Соңғы аналитикалық формантты Ы. Маманов «Қалау мәнді күрделі етістік» тақырыбында тарқатқан. Ғалым тұжырымынша, қалау мәнді күрделі етістік етістіктің барлық жіктелетін тұлғаларына негіз болып жұмсалады [3, 72 б]. Бұл күрделі етістік үш шақта, үш жақта да қолданысқа ие. Әрі сөйлеушінің ниетін, қалауын білдіретін жалғыз форма.

**Осылайша, етістіктің аналитикалық форманты ХХ ғасырдың өзінде қызу талқыланып, түрлі ғалымдардың тұжырымдарымен зерттеуге алынған. Әр ғалым аналитикалық форманттарды жеке жіктеуде бірінші формаларды жеке-жеке бөліп қарастырып, ортақ мағынасын талдауға көшсе, кейбірі контекстте білдіретін мағыналарды сұрыптай келе, қолданыста бар аналитикалық форманттарды көрсеткен. Ғалымдардың жасаған тұжырымдары бойынша контекстте кездескен етістіктің аналитикалық формаларын қарастырып, талдап көрейік: – *Бар, алып кет, қарғыс тигенді! – деп, Оспанның бетін бұрды да, итеріп қалды. Бала сүрініп құлай бергенде, атшабар да қармап көтере берді. Оспан дәл сол әкеден құтыла беруді күткендей атшабар енді көтеріп алғанда, үйдегінің бәріне естірте, арт жағынан жел шығарып, «тырқ» еткізді де кете барды. Майбасар Қаратайға көз тастап, бір езуін тартып, басын шайқады* (М. Әуезов).**

Сөйлемде *алып кет, итеріп қалды, сүрініп құлай бергенде, көтере берді, құтыла беру, көтеріп алғанда, кете барды* атты 7 аналитикалық форма бар. Бірінші аналитикалық форма – *алып кет*. «-п кет» аналитикалық формантын

құрайтын «кет» көмекші етістігі Ы. Маманов жіктеуінде сөйлеу барысында өзінің бастапқы лексикалық мағынасын кейде сақтайтын, кейде сақтамайтын формаға жатады. Ал бұл формант ғалым жіктеуінде кесімді күрделі етістік құрамына кіреді, яғни, іс нақты, дәл айтылған. Бұл аналитикалық формант туралы пікірді Н. Оралбаеваның да зерттеуінде кездестіреміз. Ғалым жіктеуінше «-п кет» форманты істің аяқталуы мен бір сападан екінші сапаға ауысуын білдіреді. А. Алтаева айтқандай, «кет» көмекші етістігі істің бағытын көрсетеді. Мәтін үзіндісінде «алып кет» формасындағы көмекші етістік бастапқы мағынасынан айырылмаған, сыртқа шығуын, бір жерден екінші жерге жылжуын бұйыра талап етіп тұр. Осылайша, үш ғалымның да пікірі контексттегі «алып кет» тіркесін толық ашып бере алған.

«Итеріп қалды» тіркесі «-п қалды» аналитикалық форманты арқылы жасалған. «Қал» көмекші етістігін Ы. Маманов көмекшілік қызметте жұмсалған кезде өзінің лексикалық мағынасын толық жоғалтқан сөздің қатарына жатқызған. «Итеріп қалды» тіркесінде «қалу» етістігінің лексикалық мағынасы сақталмаған. Н. Оралбаева айтқандай, іс-әрекет жедел түрде жасалған, өте тез аяқталған. «Итеру» мен «итеріп қалу»-дың басты айырмашылығы – екіншісінің абайсызда орындалуы.

«Сүрініп құлай бергенде» тіркесінде «-й бер» аналитикалық форманты бар. «-е (-а, -е, -й) бер» аналитикалық форманты Н. Оралбаева жіктемесінде істің созыңқылығын, қайталануын білдіреді. Бұл жерде қайталау емес, созыңқылық мән бар. Ал, керісінше «көтере берді» тіркесінде контекстсіз алып қарастырсақ, қайталама мәні үстем болар еді. Бірақ мәтіндегі ой бойынша субъекті құлаған жағдайда, атшабар ұстап қалды. Осы ұстап қалғанның мәні «көтере берді» аналитикалық формасы арқылы жеткізілген. Ол «көтерді» немесе «ұстап қалды» деген тіркестермен синоним болып, бір-бірінің орнын алмастыра алады. «Құтыла беру» тіркесінің жасалу жола да дәл сондай. Бұл тіркес Н. Оралбаева көрсеткендей, қайталама мағынасын нақты береді.

«Көтеріп алғанда» тіркесіндегі аналитикалық формант – «-іп ал». Бұл формант қимылдың бағыт-мақсатын танытады. Әрі Ы. Маманов көрсетуі бойынша істің белгілі бір нәтижесін көрсетеді. Нәтиже – адамды жоғары көтеру; бағыт та бар.

«Кете барды» тіркесі «-а бар» формасы арқылы жасалған. «Бар» көмекші етістігі Ы. Маманов көрсетуі бойынша көмекшілік қызметте келгенімен, өзінің лексикалық мағынасын жоймайды. Яғни, бағыт-бағдар сақталған. Әрі бұл тіркес істің ұзақтығын, созыңқылығын да білдіреді.

Осылайша, етістіктердің аналитикалық форманттарын ғалымдардың лексикалық-семантикалық тұрғысынан зерттеп қарастыруы тіл ғылымында көмекші етістіктердің табиғатын одан әрі аша түсіп, кең қырынан көрсете білді. Сонда да, бір ғалымнан табылған тұжырым екінші ғалымның зерттеуінде көрінбеген, алайда, контекст бойынша талдағанда, бәрі тұтасып, жинақталған. Мысалы, «-п кет» форманты жайлы Н. Оралбаева істің аяқталуын, бір сападан екінші сапаға көшуін білдірген. Яғни, ғалым әрекеттің динамикадан статикаға көшуіне баса мән берген. Керісінше, Ы. Маманов бұл форманттағы көмекші

етістікті қимылдың аяқталу шегін жігермен аяқталатынына назар аударған. Бірақ бұл формант әр уақытта да істің жігерлі аяқталуын білдірмейді. Мәселен, «алып кетті» тіркесінде ешқандай жігер жоқ. Ал А. Алтаева болса «кет» көмекші етістігінің өзінде семантикалық мән сақталатынын әрі оның әр уақыт бағытты білдіретінін жазады. Бірақ «қиналып кетті» тіркесінде бағыт та жоқ, соған қарамастан ұзақтық мән береді. Осылайша, әрбір аналитикалық формантты, біріншіден, сөйлеу кезінде немесе контекст бойынша талдай отырып, ортақ топқа ажыратуға болады. Бір ғана етістіктің аналитикалық форманты бірде ұзақтықты, бірде істің үдемелі өтуін, тіпті, кейде аяқталған істі ғана көрсете алады. Сол үшін де қазақ тіл білімінде аналитикалық формантты тек құрылымдық деңгейде ғана емес, функционалдық, яғни жұмсалымдық деңгейде де қарастырудың маңызы зор.

## **1.2 Аналитикалық форманттардың сөйлеу жағдаятындағы беретін мағыналары**

Аналитикалық форманттардың сөйлеу жағдаятындағы қызметі мен беретін мағыналарын ашып алмас бұрын «сөйлеу жағдаяты» түсінігіне қысқаша тоқталғанымыз жөн. Тілдің басты міндеттерінің бірі – адамдардың бір-бірімен хабар алмасуы немесе коммуникация. Адам өзінің ішкі сезімін, ойын, көңіл-күйін, белгілі бір нәрсеге көзқарасын сыртқа тіл арқылы, оның ішінде сөйлеу арқылы жеткізе алады. Тілді оған дейін қатаң заңдылығы бар, белгілі бір тұрақтылықты сақтайтын, өзгермейтін жүйе ретінде зерттеп қарастырған болса, XX ғасырдың соңынан бастап ғалымдар тілді адамзатты зерттейтін құрал ретінде танып, оның өзгермелі құбылысын басты назарға аудара бастайды. Тілдегі жеке тармақталған саланы біртұтас сөйлеу кезінде зерттейтін ғылымның жаңа бағыты – функционалды грамматика.

Кей ғалымдардың жіктемесі бойынша бұл тіл білімінің саласы «Жұмсалымды грамматика» деп аталып жүр. Жұмсалымды грамматиканың дәстүрлі грамматикадан басты айырымын Б. Қапалбек «Жұмсалымды грамматика» еңбегінде қарастырған: «Дәстүрлі грамматика сөйлемнің тұлғалық құрылымын талдаса, жұмсалымды грамматика сол құрылымдардың сөйлеу кезіндегі актуальиациялануын қарастырады. Біздің ойымызша, тіл сөйлеуден туындайтыны сияқты сөйлем де сөйлемнінен туындайды. Ал сөйленім – тілді қолданудың динамикалық көрінісі» [11, 48 б]. Осылайша, ғалым нақты жүйеленген құрылымдардың сөйлеу кезінде жұмсалымын жаңа сала етіп алады да, «тіл» мен «сөйлеу» атты екі терминдік бірлікті ажыратып көрсетеді. Тілдегі барлық жинақталған теориялық білім тілде көрініс тапса, адамның сол жиынтықтан өзіне керегін алуы жұмсалымды немесе функционалды грамматикада көрініс табады.

Дәстүрлі грамматикада көрініс табатын грамматикалық форма, категория және түрлі тілдік бірліктер сөйлеу кезінде жеке тілдік бірлікке ажыратылмайды, керісінде тұтастықта зерттеледі де, бірнеше элемент бірігіп келіп, тұтас бір мағынаға ие болады. Мәселен, «сөйлеп тұр», «сөйлеп жатыр», «сөйлесе тұр», «сөйлесіп тұр», «сөйлесіп келе жатыр» тіркестерінің бәріне ортақ мағына – іс-

кимылдың сөйлеу сәтінде орындалуы. Дәстүрлі грамматикада әрбір жеке тіркесті етістіктің түрлі грамматикалық категориясымен байланыста қарастырып жіктесе, функционалды грамматикада бұл тіркестердің беретін мағынасы бір, дегенмен іштей ерекшеліктерін талдауда контексттік мағынасынан алып тарқатылады. Мысалы, «сөйлеп тұр» мен «сөйлесіп тұр» тіркесінің айырмашылығы контекстте нақты көрінеді: *Ақбілек көнетоз жасыл биқасап шапанын көзіне түсіре бүркеніп, белі бәкіше бүктетіліп, бас-аяғы кірпіше жиырылып, құнысып, жасы мөлдіреген, қара көзін жыпылықтатып, қара мұртқа анда-санда көз құйрығын жіберіп, таңдана үрейлене тыңдады; орыс сөйлеп тұр* (Ж. Аймауытов), *Шықса, көп орыс қос маңында топ-топ сөйлесіп тұр* (Ж. Аймауытов). Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, адам өз-өзімен, өзіне қарата айтып жатқанда «сөйлеп тұр», «сөйлеп жатыр» формаларын қолдану орынды, ал басқа адаммен тілдесіп жатқанда «сөйлесіп жатыр» деп өзгертіледі. Бірінші сөйлемде орыс көпшілікке қарата сөйлеп тұр. Ал екінші сөйлемде сол орыс бір-бірімен, топ-топ болып сөйлесіп жатыр. Яғни, бұл екі тіркестің айырмашылығы грамматикалық категория – етіс пен оның берілетін жұрнағы арқылы емес, лексикалық, қолданыстағы ерекшеліктен туындайды. Осыдан функционалды грамматиканың бір зерттеу аясы – мағынадан формаға қарайғы бағыты көрініс тапқан.

Біздің де қарастыратынымыз осы. Алдыңғы тақырыпшада ғалымдардың жіктемесінде көрсетілгендей, белгілі бір аналитикалық формантты бір ғана мағынаға шектеп қою дұрыс емес. Бір аналитикалық формант түрлі жағдаятқа сай түрлі мағынаға ие болып, түрленіп отыра алады. Әрі оның мағыналық өзгерісін тек жағдаят немесе сөйлеу кезінде көруге, ажыратуға болады. Ал сөйлеу кезінде белгілі бір аналитикалық форманың берудегі мағынасы қалай пайда болды деген сұраққа семантикалық категория мен әрбір халыққа тән ғаламның тілдік бейнесі арқылы жауап беруге болады.

Біріншіден, ұғымдық категория – ойлау мен тілді байланыстырушы дәнекер, олар логика мен психология категориялары, тілдік материалды байланыстырушы қызмет атқарады. Ұғымдық категория таным нәтижесінде қалыптасады, қоғам, табиғат адамзат баласына ортақ болғандықтан, дүниені танып білу – әмбебап құбылыс. Дүниенің концептуалды бейнесі жалпы халыққа ортақ ұғымдардың көрінісі болып алынса, дүниенің тілдік бейнесі әр халық тіліне өзінше бейнеленеді [12, 14 б].

Бұл келтірілген тұжырым О. Жұбай монография-еңбегінде одан әрі тарқатылған: «Тіл – ақиқат болмыстың бейнесі, адамның ғалам туралы білімінің қалыптасу және өмір сүру формасы. Тілде бейнеленіп, көрінісі тапқан болмысты адам тәжірибесінде айналдыра отырып бейнеленген, алынған ақпаратты жүйемен интерпретациялайды. Болмыс және адам туралы өңделген ақпарат – ғалам бейнесі. Ғалам бейнесі – адам дүниетанымының басты элементі. Оның өзіндік мазмұны бар: онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған. Яғни ғалам бейнесі – шынайы болмыс туралы адамның түсінігі. Адам игерген білімді, дүниетанымын тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Белгілі бір нәрсені білдіретін соған атау болған лексикалық бірліктер

реалийдің сөйлеуші санасында бар екенін ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар объективті әлемде олардың белгілі бір жүйеге түскенін көрсетеді, яғни ғаламның тілдік бейнесін көрсетеді. Сонымен ғаламның тілдік бейнесі – белгілі бір халықтың қоғамдық санасында болмыс туралы жүйеленген білімдер жиынтығы, ол – философия, әдебиет, мифологияда т.с.с. көрініс тапқан халықтың болмыс, тұрмыс, әлем туралы білімі, құндылықтар жүйесі, таным парадигмасы ретіндегі түсініктер жиынтығы» [13, 22-24 б].

Әрбір халықтың тілі сөйлеуі топтың дүниетанымын, өмірді қалай қабылдайтынын көрсетеді. Яғни тілдің мүмкіндігі – халықтың дүниетанымын, көзқарасын кодтау. Бұл дегеніміз – тіл білімінде көрініс табатын әрбір тілдік бірліктің пайда болуы мен оның қолдануының негізі бар. Әрі бұл негіз халықтың дүниетанымынан пайда болады. **Сол сияқты біздің зерттеу нысанымызға айналған – етістіктің аналитикалық форманты мен формасы қазақ халқының сөйлеу кезінде қимылға аса мән беретінін, сол арқылы істің орындалғанынан ғана хабар бермей, қалай орындалғанын да мән беретінін анықтаймыз.**

Қимылдың өту процесін дара етістік те бере алады: *Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына таянғанда алақ-жұлақ қаранды да, тоқтады. Тау бетінен аңдағайлап жатағына мал келді. Ақбілектің бұл дерті ұлғайды. Әйнектің тарам-тарам қырауы табандығына тырс-тырс тамады. Соңғы күндері неге екенін қайдам, Ақбілек күйеуін көп ойлайтын күйге ұшырады (Ж.Аймауытов). Әуелде қосымша дәрістер оқитынмын. Арасында әңгімелесеміз. Көп мағлұмат алдым, көп нәрсеге көз ашылды. Семинар, коллоквиум өткізудің ең ұтымды тәсілі табылды (М.Мағауин).*

Сөйлемдердегі *мінген, таянғанда, қаранды, тоқтады, келді, ұлғайды, тамады, ойлайтын, ұшырады, оқитынмын, әңгімелесеміз, алдым, табылды* етістіктері қимылдың өткен шақта болғанын білдіріп тұр. Әр етістіктің өзінің бастапқы мағынасында қолданып, ойды білдірудегі мақсатына жеткен. Бас аяғы артық сөз оралымдары жоқ, нақты қимылдың болғаны көрсетілген.

Енді келесі бір сөйлемдерге назар аударайық: *Сонымен, тіршілігіне риза, жүріп жатыр (М. Мағауин). Сол Алтайдың бөктерінде жам жолменен жандамайлап ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр бейсауыт. Аузында күбір-күбір «сүбіқан», аяғы жыбыр-жыбыр еңкең қағып, қораны орағытып бәйбіше келе жатыр еді, орыс алдынан тап болды. Атқа мініп кетеді, үйде болса келген кісілермен оңашаланып, сыбырласып жатқаны. Әйтеуір қазақ өз алдына ел болып жатқан жоқ. Елсіз тауда ерігіп жатқан өңшең еркек іші пысқан соң ермек, қызық керек қылмай тұра ма? Мен шабаланып қуып барса, қызды іздеген үлкен қара құлақ өзекте бұғып жатыр екен (Ж. Аймауытов).*

Келтірілген мысалдардың барлығында «-п жат» аналитикалық форманты мысалға алынған. Бұл мысалдардың барлығын әрекет күрделі, бір ғана статикалық күйді білдіріп тұрған жоқ. Сөйлемдерде «жүріп жатыр», «келе жатыр», «сыбырласып жатқаны», «ел болып жатқан жоқ», «ерігіп жатқан», «бұғып жатыр екен» аналитикалық формалары қимылдың созыңқылығын, оның аяқталмағанын білдіріп тұр. Бірі істің сол мезетте жалғасып жатқанын көрсетсе,

бірі (*ел болып жатқан жоқ*) жалпы істің аяқталмағанын, созыңқылығымен бірге ұзақтығын да білдіріп тұр.

Бір ғана іс-әрекет арқылы істің өзін ғана емес, оның қалай жүзеге асырылатынын, қысқалығын немесе ұзақтығын, қабаттаса немесе жанама, мақсатты түрде немесе жол-жөнекей орындалатынын көрсету үшін қазақ тіл білімінде етістіктің аналитикалық форманты қолданылады. Бұл аналитикалық форманттың мағынасы қолдану кезінде одан әрі ашылып, анықтала түспек. Бұл дегеніміз қазақ тілінде істің болғанын немесе жүзеге асырылатынын ғана көрсету аздық етеді, етістіктің аналитикалық форманты тіл білімінде істің қалай жүзеге асырылғанын, қаншалықты дәрежеде орындалғанын, мақсатты немесе салғырт формада жасалғанын анықтап береді. Бұл дәстүрлі грамматикада арнайы қарастырылмағанымен, функционалды грамматикада «аспектуалдық категория» деп аталып, қимылдың өту сипатынан хабардар береді.

Тіл білімінің бұл саласын арнайы зерттеген ғалым – М.Жолшаева. Өзінің еңбегінде аспектвалдық категорияның жасалуын келесідей тарқатып берген: «Қазақ тілінде аналитикалық форманттар аспектвалды сенматиканы жасауда белсенді рөл атқарады. Аналитикалық форманттар – аналитикалық формалы етістіктердің көрсеткіштері. Етістіктің аналитикалық формасы негізгі мағынаға ие етістіктің көсемше тұлғасына келуі мен көмекші етістіктің тіркесі арқылы жасалады. Көмекші етістіктер – тілдік жүйеде өзіндік орны бар және тілде белгілі бір қызмет атқаратын сөздер. Көп жағдайда аналитикалық форманттың бір сыңары ретінде танылып, сол арқылы қандай да бір грамматикалық категорияның көрсеткіші ретінде сипатталады. Олар жетекші етістіктің белгілі бір тұлғада келуін талап етеді, ал өздері сол жетекші етістікті мағыналық жағынан толықтырып, тұлғалық жағынан да аяқтап тұрады» [14, 116-119 б].

Аспектвалдық категориясын жасауда негізгі орталық өзегін аналитикалық формант құрайтыны анықталды. Оның өзін келесідей үш түрге жіктеп қарастырамыз:

1) көсемше тұлғаларының қайталанып келуі: -ып, -іп, -п көсемше жұрнақтарының қайталанып келуі (*осып-осып отыр; сарғая күтіп-күтіп шаршады*);

2) аналитикалық формалы етістіктің қайталануы: негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі арқылы жасалатын аналитикалық формалы етістіктердің бір сөйлем бойында қайталанып келуі (*көре беретін, көре беретін; айтып жатыр, айтып жатыр*);

3) аналитикалық форманттар [14, 227 б].

Біздің зерттеу нысанымыз дәл осы аналитикалық формантқа қатысты. Аналитикалық формант арқылы қимылдың түрлі өту мезеті анықталады. Іс-қимылдың өту кезеңі шартты түрде үшке бөліп алынған: қимылдың басталуы, қимылдың жасалуы, қимылдың аяқталуы мезеті. Ал өз ішінен келесідей бөлініске ие [14, 227-245 б]:

Кесте 6 – Аспектвалдық категорияның берілуі мен ерекшелігі

Мағынасы	Ерекшелігі	Аналитикалық формант
----------	------------	----------------------

Қимылдың ешқандай қосымша реңксіз жалпы басталуы	Істің нақты басталуын білдірсе де, жасалу қарқынымен ешқандай байланыс түзбейді.	-а баста: <i>оқи баста, тыңдай баста, жасай баста;</i> -п қоя бер: <i>жіберіп қоя бер, жасап қоя бер, жылап қоя бер</i>
Қимылдың бірден басталуы	Іс-әрекет еш кідірмей, бірден бастау алады.	-п сала бер: <i>түсі суып сала берді</i>
Қимылдың баяу басталуы	Іс-әрекет асықпай, сонымен қатар сапалық өзгерістің басталуын да қоса көрсетеді.	-а бер: <i>құлай берді, көзі алара берді</i>
Қимылдың кенеттен, қарқынмен және тез басталуы	Іс-әрекеттің басталуы жылдам әрі өте аз уақытты алады; адамның эмоциясынан хабардар береді.	-п жібер: <i>күліп жібер, жылап жібер, айқайлап жібер</i>
Қимылдың жасалу үстіндегі кезеңінің қосымша мағыналық реңксіз жалпы берілуі	Грамматикалық көрсеткіш өздері жалғанатын жетекші етістіктің мағынасына қарай жасалу мезетіндегі әрекеттерді түрлі қосымша реңктерімен қоса көрсетуі жағынан бір-бірінен ерекшеленеді.	-п бара жат (қозғалыс етістіктеріне тіркесіп келгенде жасалу үстіндегі әрекетті қосымша мағыналық реңксіз көрсетуі жетекші етістіктің лексикалық мағынасына байланысты): <i>қашып бара жатты; кетіп бара жатты, жүгіріп бара жатты.</i> -п барады (қозғалыс етістіктеріне тіркескенде ғана жасалу үстіндегі әрекетті қосымша мағыналық реңксіз көрсетеді): <i>безектеп барады, жылап барады;</i> -п жатыр: <i>жасап жатыр, ойнап жатыр;</i> -п тұр: <i>күліп тұр, жылап тұр, тыңдап тұр;</i> -п кел: <i>сөйлесіп келді, тыңдап келді;</i> -п барады: <i>тыңдап барады, әндетіп барады</i>
Жасалу үстіндегі	Жасалу үстіндегі қимылдың жалпы қайталануын береді.	-а бер: <i>қарай берді, ұйықтай берді</i>

қимылдың қайталануы		
Қимылдың аяқталу кезеңі	Түрлі грамматикалық көрсеткіштер қолданыс аясына сай істің аяқталуын түрлі деңгейде көрсетеді.	-п біт: <i>жасап біт, жазып біт, аяқтап біт;</i> -п өт: <i>сипап өт, соғып өт;</i> -п шық: <i>қарап шық, жазып шық, ойланып шық;</i> -п қал: <i>жұлқып қалды, итеріп қалды;</i> -п түс: <i>құлап түс, секіріп түс</i>
Қимылдың қалай аяқталғанын білдіруі	Өз ішінен бірден, тез жасалып, жалпы аяқталуы мен тез жасалғанымен, табиғи шегіне аяқталмай қалуын да білдіруі мүмкін.	-п бер: <i>ұрысып бер</i> -п таста: <i>аяқтап таста, жасап таста</i>
Қимылдың немқұрайлы өтуі	Іс-қимылды жасайтын субъект әрекетті немқұрайлы, салғырт орындайды.	-а сал: <i>жасай сал, істей сал, қоя сал;</i>
Қимылдың ойламаған жерден жеңіл жасалуы	Іс-әрекет алдын ала толық ойластырылмайды әрі келесі бір қимылмен қатар орындалуға ие.	-а кет: <i>басқара кет, аяқтай кет, ала кет;</i> -а қал: <i>ұйықтай қал, жабыса қал, әкете қал;</i>
Қимылдың бірден, тез жасалу тәсілі	Іс-әрекет бірден орындалады.	-й ал: -п сал: -а қой: <i>бара қой, жаза зой, тыңдай зой, әкете зой;</i> -п жібер: <i>қойып жібер, байлап жібер, түсіндіріп жібер;</i>

Бұл зерттеудегі басты ерекшелік – аналитикалық форма жасауға қатысатын жетекші сөздің де лексикалық мағынасының есепке алынуы. Мәселен, «-п бара жат» аналитикалық формант кез келген етістікпен тіркес құрып, қимылдың жасалу үстіндегі әрекетті білдірмеуі мүмкін. Ол үшін жетекші сөз де қозғалыс мәнді етістік болуы шарт. Бұл тұрғыдан әрбір етістіктің беретін лексика-семантикалық ерекшелігі де есепке алынады. Одан бөлек, әрбір грамматикалық форманы прагматикалық аспектіден қарастыру арқылы сөйлеу кезінде қолданысқа түскен әрбір аналитикалық форманттың мағынасы мен оның қолданыстағы ерекшелігі анығырақ танылатын болады.

Бір аналитикалық формант сөйлеу, яғни жағдаят кезінде түрлі реңкке ие болуы мүмкін. Бұл мән сөйлемдегі бір ғана аналитикалық формант арқылы берілмейді. Сөйлем жасауға қатысқан әрбір тілдік бірлік жымдаса келіп,

сөйлеушінің ойын дәл әрі барынша нақты жеткізуге қызмет етеді. Осылайша, аналитикалық формант бір сөйлемде созыңқылық мәнін ғана білдірсе, екінші бір сөйлемде созыңқылығымен бірге істің ұзақтығын да қатар беруі мүмкін. Бұның барлығы бір ғана сөйлеу жағдаятына байланысты.

Бұл тақырыпшада біз етістіктің аналитикалық формантын толықтай түсіну үшін жүйелеудің аздық ететінін дәлелдедік. Өйткені бір аналитикалық формантқа бір ғана мағыналық реңк беру жеткіліксіз. Ол жетекші етістікпен тіркесе келіп әртүрлі мағынаға ие бола алу мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндікті көрсетудің бірден-бір жолы – сөйлеу кезіндегі мағыналарын ашу. Істің созыңқылығы, оның үдемелі түрде өтетіні немесе дүркінділігі, қайталанатындығы – осылардың барлығы істің өту процесінен хабардар беретін болса, тіл білімінде істің өту процесі деген атқа ие аспектуалдық категориясы етістіктің аналитикалық форманты арқылы жасалып, түрлі мәнге ие болатынын танытады.

Алдағы тақырыпшада етістіктердің сөйлеу жағдаятында беретін мағынасы негізінде көмекші етістік, оның ішінде қалып етістіктерінің тіркес кезінде беретін мағыналарына толығырақ тоқталатын боламыз.

### **1.3 Грамматикалық формаларды прагматикалық аспектіден зерттеу ерекшеліктері**

Бұл тақырыпшада біз аналитикалық форманттарды прагматикалық аспект тұрғысынан қарастыратын боламыз. Оның ішінде істің созыңқылығын білдіретін *отыр, жатыр, тұр және жүр* қалып етістіктері аясында күрделі қимылдың жасалуы жолы мен оның беретін мағыналарына тоқталамыз. Біріншіден, қалып етістіктерінің созыңқылық мән беруін алғашқы болып көрсеткен ғалым – Ы.Маманов.

Құрылымды грамматикада іс-әрекеттің білдіретін мәнінен гөрі оның жасалу жолы мен құрылымына көбірек тоқталады. Бірақ Ы. Маманов алғашқы болып етістіктің сыпат категориясын ажыратып көрсетеді де, оның өзін екі түрлі жікке ажыратып береді: «Қимылдың ішкі өту шегін, ағымын білдіретін етістіктің формасын сыпат категориясы дейміз. Сыпат екіге бөлінеді: 1. Созылыңқы сыпат. 2. Аяқталған сыпат. Қимылдың ағымы процесс түрінде өтетіндігін білдіретін етістік формасы созылыңқы сыпатқа жатады. Созылыңқы сыпат көсемше формасының отыр, тұр, жатыр, жүр көмекші етістіктерімен тіркесу арқылы жасалады. Көсемше формадағы етістіктер негізгі сөздік мағынаға ие болып, көмеші етістіктер негізгі қимылдың созылыңқы процесс түрінде өтетіндігін білдіретін грамматикалық морфема болып саналады» [15, 73 б].

Осылайша, қазақ тілінде төрт қалып етістігі сыпат категориясын білдіре алатын көмекші етістікке жатады. Бұл дегеніміз – қалып етістіктері тіркескен сөз функционалды тіл білімінде аспектуалдық категориясын тудырады да, істің ұзақтығын білдіреді.

Қалып етістіктерінің басқа көмекші етістіктерден ерекшелігі аз емес. Біріншіден, қалып етістіктері жіктік жалғауының II және III жақтарында ешқандай жалғаусыз тіркесе алады (*сен тұр, ол жатыр*); тікелей жіктік

жалғауын қабылдайды (*ол көреді / ол жатыр*); үшіншіден, «еді» көмекші етістігімен тіркеседі де, күрделі өткен шақ формасын тудырады (*отыр едің, жүр еді*) [15, 71 б].

Қалып етістіктерінің басқа көмекші етістіктерден ерекшеленетін тұсы – осы. Одан бөлек, төрт қалып етістіктігінің беретін мағынасы да әртүрлі. Төртеуінің беретін созыңқылық дәрежесі де әртүрлі. Оны Ы. Маманов келесідей жіктеп көрсеткен: «*Отыр* көмекші етістігі көбіне өзінің лексикалық мағынасында қолданылады да, *тұр* көмекші етістігі кейде өзінің лексикалық мағынасын жойып, морфемалық қызмет атқарады. Табиғат құбылыстарына байланысты қимылдың созыңқылығын да *тұр* көмекші етістігі арқылы береміз; *жүр* көмекші етістігі ұзағырақ мерзім ішінде үзіліспен болып тұратын, не болып жатқан қимылды білдіреді. *Жатыр* көмекші етістігі – бұлардың ішінде ең көп қолданылатын және алдыңғы үшеуінің де орнына жүре алатын универсал етістік. Сонымен бірге бұл тар мерзім ішінде болып жатқан қимылды да, кең мерзім ішінде болып жатқан қимылды да білдіре алады. *Жатыр* көмекші етістігінің өзбек, ұйғыр тілдерінде қосымшаға айналып кеткендігі байқалады. Мысалы, қазақша *келе жатырмын* дегенді ұйғырша *келиватимән* десе, өзбекше *килиятибитмән* дейді» [15, 74-75 б].

Ғалым қалып етістіктерінің ішінде бірінші *отыр* көмекші етістігіне тоқталған. Ы. Маманов бұл етістіктің өзінің бастапқы мағынасында жұмсалатынын жазып кеткен. Ал М. Жолшаева өзінің еңбегінде *отыр* көмекші етістігі қозғалу мәнді, табиғат құбылыстарын сипаттайтын, дыбыс немесе сес етістіктерімен негізінен тіркеспейтінін, оның орнына амал-әрекет етістіктерімен тіркесетінін жазады [14, 130-131 б]. Екі ғалымға да тән ұқсастық – *отыр* көмекші етістігінің статикалық күйді білдіретіндіктен, негізінен мағыналық жағынан өзгеріске ұшырамайтындығы. Өзінің негізгі мағынасын сақтау негізінде амал-әрекет етістіктерімен тіркес түзеді.

Мысалы: *Бала шәкірт ұзап кеткенде бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді. Сені мен бізді манадан көріп отыр! Оны есінен шығармай, дұғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Талай жерден қарауыл қарап, желге тұмсығын төсеп, алыстан тартқан бір иіспен жүріп отырып, бір қыстаудың желкесінен келіп шықты. Жарысып, кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Тап беріп, қуып отырып, қалың омбыға әкеліп қамады. Бар аңшы артынан ілесе желе-текіректен шауып отырды. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр* (М.Әуезов).

Мысалдардың барлығында «отыр» етістігі көмекші қызмет атқарып тұр. Барлығында да көмекші етістік өзінің бастапқы мағынасын сақтаған. Дегенмен, бір сөйлемде істің ұзақтық мәні басым болса (*қарап отырып, тілеп отыратын*), келесі бір сөйлемдерде істің тез, шапшаң орындалғаны көрінеді (*озысып отырып, қуып отырып, шауып отырды*). Осыдан бір ғана аналитикалық формант сөйлемде түрлі мағынаға ие бола алады. Оған әсер ететін фактор – жетекші етістік. Өйткені «қарап отыру» деген бір ғана мысалды алып

қарастырсақ, бұл тіркесте жетекші қызмет атқарып отырған сөз – «қарау» сөзі. Бұл сөздің өзінде ұзақтық процесі бар. Ал бұл дара етістікке көмекші етістік қосылғанда, ұзақтық процесс одан әрі ұлғая түспек.

Ал «тілеп отыратын» мысалындағы ұзақтық процесін беретін негізгі элемент – «-атын» жұрнағы. Бұл жұрнақ сөйлеуші сәтке дейін болатындығымен қатар, ұзақ уақытта орындалғанын да танытады. Осылайша, істің ұзақтығы бір ғана жұрнақ арқылы нақты көрініс тапқан.

*Отыр* көмекші етістігі Ы. Маманов жазғандай, тіркес кезінде өзінің тура мағынасын жоғалтпайды. Сол себепті көп жағдайда аналитикалық формант істің отырып жасалғанын әрі басқа да тілдік бірліктер арқылы (жетекші етістік, көмекші етістікке жалғанатын жұрнақ) ұзақтық немесе шапшаңдық мән тудыруға болатынын анықтаймыз.

Келесі қарастыратын көмекші етістік – «тұр» етістігі. М. Жолшаева бұл етістікті қалып-сапа, дыбыс-сес және бейнелеу етістіктерімен тіркесуіне мысалдар келтірген: тұра тұр, жата тұр, үгіліп тұр, бақырайып тұр, қалш-қалш етіп тұр, ойлап тұр, дірілдеп тұр және т.б. [14, 138-139 б]. Ал Ы. Маманов бұл етістіктің тіркесімін қысқа ғана «табиғат құбылыстарына байланысты қимылдың созыңқылығын білдіреді» деп қысқа қайырған. Екі пікір де дұрыс деп пайымдаймыз. Өйткені «тұр» қалып етістігі «отыр»-ға қарағанда мағынасын сәл де болса өзгертуі мүмкін.

Біріншіден, *тұр* етістігі бірінші қалып етістігіне қарағанда ұзақтық процесін көбірек білдіреді: *Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпип, үдірейіп тұрып алады. Бір күні түсте Құрмаш Көксеректі тысқа алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадан шылапшының салдарын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді. Көксерек құйрығын артқы екі аяғының арасына тығып алып, аш белі бүгіліп, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып тұр еді* (М. Әуезов).

Берілген сөйлемдердің барлығында да *тұр* етістігі көмекші қызметін атқарып тұр. Одан бөлек, ұзақтық процесін білдіріп тұр. Яғни, бұл етістік өзінің бастапқы мағынасын кейде сақтайды, кейде сақтамай, істің ұзақтығын танытады.

Екіншіден, бұл етістіктің тіркесі жиілігі анағұрлым көбірек. Мәселен, *тұр* қалып етістігі эмоционалды (*қуанып тұр, жылап тұр, күліп тұр, сезініп тұр*), сөйлеу (*түсіндіріп тұр, айтып тұр, баяндап тұр*), табиғат құбылыстарына байланысты (*суілдеп тұр, жауып тұр, түсіп тұр, соғып тұр*), көру (*байқап тұр, көріп тұр*), ойлау (*ойлап тұр, ойланып тұр, болжап тұр*), дыбыс-сес, бейнелеу (*қимылдап тұр, билеп тұр, секеңдеп тұр, әндегіп тұр*) етістіктерімен тіркеседі.

Осыдан «тұр» қалып етістігі «отыр»-ға қарағанда тіркесу жиілігі де, білдіретін мәндері де көбірек екені анықталады.

«Жұр» қалып етістігі Ы. Маманов айтқандай, ұзағырақ мерзім ішінде үзіліспен болып тұратын, не болып жатқан қимылды білдіреді дейді де, келесідей мысал келтіреді: «Ол кезде Уәш техникумда оқып жүрген» [15, 74 б]. Бұл жердегі «оқып жүрген» аналитикалық формасы істің ұзақ, белгілі бір уақытты алатынын білдіреді.

*Жүр* көмекшілік қызметте келесідей жетекші етістіктермен тіркесу мүмкіндігіне ие: амал-әрекет (*жеп жүр, ойнап жүр, билеп жүр, ішіп жүр, құлатып жүр, салып жүр*), эмоционалды (*жылап жүр, қуанып жүр, таңданып жүр, күліп жүр, ренжіп жүр*), қарым-қатынас (*жақындасып жүр, шер тарқасып жүр, әңгімелесіп жүр, тыңдап жүр, сұрап жүр, амандасып жүр, сыйлап жүр, сыйласып жүр*), субъективті (*менсінбей жүр, қарамай жүр, баласынып жүр*), өсіп-өну (*өсіп жүр, жайқалып жүр*), қалып-сапа етістіктері (*көгеріп жүр, азарып жүр, толып жүр, қарайып жүр*) және т.б.

*Жүр* етістігінің көмекші қызметте атқаруы: *Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің қатындары әр алуан өсек те таратып жүрді. Кейбіреулер: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді» деседі. Сол көк саршұнақ пен қоянның көжесі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей болып алды. Даладағы қойға тигенде, әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп екіншісі шабады. Көксерек артынан іздеп жүріп, зорға табады. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен* (М. Әуезов).

Бұл сөйлемдердің барлығында да *жүр* етістігі ұзақтық процесін білдіріп тұр. Алдыңғы екі қалып етістігінен артықшылығы – одан әрі ұзақтықты білдіруі. «-п тұр» аналитикалық формантына қарағанда «-п жүр» немесе «-а жүр» біршама ұзақ болып жатқан әрекеттен хабардар беріп тұр.

Төртінші талданатын қалып етістігі – «жатыр» етістігі. «Жатыр» сөзі статиканы білдіргенімен, тіркес құру кезінде статикалық мағынасын жоғалтып, жаңа мәнге ие болады. Бұл етістікті Ы. Маманов «универсал етістік» деп атаған. Олай болуы заңды да. Өйткені кез келген етістікпен тіркесіп келеді де, ұзақтық мәнді де, сөйлеу сәтінде болып жатқан әрекетті де білдіре алады.

Бұл етістіктің түрлі формалығына Н. Оралбаева келесідей түсініктеме берген: «*Жат* көмекші етістігі тілде алты түрлі аналитикалық форманттың қалыптасуына негіз болған: *жат* көмекші етістіні көсемшенің -*n* жұрнағымен тіркеседі де, қимылды суреттеу категориясының -*n жат* көрсеткішін жасаған; -*n жат* формантына осы шақтың -*ыр* жұрнағының көнеруінен -*n жатыр* форманты жасалған, ол нақ осы шақтың көрсеткіші болып қалыптасқан; көсемшенің -*a* жұрнағымен есімше түріндегі жаты етістігі (*жатар*) тіркесіп, қимылдың асығыссыздығын білдіретін қимылды сипаттау категориясының -*a жатар* формантын жасаған; көсемшенің -*галы* жұрнағы арқылы -*галы жат* форманты жасалған. Ол қимылды сипаттау категориясына жатады. -*n жат* формантының бар, кел етістіктерінен соң тіркесетін -*a жат* варианты бар, ол -*n кел*, -*n бар* формантымен бірігіп, тағы екі формант жасаған, олар: -*n бара жат*, -*n келе жат*» [16, 82 б].

Бұл көмекші етістік барлық етістік түрімен тіркесе алады. Бұның себебін М. Жолшаева «жатыр» етістігінің өзіндегі негізгі семалық мағынасымен байланыстырған. Өйткені «жатыр» сөзінің өзінде ұзақтық процесі бар, дәл сол себептен де бұл етістік, біріншіден, әмбебап мағынаға ие, екіншіден, тіркес түзген күннің өзіне ұзақтықты білдіре алады [14, 126 б].

«Жатыр» етістігінің барлық етістікпен тіркесетіні әрі бұл етістік түрі басқа көмекші етістіктерге қарағанда әмбебап мағынаға ие болатыны біз қарастырған

үш ғалымда да бар. Бұл етістік жалғанған жұрнағына байланысты істің сөйлеу сәтінде болып жатқанын да немесе жалпылай үдерістің болатынын да білдіре алады. Мәселен: *Ең соңғы туған екі күшік бауырын көтере алмай, тырбандап жатыр еді, енді оларды бауырына алып емізе бастады. Көксерек семіргенде, ірілеп өскенде – осындай даңқ, атақ ішінде семіріп, өсіп келе жатыр еді. Бұл қосылған топ жаңа ғана отардағы жылқыдан бір тайды жеп келе жатыр еді. Қан-жын басы-көздерін жауып, жота жүндері үрпін, естері шығып асап жатыр. Бірталайы төстерін қарға төсеп күтіп жатыр еді* (М. Әуезов).

Келтірілген мысалдарда *жатыр* етістігі көмекшілік қызметте тұр. Бірақ көмекші етістік болып «жатыр» сөзі алынғанымен, сөйлемдердің беретін мағынасында айырмашылық бар. Мысалы, «тырбандап жатыр» мен «өсіп келе жатыр еді» тіркестерін салыстырып көрейік. Бірінші тіркес істің ұзақтығын білдіргенімен, екінші тіркеске қарағанда анағұрлым қысқа. Өйткені екінші тіркестің жетекші сөзінің өзі ұзақтықты білдіретін сөз. Сол себепті жатыр етістігі тіркескен сөздердің барлығы да ұзақтықты білдіргенімен, араларындағы ұзақтық жиілігі немесе процестің өзі әртүрлі.

Одан бөлек, қалып етістіктерінің ішінде *жатыр* етістігіне қарағанда *тұр*, *отыр* немесе *жүр* өзінің алғашқы мағынасынан мүлдеп ажырап кетпеген. Іс-әрекет тұрып орындалған жағдайда «-п тұр», «-п отыр», қимыл отырып орындалғанда «-п отыр», «-а отыр» аналитикалық форманты қолданылады. Ал «жатыр» қалып етістігі өзінің біріншілік мағынасынан толық ажырап, істің өту процесінен хабардар береді.

Осыдан шығатын негізгі қорытынды: біріншіден, аналитикалық форманттарды бір ғана мағынаға шектеп қою мүмкін емес. Бір аналитикалық формант екі түрлі сөйлемде әртүрлі мағынаға немесе реңкке ие бола алады. Мәселен, «шауып отырды» мен «қарап отыр» тіркестерін жасауға қатысқан аналитикалық формант (-п отыр) бір болғанымен, білдіретін мағынасы әртүрлі. Біріншісінде қимыл тез, қарқынды, шапшаң орындалса, екіншісінде бұл аналитикалық формант істің ұзақтығын білдіреді. Осыдан аналитикалық форманттың беретін мағынасы тек өзіне ғана емес, жетекші етістікке де тікелей байланысты болатыны көрінеді. Ол – адресанттың белгілі бір етістікті қолданудағы ерекшелігі, өзінің прагматикасы.

Екіншіден, қалып етістіктері тіл білімінде нақ осы шақ формасын жасағанымен, барлық жағдайда аталмыш мағынаға ие болмауы мүмкін. Мәселен, «оқып жүр» мен «оқып тұр» тіркестерінің айырмашылығы – уақытында. Біріншісі істің жалпылай әрі ұзақ уақытта орындалатынын білдірсе, екінші тіркес істің сөйлеу сәтінде орындалатынын танытады. Сол үшін де біз аналитикалық форма мен аналитикалық формантты сөйлеу сәтімен немесе жағдаят негізінде қарастыруымыз керек. Сонда ғана әрбір аналитикалық форманттың беретін мағынасы толықтай ашылады.

Үшіншіден, етістіктің аналитикалық форманттарының прагматикалық ерекшелігін таныту үшін міндетті түрде функционалдықпен, прагматикалық аспекті тұрғысынан қарастыруымыз маңызды. Сонда ғана әрбір аналитикалық форманттың сөйлеу жағдаятындағы қызметі одан әрі анықтала түспек. Ал

прагматикалық ерекшелігін анықтау, белгілі бір аналитикалық форманттың сөйлемдегі мағынасын ашу үшін студенттің прагматикалық құзыреттілігін дамыту көзделеді. Бұл, ең алдымен тілдің жанды табиғатын сезінуге мүмкіндік береді. Дәл осы мақсатта келесі тарауда студенттің аналитикалық етістіктердің мағынасын бірден тануға үйретуге негіздейтін прагматикалық құзыреттілік туралы айтылатын болады.

## 2 СТУДЕНТТЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

### 2.1 Прагматикалық құзыреттілік ұғымына түсінік

Алдыңғы тарауда сөз болғандай аналитикалық формантты етістікті оқытудың ең басты шарты – оқушының бойынан прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру; соның негізінде дара етістік пен аналитикалық етістіктің бір-бірінен айырым белгілерін анықтай отырып, әрбір күрделі етістіктің мағынасын прагматикалық құзыреттілік негізінде ашып талдауға үйрету. Ал прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытудың жолын ашып алмас бұрын бұл терминдік мәнге жеке тоқталған жөн.

«Прагматика» термині өткен ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап кеңінен таныла бастады. Лингвистикадағы прагматиканың негізін қалаған П.Грайс прагматиканы сөйлеуші ойын жеткізуде белгілі бір тілдік бірлікті мақсатты түрде қолдануы деп белгілеген. Ғалымның бұл тұжырымын жалғастырған шәкірттерінің еңбектерінен де дәл осы идеялық жалғастық байқалады. Мәселен, Ю.С. Степенев прагматикаға қатысты келесідей анықтама берген: «Прагматика – сөйлеушінің не автордың коммуникативтік мақсатқа қол жеткізу мақсатында қолданылатын тілдік құрал мен тәсілдер жиынтығы. Ол тыңдаушы адамға ықпал ету, әсер ету сияқты прагматикалық міндетті орындау мақсатында қолданылады.» [17, 325-332 б]; Р.Шталнакер прагматикаға қатысты келесідей тұжырым береді: «Прагматика – тілді қолданатындарға байланысты зерттейтін ғылым» [18, 26 б]; Паррет прагматиканың контекстпен байланыстырады да, келесідей анықтама ұсынады: «Прагматика – мәнмәтінде тілді зерттейтін ғылым немесе тілдің құбылыс санатындағы мәнмәтін туралы ғылым» [19, 24 б]; Қ.Кенжеқанова прагматиканың сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы байланысқа құрылған нысан ретінде қарастырады да, келесідей тұжырым келтіреді: «Прагматика – адресанттың коммуникативтік ниетін жүзеге асыру мақсатында белгілі бір тілдік бірлік пен құрылымдардың ішінен жағдаятқа қатысын таңдап алып, адресат ниетіне, қабылдауына сай өзгерте алу формасы» [20, 25 б].

Ғалымдардың тұжырымдауы бойынша, «прагматика» термині адресант пен адресатқа тікелей қатысты. Әсіресе, адресанттың (айтушының) адресатқа (тыңдаушыға) әсер ету, өзінің ойын дәл, нақты жеткізу үшін мақсатты түрде қолданыс тапқан тілдік оралымдар мен бірліктер, күрделі ойды жеткізетін компоненттер – осының барлығы прагматика ұғымына қатысты. Бұл тілдік бірліктерді пайдалануда адресанттың белгілі бір мақсаты, мүддесі мен уәжі болады. Бұл да прагматикаға қатысты. Дәл осы ой Г.Зельдовичтің «Прагматика грамматикасы» еңбегінде кездеседі: «Например, чисто логически долгий-долгий путь не отличается от простого долгого пути, но неэкономный способ сообщения показывает, что путь необычно долог» [21, 8 б]. Мысалда берілгендей, автор мақсатты түрде «долгий-долгий путь» тіркесін алып тұр. Бұл қолданыстағы мақсат – жолдың өте ұзақ болғанын әдейілеп көрсету.

Прагматикаға қатысты көптеген ғалымдардың тұжырымдары бар. Әрі бұл тұжырымдар сан алуан әрі өте көп. Мәселен, «Языковая деятельность в аспекте лингвистической прагматики» еңбегінде «прагматика» түсінігін келесідей қарастырады: «Прагматика – мазмұнында көрініп тұрғандай, шынайы қозғалыс процесінде үнемі нақты әрі дәл бола бермейтіндей ұғым. Соған қарамастан, прагматика – нақты шегарасы бекітілмеген, тілдің зерттеудің кең әрі күрделі саласы. Ол тілдің барлық деңгейіне енеді, барлық деңгейінде көрініс табады. Әрі тілдік бірлік пен құбылыстарды функционалдық, коммуникативтік тұрғыдан қарастыруға бейімделген. Прагматика – лингвистикамен ғана шектелмейтін, пәнаралық, бірнеше саланы байланыстырушы сипатқа ие тілдің жаңа салаларының бірі. Прагматиканың негізінде лингвистикалық бағыт та, тілдің философиясы да, психология да, әлеуметтану да, этнография да бір-бірімен байланыс құрады. Прагматикаға қызығушылықтың артуы мен көбеюі – әртүрлі сала адамдарының бір мақсат пен бір мүдде аясында тоғысып, бір-бірімен әрекеттесуіне үлкен рөл атқарады» [22, 13 б].

Сонымен, прагматика – тіл білімінің барлық саласын қамтитын үлкен арна. Ол теория мен тәжірибені бірге қарастырады. Сол арқылы басқа да әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланыста болады. Сөйлеуші өзінің жеткізер ойын дәл беру мақсатында түрлі тілдік бірліктерді алып қарастырады. Бұл тілдік бірліктердің дәл сол қалыпта қолдануда адресанттың мүддесі мен мақсаты бар. Осылайша, прагматика – айтушының өзінің ойын жеткізу мақсатында қолданылған тілдік бірліктердің беретін мағынасы мен оның қолданысын зерттейтін ғылым саласы.

Прагматика саласында контекстік семантика, мәтін лингвистикасы, референция теориясы мен сөйлеу актілерінің теориясы бір-бірімен тоғызып, тығыз байланысқа түседі. Бұл сала, тіпті, стилистика, социолингвистика сияқты басқа да салалармен тығыз байланыс құрайды [23, 2 б].

Ғылымның бұл саласы әртүрлі салалармен байланысса да, негізгі аспект сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік байланыс болып қалады. Айтушының ойын жеткізуде қолданатын сөзіндегі прагматиканы анықтау арқылы оның мәні толық ашыла түседі. Бұл туралы Л.А.Новиковтың келесідей пікірін келтіреміз: «Изучение отношения говорящих (пишущих) к знаниям, к их использованию, и исследование воздействия знаков на людей» [24, 36 б]. Демек, прагматикада сөйлеушінің сөзі тыңдаушыға арнайы бағытталғанынан ғана тұрмайды, кері әсер етуін талап етіледі.

Сөйлеуші тарапынан прагматика түрлі аспектіден қарастырылу тән. Бір ғана грамматикалық форма немесе лексикалық бірлік сөйлемдегі мағынаны толықтай өзгертуі мүмкін. Дәл сондай тілдік бірліктер әлем халықтарының тілдерінің барлығында кездеседі. Біздің зерттеу нысанымызға айналған аналитикалық формалы етістіктермен бұл теорияны салыстырмалы түрде алып қарастырсақ, адресанттың прагматикасы анықтала түспек. Мәселен, «Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты» деген сөйлемді мысалға алып қарастырайық. Бұл сөйлемді «Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа

*шықты*» десе, біріншіден, сөйлемдегі мағына өзгереді; екіншіден, ой толымсыз болып қалады. Өйткені сөйлемдегі «шықты» мен «алып шықты» етістіктерінің айырмасы бар. Іс-әрекетті тудырушы адам өзі ғана шықпай, бір затты не құбылысты бірге алып шығуы «-п шық» форманты арқылы жасалса, салт өзі шығуы дара етістік негізінде жасалады.

Бұл орайда прагматиканың қызметі туралы келесідей ғалым тұжырымын берген жөн: «Прагмалингвистика – нақты коммуникативтік жағдайда адамдардың тілді әлеуметтік әрекетпен қоса өзара ықпалдастық құрал ретінде қолданылып келуін арнайы қағдиат, постулат жүйесі негізінде зерттейтін тілдің жеке саласы. Прагмалингвистика адамдардың бір-бірімен сөйлеу кезіндегі мінез-құлқының өзіндік «грамматикасын» зерттеп қарастырады» [25, 5 б].

Осыдан прагматиканың, оның ішінде прагмалингвистиканың сөйлеу не сөйлесіммен байланысы анықталады. Сөйлеу кезінде қолданылатын тілдік бірліктер, оның қолданысы мен мағынасы дәл осы прагматикаға тікелей тиесілі. Сондықтан прагматиканы біз құрылымдық деңгеймен ғана қарастыра алмайтынымыз белгілі болды. Өйткені тілді қолдану кезінде адресант өзінің ойын ашық та айқын жеткізуі үшін белгілі бір сөздерді бір-бірімен байланыстыра отырып, сөйлем құрайды. Бірақ бұл сөйлемнің дұрыс жасалуы құрылымды грамматикаға тиесілі болса, оның мәні мен мағынасының сай келуі, анық ашылуы функционалдықпен тығыз байланысты. Сол себепті де И.П. Сусов айтқандай, прагмалингвистика – адамның қоғамдағы қарым-қатынасын айқындап, сөйлеу мінез-құлқын қалыптастыратын өзіндік грамматикалық құрылым.

Қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті – прагматиканың бір-бірінен ажырамас бөлігі. Прагматикалық сөйлеу әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал ету, әрекетке итеру ұғымдары жатады. Бұл ұғымдар қарым-қатынасқа қатысушы адамдардың, диалогқа қатысатын тұлғалардың мақсатынан туындайды. Демек, сөйлеу әрекетін тудыратын негізгі аспект – сөйлеушінің мақсаты. Жалпы қайсыбір сөйлесімнің прагматикасы болмасын, нақты жағдайдағы адамдардың қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анықтауды мақсат тұтады [26, 57 б].

Яғни сөйлеу әрекеті мен қарым-қатынас – прагматикалық талдаудың өзекті объектілері. Прагматикалық тілдік бірліктер адамның тіл арқылы ықпал ету, тыңдаушыны белгілі бір әрекетке бағыттау сияқты коммуникативтік ұмтылыстарын бейнелейді. Бұл үрдіс коммуниканттардың қарым-қатынасындағы интенциясымен, яғни сөйлеушінің прагматикалық мақсатымен тығыз байланысты болмақ. Осыған сәйкес, сөйлеу актісін талдау кезінде негізгі көңіл аудартатын тұс – сөйлеу ниеті мен нақты жағдаяттағы мақсат-міндет. Бұны келесідей пікірмен дәлелдемекпіз: «Коммуникативный аспект языка, ориентированный на исследование конечного итога – эффекта языковой коммуникации может быть назван прагматикой языка как его интегральная характеристика в плане взаимного воздействия коммуникантов в процессе общения» [27, 4 б].

Тілді коммуникативтік тұрғыдан зерттеп қарастыру – тілдік қарым-қатынастың негізгі нәтижесіне, яғни әсер ету тиімділігіне бағытталған. Осындай зерттеу тілдің прагматикалық қырын анықтай түседі. Бұл – коммуниканттар арасындағы өзара ықпалдастық пен сөйлеу арқылы әсер етуге бағытталған интегралды сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Келтірген ғалымдардың тұжырымдарынан, біріншіден, прагматиканың, оның ішінде прагмалингвистиканың мәні мен мағынасы ашылады. Екіншіден, прагматиканың біржақты процесс еместігі ажыратылады. Прагматика – екіжақты үдеріс нәтижесінде орындалатын тілдің жеке саласы. Оған тек сөйлеуші ғана қатысып қоймайды. Тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы қарым-қатынас үдерісі тікелей «прагматика» терминін анықтап береді.

Басқаша айтқанда, прагматика – адресанттың адресатқа бағыттала, қаратыла айтылған сөзінің мәнін анықтау мен ашу. Бұл екіжақты қарым-қатынас негізінде анықталады. Яғни коммуникация арқылы айтушының жеткізер ойының қаншалықты дәрежеде тыңдаушыға әсер еткенінен прагматикалық орындалғанын я орындалмағанын анықтауға болады. Бұл ой И.П. Суловтың келесідей тұжырымымен сабақтас: «Любой акт коммуникации – это речевое действие ради воздействия говорящего на слушающего, ради взаимодействия говорящего и слушающего в процессе предметно-практической и теоретико-познавательной деятельности. Текст – будь он по своей целеустановке собственно побудительным, вопросительным или повествовательным – имеет своей конечный целью обеспечить воздействие, то есть побуждение в широком смысле. На понятии речевого воздействия и должна, собственно говоря, базироваться прагмалингвистика как лингвистическая теория речевых актов» [28, 8 б].

Коммуникация әктісі – сөйлеушінің тыңдаушыға ықпал етуге, өзара әрекеттесуге бағытталатын сөйлеу әрекеті. Бұл әрекет тек тілдік қана емес, тәжірибелік және танымдық мақсаттармен де байланысты. Прагматикалық бағыттың қандай түрі болмасын (бұйрықтық, сұраулы, хабар), түпкі мақсаты ретінде тыңдаушыға әсер етуін алға тартамыз. Бұл сөйлеу ықпалы прагмалингвистиканың, яғни сөйлеу әктілері теориясының негізін құрайды.

Бірақ прагматиканы қарастырғанда, айтушының ойын ғана алып, оның мәні мен мағынасын талдаумен ғана шектелуге болмайды. Өйткені адамның ойының әрқилығы мен түрлі пікірдің сыртқа шығуының негізгі факторларының бірі – өмірді қабылдауы мен дүниетанымы: «Это означает, что при описании единичного речевого действия, во внимание принимаются не только типичные схемы организации внутреннего мира говорящего, но и типичные схемы организации внутреннего мира говорящего, иначе говоря представленный в его картина мира (индивидуальной по способу существования, но и социально и этнокультурно обусловленной!) набор познавательных структур» [29, 9 б].

Демек, жеке сөйлеу әрекетін сипаттауда тек адресанттың ішкі әлемінің типтік құрылымдары ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің танымдық процеске негізделген дүниетанымы да ескеріледі. Бұл дүниетаным бір қырынан жеке тұлғалық ерекшеліктермен сипатталса, екінші жағынан әлеуметтік және

этномәдени факторлармен де анықталмақ. Яғни сөйлеу актісі адресаттың когнитивтік тізбегін ғана емес, сол тізбектің қоғам мен мәдениет арқылы қалыптасуына да тәуелді болып келеді.

Ғалым өзінің бұл тұжырымын дәлелдеу мақсатында ағылшын тіліндегі өлеңді қазақ және орыс тілдеріне аудару арқылы қаншалықты дәрежеде автордың ойы сақталғаны мен сақталмағанын мысалдармен көрсеткен. Мәселен, ағылшын тіліндегі «... I cannot by the progress of the stars, give guess how near to day» тіркесін орыс және қазақ тілдеріне келесідей аударған: «... по звездам распознать не могу»; «... таңға қанша қалғанын жұлдызға қарап анықтай алмай тұрмын». Осылайша, ғалым көрсеткен бір ой үш тілде әртүрлі контекстте ажыратылады. Бұл дегеніміз – ойдың бір болғанымен, тілдегі көрінісі әртүрлі. Сол сияқты бір көрініс әртүрлі адамда түрліше әсер қалдырып, әртүрлі баяндалуы мүмкін. Сонда прагматиканың жеке әрі тұйықталған ғылым саласы еместігін, ең алдымен адресанттың ойын жеткізуде оның дүниетанымы мен қабылдауы да үлкен мән беретіні анықталады.

Осылайша, адресанттың қолданған тілдік бірліктерінің белгілі бір мағынасы, ондағы ойын прагматика саласы қарастыратыны белгілі болды. Бірақ біздегі мақсат – тек «прагматика» ұғымымен танысып қана қоймай, «прагматикалық құзыреттілік» термині негізінде аналитикалық формантты етістікті оқыту жолын анықтау.

А.В. Хуторская коммуникативті құзыреттілікке келесідей анықтама береді: «Коммуникативтік құзыреттілік сөйлем құру ережелерін білуге және осы ережелерді пайдаланып, қашан және жағдай қажет болған жағдайда байланысты емес нөлден бастап сөз тіркестерін құра білу. Коммуникативтік құзыреттілік бұл тұрғыдан алғанда негізінен бейімделу мәселесі болып есептеледі, ал ережелер генеративті емес, реттеуші және бағынышты» [30, 211 б].

Прагматикалық құзыреттілік деңгейінде, сапалы коммуникациялық қарым-қатынасты және ойды жеткілікті жеткізу мақсатында ойың айтылуы мен грамматикасы, сөздік қорын білу жеткіліксіз. Міндетті түрде тілдік қатынас ережелерін және мәлімдеменің көп деңгейлігін ескеру міндетті. Қолданылатын сөздердің тура және ауыспалы мағыналары мен сөздердің мәнмәтіндегі мағынасын, яғни сөйлеушінің осы сөздер арқылы айтқысы келетін мағыналарын ажырата білу керек. Прагматикалық құзыреттіліктің қалыптасуына мән берілмесе, онда оқушылар мен студенттер белгілі бір қарым-қатынас жағдайында қателіктер жіберілуі мүмкін. Сөйлеушілерге не жазушыларға өз ойын дәл жеткізе алмау прагматикалық қателіктерге әкеледі. Сөйлеу коммуникациясында дұрыс тілдік форма қолданылғанымен, коммуникативті жағдаятқа сай келмейтін, әңгімелесушінің лингвистикалық мәдени әдебін бұзатын болса, қандай да бір прагматикалық қателер болуы мүмкін деп есептелінеді [31, 4 б].

Жоғарыда берілген анықтамаларда көрсетілгендей, прагматикалық құзыреттілік айтушының ойының дұрыс әрі сауатты формада жетілуін қарастырады. Сөйлеушінің ойы дұрыс жеткізуінде тек сыртқы грамматикалық құрылымдардың дұрыс берілуі ғана жеткіліксіз. Ең алдымен, сөздердің бір-

бірімен тіркесімділігін, оның сөйлеу кезінде мағынасына сай қолданылуын прагматикалық құзыреттілік анықтап ажыратады.

Сөйлеу кезінде тілдің әрбір бірлігі жеке алып қарастырылмайды, керісінше жұмсалған әрбір тілдік бірлік бірігіп келіп, тұтас мағынаны ашуға қызмет етеді: «Формирование смысла текста происходит на основе не каждого отдельного слова, а всего текста как цельный в грамматическом и семантическом отношении структуры. Именно в силу этого анализ семантики текста представляет собой интерпретацию смысла, которая учитывает не только материальные ситуации общения, значения высказываний, вербальный контекст, но и цели общения и presupпозиции коммуникантов» [32, 19 б].

Мәнмәтін мағынасы жеке тілдік бірліктер (грамматикалық құрылым, лексикалық бірлік) емес, грамматикалық және семантикалық тұрғыдан тұтас құрылым ретінде мәтіннің өзі арқылы қалыптасады. Сол себепті мәтін семантикасын талдау – мағынаны интерпретациялау үлгісі; ол тек лексикалық мағына мен вербалды мәнмәтінді ғана емес, адресант пен адресаттың коммуникативтік мақсаты мен presupпозициясын (сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлесім алдында ортақ білім отырған немесе қабылдаған ақпараты) ескеру арқылы жүзеге асады: «Прагматическая целеустановка не только простой отбор необходимых фактов, но и подачу из в определенном ракурсе, то есть она вынуждает отправителя текста соответствующим образом организовать его и обуславливает композицию и характер языковых средств. Все эти факторы дает возможность уточнить функцию использованных отправителям текста языковых средств, то есть их роль в структуре текста» [33, 35 б].

Осылайша, прагматикалық мақсаттылық – қажетті ақпаратты сұрыптаудан ғана тұрмайды, белгілі бір көзқарас тұрғысынан ұсынуға бағытталған тілдік ұстаным. Осындай мақсат мәтін авторын тілдік бірліктерді белгілі бір құрылымда ұйымдастыруға итермелейді және мәтіннің композициялық құрылымын, тілдің құралдардың сипатын анықтайды. Осы факторлар мәтінде қолданылған тілдік бірліктердің қызметін нақтылауға, олардың мәтін ішіндегі құрылымдық рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Прагматика сөйлеуші мен тыңдаушы арасында жүретін әрекет түрі деп бағаласақ, прагматикалық құзыреттілік адамның әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде өз ойын барлық реңктермен дәл жеткізе алуы және өзге адамның ниетін дұрыс түсіну қабілеті болып шығады [34, 1 б]. Бұл орайда «прагматика» мен «прагматикалық құзыреттілік» терминдерінің ерекшелігі неде деген заңды сұрақ туындайды. Прагматикалық құзыреттілік – белгілі бір тілдің лингвистикалық ресурстарын белгілі бір түсініктерді жүзеге асыру үшін нақты тілде бар тілдік ресурстарды білу, сөйлеу әрекеттерінің ретті аспектілерін білу және сөйлеу әрекеттерінің дұрыс контекстік қолданылуын білу [33, 47 б]. Бұл дегеніміз – сөйлеушінің сөйлеп жатқан тіліндегі тілдік ресурстарды (тілдегі жеке сөздер, сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтел, аналитикалық етістікті тіркестер, шылау, одағай, жай сөйлем, құрмалас сөйлем және т.б.) білуі және оны мәнмәтінде орынды пайдалануы, адресатқа дұрыс жеткізе алуы.

Осы себептен прагматикалық құзыреттіліктің прагматикадан ауқымы кең екені танылады. Өйткені прагматикалық құзыреттілік толыққанды жүзеге асырылуы үшін адамның тілдік ресурстарды да білуі аса маңызды аспект ретінде алып қарастырылады. Онсыз бір адамның сөзі екінші бір адамға түсініксіз, жат болып қалу мүмкіндігі бар. Дәл осы ой С.В. Беспалованың тұжырымдамасында бар: «Прагматикалық құзыреттілік тілді ойлау үшін, ойлаудың құралы ретінде қарастырады да, оның нақты бір қалыптасу құралы ретіндегі қызметін түсінуге, үйренуге септігін тигізеді. Ең соңында, тілдің қолданылуы сөйлеу әрекетінің мазмұнына кірігіп, әр коммуникативтік актіге қатысушы арасындағы өзара әрекеттесу, байланысу, яғни коммуникация сәтті аяқталса, онда прагматикалық құзыреттілікте тілдің ең негізгі және бастапқы қызметі – коммуникативтік қызметін түсінуге көмегі зор» [35, 46 б].

Прагматикалық құзыреттіліктің өзі екі үлкен арнаға бөлінеді: біріншісі – тілдік құзыреттілік; екіншісі – коммуникативті құзыреттілік. Прагматикалық тілдік құзыреттілік грамматикалық құзыреттілікке негізделеді. Ол айтылымның ситуациялық өзектілігін, әлеуметтік-мәдени контекстін, ділі мен сөйлеушінің жасын, ұлтын, білімі мен әлеуметтік жағдайын, сөйлеу конвенцияларының орындылығын ескереді де, сөйлеу әрекеттерін барабар түсіндіруді қамтамасыз етеді.

Коммуникативті прагматикалық құзыреттілік – тілдік, пәндік, лингвистикалық, прагматикалық құзыреттілікті қамтитын бірнеше компоненттерден тұратын табиғи қарым-қатынас немесе арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінде алынған тұлғаның айрықша саласы. Прагматикалық құзыреттілік өзара әрекеттесу тізбектеріне сәйкесінше белгілі бір функционалдық мақсаттарға арналған тілдік құралдарды (іске асыру коммуникативтік қызметтері, сөйлеу әрекеттерінің генерациясы) қолдану қабілетін болжайды. Ол мыналарды қамтиды: дискурсивті құзыреттілік (мәлімдемелер құрастыру, оларды мәтінде біріктіру ережелері туралы білімі); функционалдық құзыреттілік (әртүрлі коммуникативті функцияларды орындауға арналған мәлімдемелер қолдану іскерлігі); сөйлеуді схемалық тұрғыда құрастыру құзыреттілігі. Сонымен қатар тақырыпты, белгілі жаңа ақпаратты, қарым-қатынас стилі мен регистрін, әңгімелесушіге әсер етуді және т.б. ескере отырып, сөйлемдерді біртұтас мәтінге біріктіру қабілеті кіреді. Сондай-ақ, сөйлеу жағдаяттарына бейімделу дәрежесі, диалогты жүргізе білу, мәлімдеме тақырыбының дамуы, мәлімдеменің тұтастығы мен үйлесімділігі аспектілерін де қамтитындығын бақылауға болады [36, 25 б].

Осылайша, коммуникативті-прагматикалық құзыреттілік – тілдік қатысым барысында белгілі бір прагматикалық мақсатты орындауға бағытталған күрделі құзырет жиынтығы. Ол адресанттың табиғи әрі ұйымдастырылған оқу жағдайында меңгеретін тілдік бірліктерді тиімді қолдануды білдіреді. Адресант өзінің сөзін дұрыс әрі өтімді жеткізу мақсатында дискурсивті құзыреттілікті де, функционалды құзыреттілікті де, сөйлеуді схемалық тұрғыда қарастыру құзыреттілігін де толықтай қамтып шығады. Осыған қатысты Гоффманның

келесідей түсіндірмесін келтіреміз: «... коммуникативті құзыреттілік сөйлем құру ережелерін білуге, осы ережелерді пайдаланып, қажет болғанда ғана емес, нөлден бастап сөз тіркестерін құра білуді қамтиды» [37, 25 б].

Прагматикалық құзыреттілік екі үлкен арна негізінде қалыптасып дамиды: прагматилингвистика; социалингвистика. Прагмалингвистикада алдында сөз болған адресант пен адресаттың сөйлеу кезіндегі бір-біріне қаратыла айтылған сұрақ-жауабы мен оның мәні мен прагматикасы алынса, социалингвистикада адресанттың сөйлеуіндегі қоғамдық, ұлттық ерекшеліктері, ділі мен дүниетанымы қарастырылып зерттеледі.

Прагматикалық құзыреттілікті толықтай меңгеру мақсатында адресант тек тілдік біліммен (грамматика мен лексика) шектеліп қала алмайды, сол білімді нақты коммуникациялық жағдайларда жылдам әрі орынды қолдана алатын дағдыны да қатар меңгеруі қажет. Тілді үйренушілер белгілі бір тілдік қызметтерді (амандасу, қол жаю) орындау үшін түрлі грамматикалық пен лексикалық құралдарды меңгеріп қана қоймайды, сол формаларды жағдаятқа сай қолдануды да үйренеді [38, 3 б].

Осылайша, прагматикалық құзыреттілік – өзара байланысты екі негізгі құрамдас бөліктен (прагмалингвистикалық және әлеуметтік-прагматикалық) құралған күрделі құбылыс. Прагмалингвистика тілдік бірліктер мен амал-тәсілдерді (жанама сөйлеу, модаль сөздер, сұрау, лепті сөйлемдер) қолдану арқылы айтылымды дұрыс құруды қамтиды әрі бұл құрамдас бөлік грамматикалық біліммен тығыз байланыстас. Ал әлеуметтік-прагматикалық құзыреттілік – әлеуметтік норма мен мәдени контекстке сай тілдік бірліктерді қолдану ережелерін қамтиды (кіммен, қандай жағдаятта қалай сөйлеу қажеттілігін қамтиды). Осы екі компонентті біріктіре отырып, тіл қолданушы өзінің тілдік мақсатына жету үшін сөйлеу жағдаятына лайықты формаларды сұрыптап, ең ұтымдысын қолдануы маңызды. Демек, прагматикалық құзыреттілік грамматика мен әлеуметтану салалары аралығында орналасқан әрі икемді, тілдік және мәдени мәнмәтінде бейімделетін қабілет ретінде қарастырылады.

Прагматикалық құзыреттіліктің бірнеше салаларды қамтуына қатысты зерттеулер жапон халықтарының арасында да кең танылған: «Прагматикалық құзыреттілік – теориялық және қолданбалы лингвистикамен қатар, оған жақын салалар үшін де маңызды зерттеу нысаны. Қазіргі уақытта когнитивті ғылымдар, әсіресе генеративті грамматика салсында (мысалы, Хомскийдің еңбектері) айтарлықтай даму үстінде. Жаңа грамматикалық модельдер прагматикалық құзыреттіліктің негізгі қасиеттерін, оның жұмыс істеу механизмдерін анықтауға жол ашады. Бұл мақсатқа жету үшін прагматикалық құзыреттілік туралы бұрыннан ұсынылған тұжырымдар, олардың грамматикалық әрі прагматикалық байланысын зерттеу қажеттілігі туындайды» [39, 3 б].

Прагматикалық құзыреттіліктің негізі – коммуникация, яғни адамдардың бір-бірімен тілдесуі. Өйткені тілдің грамматикалық категориясын тіл білімінде жеке қарастырып, талдасақ та, оның мағынасы, жұмсалымы тек сөйлеу кезінде ашылып танылмақ. Ойды нақты жеткізу барысында арнайы тілдік бірліктер, сөз

оралымдары қолданылады. Бұл сөз оралымдары барынша дұрыс жасалуына прагматикалық құзыреттілік жауап береді.

Прагматикалық құзыреттілік тілдік қолданысты дұрыс реттеуге көмектеседі. Тілдің жүйесін толыққанды түсінбейтін оқушы я студент аналитикалық формантты дұрыс қолданбаса, сөйлеуінде ақау туындайды. Бұл ақаудың туындауы прагматикалық құзыреттіліктің дұрыс орын алмауынан пайда болады. Осылайша, адресант өзінің ойын тыңдаушыға дәл жеткізу үшін прагматикалық құзыреттілікті білуі мен оны жете түсінуі маңызды болып шығады.

Прагматикалық құзыреттілік – адамның тілдік әрекетін нақты әлеуметтік және мәдени контексте орынды қолдану қабілеті. Бұл құзыреттілік адресанттың коммуникативтік ниетін нақты, тиімді жеткізумен қатар, қарсы тараптың, яғни адресанттың ниетін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Айтар ойдың жүйелі шығуы, оның жағдаятқа сай мақсатты түрде қолданылуы – осылардың барлығы прагматикалық құзыреттілікке қатысты негізгі факторлар.

Сөйлеуші ойын нақты әрі дәл жеткізу үшін тілдік бірліктерді біріктіре отырып, жүйелі сөз тіркесін, сөйлем, мәнмәтін құрастырып шығалы. Одан бөлек, бұл айтылған лебіз (сөйлесім) кімге, қашан, қалай және жалпы жағдаятқа сай қолданылуы талап етіледі. Сол кезде ғана адресанттың жеткізгісі келген ойы нақты ашыла түспек. Осылайша, прагматикалық құзыреттілікті меңгеруде тек құрылымды аспектімен ғана шектеліп қалу мүмкін емес. Ол когнитивті, әлеуметтік және мәдени қабілеттіктердің қиылысында пайда болатын күрделі дағды болмақ. Әрі прагматикалық құзыреттілік шынайы тілдік әрекет барысында, яғни сөйлеу сәтінде шешуші рөл атқарады.

Одан бөлек, прагматикалық құзыреттілікті дамыту негізінде білімгер тілдік жағдаятқа баға беруге, оған тікелей қатысуға; коммуникативтік мақсатқа жетудің тиімді жолдарын білуге; функционалды сауаттылықты қалыптастыруға үйренеді. Прагматикалық құзыреттілікті меңгеру – білімгердің тілдік қана емес, мәдени, әлеуметтік, тұлғалық дамуына тікелей ықпал ететін, заманауи білім беру талаптарына толық сай келетін кешенді үрдіс. Бұл құзыреттілік негізінде дұрыс сөйлеуге, ойын сауатты жеткізуге, кіммен, қалай, қайда сөйлеу керектігін түсініп, әртүрлі жағдаятқа сай тілдік бірліктерді қолдануға үйренеді.

## **2.2 Тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың жолдары**

Адам өзінің ойын нақты әрі дәл жеткізуі үшін прагматикалық құзыреттілікті білуі маңызды екені белгілі болды. Ендігі мәселе – тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру. Тілдің прагматикалық құзыреттілігін бірден қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені тіл – жанды құбылыс. Әр тілдің өзіндік жүйесі, ерекшелігі, тілдік бірліктерді қолданысындағы даралығы болады. Бұл ерекшелікті оқытуда құрылымды грамматикамен ғана шектеліп қою мүмкін емес. Алайда сөйлеушінің сөзі дұрыс форматта, өтімді әрі жүйелі шығуы мақсатында бірінші кезекте міндетті түрде лингвистикалық білім талап етіледі.

Бұл дегеніміз – тілдің жүйесіне қатысты сапалы білім алған оқушы ғана дұрыс сөйлеп, ойын сауатты жеткізе алады. Біздің тақырыбымыздың негізінде талдасақ, аналитикалық формалы етістікті күрделі етістіктен ажыратып, оның жасалу жолы мен қолданысын білген оқушы я студент тілдік қолданысында бұл алынған білімді коммуникацияда, яғни сөйлеуде қолдана алады.

Құзыреттілік – білімнің ең жоғарғы деңгейі [40, 145 б]. Оны кей ғалымдар «білім» терминімен шектеп қана қоймай, оны қолданумен де байланыстырған [41, 12 б]. Ал В.А. Болотов пен В.В. Сериков тілдегі құзыреттілікті функционалдыпен, яғни тілді тікелей қолданумен, оны жаратумен байланыстырған [42, 146-148 б]. Тіл білімінде құзыреттілік – қандай да бір мақсатта тілдегі білімді қолдану мен қолдану даярлығы: «Тілдік құзыреттілік – тілдегі жүйені, оның заңдылықтарын, ережелерін, тілдік бірліктерін білу. Тілдік құзыреттілік түрлі стильдік, жанрлық ерекшеліктерге ие байланысқан мәтіндерді қабылдау мен құрастыру дағдыларын, іскерліктерін қалыптастыруда ықпалы зор» [43, 26].

Бұл теориялық анықтамалардан құзыреттіліктің адамның өзінің білімі мен білігін тәжірибеде қолдану мүмкіндігі екендігі анықталады. Тілдік құзыреттіліктің келесідей түрлері бар: дикурстық, социоллингвистикалық, прагматикалық-функционалды, стратегиялық және т.б. Социоллингвистикалық құзыреттілік әлеуметтік салалардағы сөйлеу формаларын қолдануды зерттесе, прагматикалық-функционалды құзыреттілік сөйлеу актісінің мақсатын, сөйлеу ниетін ажыратып қолдануды қарастырады. Дискурстық құзыреттілікте мәтінге байланысты ұйымдастыру қабілетін, стратегиялық құзыреттілікте коммуникацияда қиындық туғандағы түзету, түсіндіру, синоним қолдану, ыммен жеткізу арқылы қарым-қатынасты жалғастыру қабілетін қарастырады.

Яғни бұл құзыреттіліктердің өзіндік айырым белгілері бар. Мәселен, социоллингвистикалық құзыреттілік тілдік бірліктерді әлеуметтік мәнмәтінде қарастырып береді. Бұл дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік ортаға сай тілдік бірліктерді, тілдік құрылымдарды қолдана алу қабілеті. Бұл құзыреттілік сөйлеу жағдайының ресмилігіне, стиліне, қатысушылар арасындағы әлеуметтік мәртебе айырмашылықтарына, іскерлігіне байланысты болады. Социоллингвистикалық құзыреттілікте сыртқы орта факторы да өте маңызды. Сыртқы факторлерге уақыт, мекен, қатысушылар саны, олардың сөйлеу жағдаятындағы рөлі есепке алынады. [44, 39 б].

Социоллингвистикалық құзыреттілігі дамыған адамдар бір-бірін түсінеді, конфликт жағдайына түспеуге әрекеттенеді. Әрі коммуникацияда қатысушылар өздерінің прагматикалық мақсаттарына жетуде мүмкіндігі мол.

Дискурсивті құзыреттілік – сөйлеу мен жазба кезінде мәтінді логикалық құрылымға келтіре отырып, мағыналық тұтастығын қамтамасыз етуі. Бұл құзыреттілікте формалды байланыс мен мағыналық байланыс үлкен рөлге ие. Дискурсивті құзыреттіліктің басты мақсаты – мәтін құруда дәйектілік, логикалық жүйелілікті сақтау. Яғни сол арқылы мәтінішілік мағынаға, құрылымдық байланыстарға мән беріледі [45, 78 б].

Бұл – жалпы коммуникативтік құзыреттіліктің ішінен кіретін бірден-бір басты компонент. Монолог, диалог, хат, мақала және басқа да мәтін түрлерін құруға бағытталған. Ойдың логикалық жүйеге сай берілуі, соған сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдану, әртүрлі типтегі мәтіндерді түсіну, қабылдаушының қабілетіне сай мәтіндерді түрлендіріп беру – дискурсивті құзыреттілікті құрайтын негізгі белгілер.

Құзыреттіліктің бұл түрі басқа коммуникативтік құзыреттілікпен тығыз байланысып жатады. Қарым-қатынас тиімді іске асуында дискурсивті құзыреттіліктің маңызы зор. Сол арқылы айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас жүйелі, бір-біріне түсінікті болып қалыптасады [46, 119 б].

Стратегиялық құзыреттілік – қарым-қатынас кезінде пайда болатын қиындықтардан қашып, тілдік құралдарды тиімді қолдану қабілеті. Бұл құзыреттілікке ым-ишараны дұрыс қолдану, қателерді түзету, адресант пен адресат арасындағы түсініспеушілікті болдырмау сияқты белгілер жатады. Коммуникация түрі, мақсатына сай стратегияны дұрыс пайдалануды мақсат етеді.

Адам өзінің ойын дұрыс жеткізу мақсатында ойын түрлендіріп жеткізу ақпараттың нақты берілуі мақсатында ым-ишараны қолдану, адресаттың түсінуі үшін керек жағдайда стратегияны жағдаят кезінде ауыстыру стратегиялық құзыреттілікті құрайды [47].

Прагматикалық-функционалдық құзыреттілік – тілдік бірліктерді қарым-қатынас мақсатына сай тиімді қолдану. Бұл құзыреттілік негізі адресант тыңдаушының не оқырманның ниетін, жасырын мағынасын түсінуден тұрады. Бұл құзыреттілік ниет пен мазмұн арасындағы прагматикалық қатынасты табуға бағытталған.


Прагматикалық құзыреттілікке тілді нақты жағдаятқа, адресат ниетіне, әлеуметтік-мәдени нормаға сай бейімдеу жатады [48, 89 б].

Осылайша, тілдік құзыреттіліктер бір-бірімен тығыз байланысты. Олар айтушы мен тыңдаушы арасындағы диалогтың дұрыс, жүйелі формада берілуін, тілдік құралдар мен бірліктерді мақсатына сай қолдануды, жағдаятқа сай тілді бейімдеуді, нақты мақсатқа жетуді қамтиды. Біз қарастырғандардың барлығы коммуникативтік құзыреттілікті құрайды. Құзыреттіліктің үлкен бөлімі – коммуникативтік құзыреттілік.



1-сурет. Құзыреттіліктің түрлері мен сипаттамасы

Коммуникативтік құзыреттілік – адамның өз коммуникативті қызметін тиімді орындау қабілеті [49, 22 б]. Бұл құзыреттіліктің мәні – айтушының сөйлеушіге бағытталған сөзінің дұрыс құрылуы; адресатқа түсінікті жеткізілуі. Бұл коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін лингвистикалық біліммен ғана шектелу мүмкін емес. Оқушы я студент алған білімін, теориялық ережесін сөйлеу кезінде дұрыс қолданып, тілдік бірліктерді бір-бірімен жүйелі байланыстырғанда ғана сөйлеушінің прагматикасы толық жүзеге асырылады да, ой ең дұрыс формада жарыққа шығады.



2-сурет. Коммуникативтік құзыреттілік белгілері

Коммуникативтік құзыреттілік – жалпы мәдениетті, оның жеке кәсіби қызметіндегі ерекше көріністерін синтездейтін интегралды қасиет [50, 29 б].

Адресант пен адресаттың арасындағы коммуникативтік байланыстың толыққанды әрі дұрыс формада ұйымдастырылуының шарты бар: «Коммуникация сәтті болуы үшін ақпараттың релеванттылығы (белгілі бір ақпараттың нақты жағдаятқа, мақсатқа сай келуі, маңыздылығы мен сәйкестігі), тілдік норманың сақталуы, адресаттың қабылдау мүмкіндіктері, ақпараттың түсініктілігі мен жүйелілігі маңызды. Коммуникативтік шарттылыққа әртүрлі прагматикалық нұсқалықтың актуалдануы жатады. Айталық, мәтіннің мақсаты коммуниканттарды иландыру болса, ол үшін мәтін ішінде факт аудиторияны шын, ақиқат, объективті дүниелерді танытуға, түсіндіруге итермелейді» [51, 17-22 б].

Коммуникативтік құзыреттілікте адам өзінің ойын еркін әрі түсінікті жеткізе алуы, оның мәдени нормаларды, этикалық ережелерді білуі мен түсінуі, қарым-қатынас құрып отырған адресаттың ниетін дұрыс ұғынуы, тыңдай білуі жатады. Бұл орайда Қ.Есенова ақпаратты қабылдау мен түсінуге қатысты келесідей пікір білдіреді: «Адамзат санасында кез келген форматтағы мәліметті қабылдау мен оны түсіну нәтижесінде белгілі бір формада білім қоры мен ақпарат қоры қалыптасады. Егер адресат, яғни ақпаратты қабылдаушы тұлға қандай да бір ұғым жайында алдын ала бір хабары болса, сол туралы білетін

болса, соған қатысты және сол туралы жаңа мәліметті жеңіл әрі терең түсінетін болады. Керісінше, егер адресат (оқырман не тыңдаушы да болуы мүмкін) өзіне тың, ешқандай хабары жоқ ақпаратты еститін я оқитын болса, адам кез келген мәтінді түсінуге әрекеттенеді әрі бұрынғы білім қорына сүйеніп, жаңа ақпаратты өзінше қорытын шығарады. Бұл құбылыс психоллингвистика саласында «аялық білім», «прессупозиция», «мәтінді интерпретациялау», «ауызша және жазба формадағы мәтінді қабылдау кезіндегі когнитивтік кедергілер» секілді ұғымдар негізінде қарастырылады. Мұндай танымдық процестер прагмаллингвистикалы зерттеулермен де тығыз байланыс орнатады. Прагмаллингвистикалық талдау кезінде мәтіндегі негізгі аспект автордық ұстанымы алынатын болса, психоллингвистикалық тұрғыда мәліметтің жазбаша мәтіндік символдық код арқылы берілуі болып сипатталады. Демек, адресат (ақпаратты қабылдайтын адам) бұл ақпараттық кодты ашу үшін бұрынғы бар білімімен қоса, жаңа ақпаратты қабылдауға күш жұмсайды әрі тура, астарлы мән мен мағынаны ұғынады. Бұл процесс толыққанды жүзеге асуы үшін сөйлеуші тұлғаның білім қоры, когнитивтік белсенділігі, коммуникативтік ниеті мен тілдік құзыреттілігі де үлкен рөл атқарады. Мәтінді қабылдау, оны өңдеу, түсіну әрі түсіндіру үдерістері прагматикалық ұстаным мен когнитивтік ресурстарды, психоллингвистикалық қабілеттерге де тығыз байланысты» [51, 23 б].

Ғалым адресант пен адресат арасындағы коммуникативтік құзыреттіліктің, прагматикалық мақсатын анық та дәл жеткізіп берген. Осылайша, реципиент өзінің аялық білімі негізінде жаңа ақпаратты қабылдайды; бұл өз кезегінде когнитивтік лингвистика мен психоллингвистиканың негізгі қағидасын қалыптастырады.

Бірақ бірінші тарауда сөз болғандай, бір аналитикалық формант әртүрлі мағына беруі мүмкін. Мәселен, бір ғана «-а (-а, -й, -е) бер» аналитикалық формантын алып қарастырайық. «Сүрініп құлай бергенде» тіркесінде «-й бер» аналитикалық форманты бар. «-е (-а, -е, -й) бер» аналитикалық форманты Н. Оралбаева жіктемесінде істің созыңқылығын, қайталануын білдіреді. Бұл жерде қайталау емес, созыңқылық мән бар. Ал керісінше «көтере берді» тіркесінде контекстсіз алып қарастырсақ, қайталама мәні үстем болар еді. Яғни бір ғана «-а (-е, -й, -а) бер» аналитикалық форманты істің созыңқылығын да, қайталау мәнді де беруі мүмкін. Бұл екі мәннің қайсысы актуалданып, қолданып тұрғанын білу үшін лингвистикалық білімнен бөлек, функционалдық білім қажет болады.

Немесе «-п кет» форманты негізінде талдап көрейік. Бұл аналитикалық етістік жайлы Н. Оралбаева істің аяқталуын, бір сападан екінші сапаға көшуін білдіретін аналитикалық формантқа жатқызған. Осылайша, ғалым әрекеттің динамикадан статикаға көшуіне баса мән берген. Керісінше, Ы. Маманов бұл форманттағы көмекші етістікті қимылдың аяқталу шегін жігермен аяқталатынына назар аударған. Бірақ бұл формант әр уақытта да істің жігерлі аяқталуын білдірмейді. Мәселен, «алып кетті» тіркесінде ешқандай жігер жоқ. Ал А. Алтаева болса «кет» көмекші етістігінің өзінде семантикалық мән сақталатынын әрі оның әр уақыт бағытты білдіретінін жазады. Бірақ «қиналып кетті» тіркесінде бағыт та жоқ, соған қарамастан ұзақтық мән береді. Осыдан

шығатын түйінді: әрбір аналитикалық формантты сөйлеу кезінде немесе контекст бойынша талдай отырып, ортақ топқа ажыратуға болады. Бір ғана етістіктің аналитикалық форманты бірде ұзақтықты, бірде істің үдемелі өтуін, тіпті, кейде аяқталған істі ғана көрсете алады. Сол үшін де қазақ тіл білімінде аналитикалық формантты тек құрылымдық деңгейде ғана емес, функционалдық, яғни жұмсалымдық деңгейде де қарастырудың маңызы зор.

Жұмсалымды грамматика туралы ой бірінші тарауда да айтылды. Біздің қарастыратынымыз – жұмсалымды грамматиканың негізінде оқушы я студентті аналитикалық форманттың сыртқы формасы мен әртүрлі қызметін таныстырып қана қою емес, керісінше аналитикалық форманттың беретін мағыналарының ішінде белгілі бір жағдаятқа қатысты не сөйлеу кезінде қажеттісін таңдап алуға үйрету немесе мәтінде бірнеше мағынаның ішінен актуалданған мағынасын тани алуға көмектесу. Бұл – таза прагматикалық құзыреттілік мәселесі.

**Біріншіден**, оқушы прагматикалық құзыреттілік негізінде аналитикалық формалы етістіктің актуалданған мағынасын бірден әрі дұрыс тани алуы үшін, ең алдымен етістік, етістіктің категориялары, дара және күрделі етістік, аналитикалық етістік пен формант туралы білімі болуы қажет деген тоқтамға келдік. Бірінші кезекте оқушы я студентте аналитикалық форма мен форманттың мәні, қолданысы, оның ерекшеліктері мен жасалу жолы, беретін мағыналары туралы білім қалыптасуы керек.

**Екіншіден**, кез келген ақпарат не мәлімет қоры қолданысқа жарағанда ғана білім деңгейіне көтеріледі. Бұл дегеніміз – әрбір оқушы я студент алынған ақпаратты біліп қана қоймай, оны қолдануға жаратуы маңызды. Бұл турасында Ақымет Байтұрсынұлының келесі пікірімен дәлелдемекпіз: «Үйткені оның бәрі бір нәрсенің өзімен, затымен айналыстырып үйретпей, тек нәрсенің атымен, бернесімен ғана айналыстырып үйретеді. Бәрі де істің әдісін үйретпей, тек мәнісін үйретеді. Сондықтан оқу мектептерінен шыққанда да мәнісін білім мол болғанымен, әдіс білім аз болады. Әдіссіз тек мәніс білімі – өлі білім» [52]. Яғни білім беру ордасында аналитикалық формант туралы ақпарат беру аздық етеді. Ақпарат беки түсу үшін коммуникативтік деңгейде қолдануға үйрету А.Байтұрсынұлы айтқандай, «тірі білім»-ге жатады.

Бұл тұрғыда әрбір оқушы я студент аналитикалық форманттың қолданысын, сөйлеу не жазу кезінде ойын дөп түсіретін аналитикалық формантты қолдануы жөн саналады. Бұл үшін функционалдық білімді арттыру міндет. Оқушыны жеке тілдік бірліктермен жұмыс жасатуға ғана емес, толық сөйлемдегі не мәнмәтіндегі айтылған ойды түсінуге жұмыс жасату маңызды.

**Үшіншіден**, мәтінмен жұмыс жасату негізінде функционалдық білім беруді жөн деп санаймыз. Функционалдық білім беру арқылы оқушы не студентті тілді жұмсалым деңгейінде қолдануға үйретеміз. Ал оны үйретудің бірден-бір жолы – мәтінмен жұмыс жасату. Мәтінмен жұмыс жасау екі үлкен процестен тұрады: бірі – мәтінтану; екіншісі – мәтінді тудыру.

Мәтінтануда білім алушы мәтінмен танысады, оның ішіндегі әрбір тілдік бірліктің қолдануы, біздің жағдайымызда аналитикалық форманттың бірнеше мағыналарының ішінде қайсысының актуалданғанын анықтайды; мәтіндегі

автордың немесе адресанттың жеткізуді қалаған ойын табады; автордың прагматикасын тілдік бірліктер негізінде айқындайды. Содан кейін барып мәтінтудыру процесінде айтылым не жазылым тапсырмалары арқылы алынған ақпаратты ауызша не жазбаша форматта бекітеді. Міне, бұл процесс арқылы оқушы ақпаратты алып қана қоймай, оны қолданыс деңгейіне жеткізеді. Ал бұл процестің түп басы – мәтінді оқу.

Мәтінді оқу арқылы білім алушы әрбір тілдің конструкциялық жүйесін, сөйлем құру процесі мен қағидатымен танысады. Осылайша, қарапайым сөйлем құраудан бастап, күрделі ойды беруге үйренеді. Адресанттың ойын нақты табуға жұмыс жасайды. Бұлардың барлығы – прагматикалық құзыреттілікті арттыруға арналған негізгі құралдар.

Мәтінмен жұмыс жасау негізінде етістіктің аналитикалық формантын оқытуда әрбір тілдік бірлік жеке алып қарастырылмайды, керісінше бірігіп, мағыналық тұтастық тудырады. Осыған байланысты келесідей мысал келтірдік: *«Шынында, Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдында құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тайса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ егер тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Көрнеу иш ішіне кіріп кетіп, керегеге асулы тұрған ет болса, жас тері болса, қазанда іркіт, қатық болса – барлығын да өзінің ыдысына құйып қойғандай көріп, иіскелеп, жалап, жеп кетеді»*. Мәнмәтіндегі үзінді Көксеректің ашқарақтығын сипаттайды. Тілі қазақша шыққан, қазақ тілін түсінетін оқушы я студентке бұл мәтін бірден түсінікті, ешқандай сұрақ туындатпайды.

Бірақ қазақ тілі сабағында мәтінмен танысып, сол бойынша сұрақтарға жауап беру аздық етеді. Функционалдық білім немесе оқушының прагматикалық құзыреттілігін дамыту әрі арттыру мақсатында сабақ аясында мәтінмен танысып болған соң, мәтіндегі ойды беріп тұрған негізгі тілдік бірліктермен жұмыс жасау көзделеді. Айталық, автор Көксеректің ашқарақ екенін көрсеткісі келді. Бұл мақсатты орындау үшін автор келесідей аналитикалық формантты етістіктерді қолданған: *құйып қойған, қадалып тұрса, жеп қояды, кіріп кетіп, құйып қойғандай көріп, жеп кетеді*. Білімгердің міндеті – автордың бұл қолданған аналитикалық форманттарының білдіретін мағынасын дұрыс табу.

Автордың мәнмәтіндегі прагматикалық мақсаты – Көксеректің берген асты жоқ қылдырып, бәрін тауысып қоюын көрсету. Дәл сол себептен автор тамақтың толы екенін көрсету үшін «алдына қойған асты» дегеннің орнына «алдына құйып қойған асты» деп береді; төрт аяқтының жай ғана қарамай, бақылап тұрғанын көрсету үшін «тұр» етістігін емес, «қадалып тұр» әрекетімен көрсетеді; жануардың қарны қатты ашығанын көрсету әрі оның кенет пайда болғанын, әдейі орындалмағанын көрсету үшін «қарны ашыса» деудің орнына «қарны ашып кетсе» деген тіркесті қолданады, істің лезде болғанын беру мақсатында «кіріп» емес, «кіріп кетіп» тіркесін алады. Бұлардың барлығы – автордың Көксеректің аш екенін көрсететін детальдар; бұл детальдар арқылы автордың мақсаты мен прагматикасы толық орындалып тұр. Бұл үзінді арқылы оқырман Көксеректің аш екенін әрі берілетін тамаққа тоймайтынын, қарны ашқан

себебінен рұқсатсыз тамақты ұрлап ішетінін білеміз. Ал бұны түсіну үшін талданған аналитикалық форманттар сөйлемдегі басқа тілдік бірліктермен тұтасып келіп, автордың прагматикасын беруге жұмсалып тұр.

Осылайша, кез келген тілдік бірліктің, оның ішінде біздің зерттеу нысанамыз – етістіктің аналитикалық формантының ашылар тұсы мәтін екені анықталады. Мәтін арқылы аналитикалық форманттың жұмсалыуындағы негіз айқындалады. Аналитикалық формантты жеке тілдік бірлік ретінде қарастырып, құрылымды грамматикада ішкі заңдылығын, мағыналарын, жасалу формасы туралы қанша теориялық біліммен қамтамасыз етсек те, аналитикалық формант жұмсалымды грамматикада, яғни сөйлеу кезінде не мәтін кезінде толық ашыла түспек. Сол себепті аналитикалық формантты оқытуда теориялық біліммен ғана шектелу мүмкін емес.

Прагматикалық құзыреттілікті дұрыс пайымдап, өзі де аналитикалық формалы етістіктерді сауатты қолдану үшін міндетті түрде мәтінмен жұмыс жасалу көзделеді. Сол кезде ғана аналитикалық формант мағынасы ашылып қана қоймайды, біріншіден, білімгер автордың не белгілі бір адресанттың жалпы ойын түсінеді; екіншіден, мәтінді оқу арқылы қазақ тілінің жүйесін, тілдің өзіне тән кодын ашады, сөйлем құрауға үйренеді, ойды жеткізуге арналған тілдік құралдардың қолдануын ажыратады. Үшіншіден, теориялық және тәжірибелік қыры ұштасқан оқушы я студент қана мәтінді тудыру процесіне (айтылым және жазылым әрекеттері) дұрыс қатыса алады. Әрбір тілдік бірлікті жеке емес, байланыстыра, бүтіннің құрамында зерттеу негізінде оны жұмсау қиындық тудырмайды.

Прагматикалық құзыреттілік белгілі бір тілдің лингвистикалық ресурстарын белгілі бір түсініктерді жүзеге асыру мақсатында нақты тілде бар тілдік ресурстарды білу мен сөйлеу әрекеттерінің ретті аспектілерін білу, сөйлеу әрекеттерінің дұрыс контексттік қолданылуын білу ретінде анықталады [53].

Прагматикалық құзыреттілікті дамыту іс-шараларын жобалау кезінде ескеретін жайт – іс-әрекеттердің шынайы және мағыналы болып қалуы. Ғалым оқушылардың прагматикалық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін келесідей кестеге салып көрсеткен:

Кесте 7 – Монологтың сөйлеу деңгейлері мен сипаттамасы

Деңгей	Монологтың сөйлеу деңгейлері
Төменгі	Қарапайым сөздер мен вербалды емес қарым-қатынас түрін қолданады; нақты ақпаратты жеткізе алады;
Орташадан төменгі	Қарапайым фразалар мен сөйлемдерді қолданып, қарапайым қателер жібереді; отбасы, білімі, қазіргі жұмысы мен іс-әрекеті жайында есеп бере алады;
Орташа	Қарапайым мәліметтер құра алады, көзқарасы мен ниетін қысқаша негіздей алады; түсіндіре алады; көрген не оқыған әңгіменің сюжетін, негізгі ойын жеткізіп бере алады;

Орташадан жоғары	Қызықтыратын әрі кең ауқымды тақырыпта еркін сөйлей алады; өзекті тақырыпқа қатысты пікірін білдіре алады;
Жоғары	Күрделі тақырыпты нақты және егжей-тегжейлі түсіндіре алады, жеке ойларды дамыта алады, тиісті қорытынды жасай алады [54, 6 б].

Осылайша, прагматикалық құзыреттілікті дамытуда іс-әрекет, яғни жағдаяттың да алатын орны айрықша. Сөйлеудегі қолданған тілдік бірлік, сөз тіркесі, сөздерді бір-бірімен байланыстыруы оқушының сөйлеу деңгейі мен жағдаятқа тікелей байланысты. Кестеде оқушының сөйлеу деңгейінің бес түрі көрсетілген. Бұл коммуникативтік құзыреттілікті әрдайым дамыту арқылы оқушының сөйлеу дағдысын жетілдіруге болатыны анық.

Демек, прагматикалық құзыреттілік – тілдік қатынастың мағыналық әрі әлеуметтік мәнмәтінде жүзеге асуын қамтамасыз ететін танымдық жүйе. Бұл ұғым тілдің ішкі және сыртқы когнитивтік жүйелерімен тығыз байланыстырылады. Оның ішінде Н.Хомский тіл жүйесін адам миының модульдық құрылымына балап, оны синтаксистік, семантикалық және прагматикалық ішкі жүйелерінің өзара әрекеттестігі ретінде сипаттайды. Тілдік құзыреттілік лексикалық бірліктерді таңдаудан басталып, олардың дыбыстық, мағыналық жүйелер негізінде сыртқа шығарылуымен аяқталады. Ал прагматикалық құзыреттілік осы екі байланыс жүйесінде ерекше орынға ие. Ол грамматикалық құзыреттілікті толықтырып, тілдің әлеуметтік, коммуникативтік және контекстуалды талаптарға сай қолданылуын қамтамасыз етеді.

Прагматикалық құзыреттілік – тілдік модульдер арасындағы күрделі өзара әрекеттестігінің нәтижесі. Ол грамматикалық құзыреттіліктің шегіне шығып, тілдің шынайы немесе елестетілген әлеуметтік мәтінмәтіндерде мағыналы және қолайлы түрде қолданылуына жол ашады. Прагматикалық құзыреттілік тілдің когнитивтік және коммуникативтік негізін қалыптастырып, оны адамзаттың ойлау жүйесімен ұштастырады [55, 7-13 б].

Ғалымның тұжырымына сай, тіл – миымыздағы модуль. Бұл жүйе сөздерді бір-бірімен байланыстырады, олардың мағынасы, дыбысы арқылы сөйлемге, мәтінмәтінге айналдырады. Ал оның прагматикалық құзыреттілікпен байланысы қандай деген сұраққа ғалым келесідей жауап береді: бұл – адам сөзді грамматикалық тұрғыдан сөздерді бір-бірімен байланыстырып қана қоюы емес; оны уақыты мен жағдаятына сай дұрыс қолдана алу. Мәселен, «барады» мен «бара жатыр», «көреді» мен «көре жатыр», «тыңдайды» мен «тыңдап жатыр» сөздерінің арасында беретін мағына екі түрлі. Біріншісінде іс-әрекет күрделікті жағдайда, қайталанатын уақытты білдірсе, екінші жағдайда бұл әрекет сөйлеу сәтінде жүзеге асатынымен ерекше.

Сол сияқты *«Жазып отырған қағазын қоя салып, есікті жауып келіп, құшақтап сүйіп алды»* мен *«Бірақ атқан жоқ, мылтығын қайтадан қабына салып қойды»* екі сөйлемді алып қарастырайық. Бұл екі сөйлемде талдауға ұсынылатын аналитикалық етістік: *қоя салып пен салып қойды*. Екі аналитикалық формалы етістіктің мағынасы әртүрлі. Біріншісінде іс-әрекет

салғырт орындалған. Әрекеттің салғырттығын жасайтын көмекші етістік – *сал*. Ал екінші сөйлемдегі көмекші етістік (*қой*) – нақтылық мән, істің кенеттен орындалғанын, ықылассыз не автоматты түрде істелгенін білдіріп тұр. Бұл екі тіркестің мағынасын ашу, анықтау, ажырату әрі контекстте қолдану прагматикалық құзыреттілікке тиесілі. Сөйлеу кезінде прагматикалық құзыреттілікті меңгермеген оқушы екеуін ажыратпай, бірінің орнына бірін қолдана салуы мүмкін.

Етістіктің аналитикалық форманттарының келесідей мысалын талдап көрейік: *Абай атқа міне алмайды. Жүк артқан түйеге мінгізуге: «Жүк құлап, түйе жығылса мерт болады» деп, шешесі оған да мінгізбейді. Кәрі әже мен Ұлжанның ортасында жалғыз арба бар еді. Тегі, бұл ел көшпелі болғандықтан арба дегенді білмейтін. Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің – Құнанбайдың кәрі шешесінің көк арбасы десе де болады* (М.Әуезов). Біздің бұл мәнмәтінде талдайтын аналитикалық етістік – *міне алмайды* аналитикалық формасы. Аналитикалық формант (-е (-а/ -е/ й) ал) істің нәтижелі аяқталуын білдіреді.

Бұл аналитикалық формант істің аяқталуын білдіргенімен, екі түрлі қолданысы бар: *ал* көмекші етістігі -а көсемшесі жалғанған етістікпен тіркескенде, істің орындалу-орындалмауынан хабар беріп, мүмкіндікті білдірсе (*жасай алды, тыңдай алды, бара алды, көре алды*), -п көсемшесі жалғанған етістікпен тіркескенде, істің айтушының әрекетіне сай жасалуын (*тауып алды, жұлып алды, ойып алды*) білдіреді.

Ы.Маманов бұл аналитикалық формантты жасайтын көмекші етістікті тіркес құрғанда мағынасын кейде жоғалтып, кейде сақтап қалатын көмекші етістік түріне жатқызған. Бұлардың барлығы – аналитикалық формантқа қатысты берілген теориялық білім. Ендігі мәселе – теорияның тәжірибе жүзінде байланысуы.

Бұл аналитикалық формант сөйлемде істің болу не болмау мүмкіндігін білдіреді. Көмекші етістік сөйлемде негізгі мағынасын жоғалтқан. Автор бұл тіркесті қолданудағы мақсаты – Абайдың атқа өз ықтиярлығымен мінбеуін емес, сыртқы фактор әсерінен мінбейтінін көрсету. Ал келесі сөйлемдерде сыртқы фактордың өзін автор түсіндіріп берген. Осылайша, тілдегі аналитикалық формант теориялық білімдегі бірнеше мағына нақты мәнмәтінде біреуі ғана актуалданып, бір мағынаны – мүмкіндікті білдіреді. Абайдың өзінің атқа мінбеу ықтиярлығы болса, автор «мінбейді», «мінбеген», «мінгісі келмейді» формасын қолданар еді. Бірақ еріксіз, Абайдың өзінің ықтиярлығымен жасалмаған әрекетті білдіру үшін «міне алмайды» етістігін қолданып тұр.

Яғни тілді білу, оның лингвистикалық қырымен ғана шектелу мүмкін емес. Тілді әрдайым дамып отыратын, динамикалы жүйе деп есептесек, прагматикалық құзыреттілік әрбір тілдік бірліктің қолдану орнын, ерекшелігін, мақсаты мен міндетін айшықтап, айқындап береді. Әрі аналитикалық форманттың мағынасын ғана емес, қолдану орнын білу прагматикалық құзыреттілікті анықтап береді.

Түйін: тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін дамытудың негізгі жолы – мәтінмен жұмыс жасауға үйрету. Мәтінмен жұмыс жасау арқылы құрылымды грамматикада жеке-жеке қарастырылатын әрбір тілдік бірлік тұтас алып қарастырылып, автордың не адресанттың ойын дұрыс ашуға жұмсалады. Қазақ тілінің аналитикалық форманты жеке тұрғанда беретін мағыналарының біреуі ғана мәтінде қолданысқа ие. Сол мағынасын дұрыс ашу үшін оқушы я студент мәтінмен жұмыс жасайды.

Етістіктің аналитикалық формантын автоматты түрде дұрыс қолдануға үйрету үшін оның тілдік теориясынан қатар, жұмсалымдық қырын да үйлестіріп оқыту маңызды. Сол себептен біз етістіктің аналитикалық формантын, аналитикалық форманы, оның білдіретін мағыналарын оқытқанда тек теориялық біліммен тоқталмаймыз. Теориялық білім міндетті түрде жұмсалымдық қырымен байланысып, шектесуі керек. Сонда ғана прагматикалық құзыреттілік те толық орындалады деген байламға келдік.

### **3 ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

#### **3.1 ЕАФ-ын оқытуда қолданылатын тиімді әдістер мен тәсілдер**

Әрбір тәлімгердің білім деңгейі жоғары нәтижеге қол жеткізілуі мақатында даярланған, әдістемелік қыры дамыған әдістемелік-технология қажет. Жаңа озық әдістемелік технология және техникалық жабдықтар болуы – білімді оқушылар мен студенттерге сапалы түрде санасы мен жүрегіне тасқындаған білімді игеруге мүмкіндік береді [56, 28 б]. Педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын әдістер, тәсілдер, құралдар, амалдардың өзара тығыз байланыс орнауы; ол нақты мақсатқа жету үшін педагогикалық құралдарды тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Педагогикалық технология – оқу мен тәрбиенің, оның берілу мен ұйымдастырылуын айқындайтын, жан-жақты талдауға, мәлімет қорын алуға мүмкіндік беретін үлкен жүйе. [57, 28 б].

Қоғамдағы адамдардың даму процесі ғылым мен білімнің де дамуына үлкен ықпалын тигізді. Дәл осы себептен тәрбие мен тәрбие процесінің пайда болуы, оның даму заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан қарастыру мүмкіндігі туды. Жинақталған ғылыми деректерге сүйену арқылы педагогика адамзаттың тәрбиесіне қатысты мәселе мен туындаған жағдайларды жан-жақты зерттеп қарастыратын, ғылыми-теориялық, әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді қажет ететін сала болып есептеледі [58, 29 б].

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқыту процесін жоспарлау мен ұйымдастыру, бағалау мен қадағалау бағытталатын жүйелі әдіс-тәсілдер негізінде жаңа педагогикалық технологиялар жыл санап дамып, көбеюде. Бұл технологиялар білімгер мен оқытушылардың технологиялық ресурстарды барынша тиімді жұмсауға, өзара байланыс құруға мүмкіндік береді әрі білімнің сапасын арттыруға үлкен септігі мол. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру мұғалім педагогтың зияткерлік, адамгершілік, адамзаттың және рухани, кәсіби сапаларының қалыптасуына игі әсер етеді. Жаңа технологияларды мұғалім өзінің сабақтың өту процесіне, шығармашылық жұмысына қарай икемдеп, педагогикалық мақсатта әртүрлі тәсілмен қолдана алады. Осы орайда педагогтың кәсіби ерекшеліктері оқыту процесінің де тиімділігіне айрықша әсер етеді. Сонымен қатар, білім алушының оқу әрекеті – белгілі бір ақпаратты қабылдауы, оқу мотиві мен танымдық белсенділігі – осылардың барлығы оқу нәтижесіне үлкен септігін тигізеді [59, 114 б].

Пікірлерде көрсетілгендей, заман ағымына сай оқыту процесі де, пайдаланылатын оқыту технологиялары да әр уақыт жанашаланып, дамып отырады. Білімді сапалы әрі тиімді, қысқа уақытта игеру мақсатында түрлі оқыту тәсілдері қолданылады. Солардың қатарына дәстүрлі оқыту, ынтымақтастық технологиясын, білім беруді ізгілендіру, модульдік оқыту, проблемалы-модульдік оқыту, ойындар, дамыту ойындар, проблемалап оқыту, тиімді сабақтар негізі жүйесіндегі педагогикалық технология, ұжымдық оқыту, ғаламдық ақпарат ауқымындағы білім беру, сыныпшілік саралап оқыту,

инновациялық оқыту, шет тілдер мәдениеті коммуникативті оқыту, оқу процесін тиімді басқару мен ұйымдастыру негіздеріндегі педагогикалық әдіс, дамыту оқыту, жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі, жеке бағдарлы оқыту, топтап оқыту сияқты әдіс-тәсілдер құрайды. Осылардың ішінде жоғарғы оқу орындарында білім алатын студенттер үшін етістіктің аналитикалық формантын оқытуда тиімді әрі ұтымды әдіс-тәсіл ретінде бірінші кезекте сатылай оқытуды басшылыққа аламыз.

Бұл әдіс-тәсілдің басты артықшылығы – студенттің толыққанды білім алу мақсатында жекеден жалпыға, бөлшектен бүтінге қарай әр уақыт білімін күрделендіріп отыруы. Біріншіден, етістіктің аналитикалық форманты туралы түсінік қалыптасуы үшін оқушыда етістіктің өзі, оның сұрағы, ерекшелігі, өзіне тән жеке грамматикалық категорияларынан бастап білімі болуы тиіс. Онсыз етістіктің аналитикалық формантын түсіндіру мүмкін емес. Әдетте етістік туралы түсінікпен тәлімгер бастауыш сыныптан бастап танысады. Мәселен, үшінші сыныпта етістіктің қарапайым сұрағы мен оның қызметімен танысса, орта сыныпта етістіктің ерекше категориялары – есімше мен көсемше; етістіктің тұлғалары – дара етістік және күрделі күрделі етістік туралы ақпарат алынады.

Г.Қосымованың 7-сыныпқа арналған оқулығының 95-бетінде тұйық етістік туралы тілдік бағдар, 99-бетінде есімше мен көсемше туралы ақпарат берілген. 105-бетінде етістіктің шақтары, 109-бетінде етістіктің райлары туралы жазылған [60, 95-109 б]. Бұл білім одан әрі толыспайды. Өйткені жоғары сыныптарда жаңа оқу бағдарламасына сай оқушы сөз тіркесін, сөйлем құрауға, ал жоғары сыныптарда шешендік өнерге баулиды. Осылайша, «Қазақ филологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарын таңдаған студенттер мектеп қабырғасында алынған білімімен жоғарғы оқу орнында «Морфология» пәніне өтеді. Бұл пән таза етістіктің аналитикалық формантын оқытуға арналмаған. Бір-екі дәріс пен семинар көлемінде оқушы мектептегі етістік туралы білімін толықтырып, етістіктің аналитикалық форманты туралы толық білім алып шықпаса да, түсінік қалыптастырады. Ең бастысы, етістіктің аналитикалық формантын сөйлеу не оқу кезінде тануға үйренеді. Оның күрделі етістіктен басты айырымын түсініп, аналитикалық форманттардың беретін мағыналарымен танысады. Осылайша, білім әр уақыт толығып, күрделеніп отырады. Бұл – сатылай оқытуға негізінде жасалған процестер.

Сатылай оқыту дұрыс жүзеге асырылмаса, студент я оқушыда етістіктің аналитикалық форманты туралы түгіл оның не екені, етістіктің ерекшелігі мен сөз табы ретіндегі қызметі туралы білім болмас еді. Сол үшін де бүтінді құрау үшін бөлшектің өзін тәлімгердің қабылдауына, оның когнитивтік ойлау құзыреттілігіне байланысты тақырыпты икемдеп бере аламыз. Етістіктің аналитикалық форманты туралы түсінік мектеп қабырғасында емес, кәсіби білім беру деңгейінде оқытылу себебі де осы.

Сатылай оқыту жүйелілік, деңгейлік, саналық, белсенділік, шығармашылық ойлау, тәрбиелілік, ғылымилық сияқты ұстанымдарға негізделген. Әсіресе, біздің қарастырып отырған нысанымыз – оқушы емес, студент деңгейінде болса, сатылай оқыту арқылы әрбір студентті аналитикалық

ойлауға, ғылымилыққа және терең білімді талдай алуға үйретуге негізгі жол болып қалыптасады. Бұл туралы ой келесі еңбекте де сөз болады: «Қазіргі таңда адамзат эволюциясында алғаш рет жас ұрпақ толық беймәлім жағдайларда өмір сүруге дайындалуда. Бұл құбылыс әсерінен заманауи мамандарға, оның ішінде педагогтерге талаптар күшеюде. Атап айтқанда, кәсіби маман өз білімін жаңартып, әрқашан даму үстінде болуы шарт. Ол өз бетінше ақпаратты қабылдап, керек болса, өндеп, жаңартып отыруы керек. Осыдан білім беру процесінде маңызды қағидалар туындайды: оқытудың әдіснамалық негізіне ерекше мән берілуі, білімгерлердің өздерінің жұмыстарына үлкен басымдық беру, шығармашылық ойлау және тағы басқалар. Қазіргі білім беру жүйесінде дамып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық ортада әрекет ете алатын универсал тұлғаны қалыптастыру – бүгінгі заманның ең басты әрі қажетті сұраныстыранның бірі» [61, 5 б].

Сатылай оқыту, осылайша, студентке терең әлі толық білім алуға мүмкіндік береді. Тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін етістіктің аналитикалық форманты арқылы қалыптастырудың ең алғашқы сатысы жүйелі білім болып саналса, оны іске асырудың негізгі жолы – сатылай оқытуды қолдану.

Оның ішінде келесідей жаттығу түрлерін ұсынамыз: біріншісі – логикалық ойлау картасын құру; екіншісі – талдау-синтез әдісі. Логикалық ойлау картасын құру әдісінде етістіктің аналитикалық форманты мен формасы ұғымына сай сызба жаса, схемамен көрсету арқылы оқушының құрылымдық ойлауын дамытады әрі бұл ұғым негізінде жалпылама ой қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тапсырма барысында студент әр жыл сайын өткен материалын біріктіріп, толыққанды лингвистикалық білім ала алады.

Логикалық ойлау картасын жасау арқылы студент танымдық іс-әрекетін құрылымдауға, ақпаратты жүйелі түрде алуға, талдауға, түсінуге, қолдануға мүмкіндік алады. Бұл әдіс сатылай оқыту технологиясында маңызды компонент ретінде қарастырылады. Өйткені жүйелі білімнің көрінісі ретінде оның жыл санап білімнің қосылуын ғана емес, әрбір жаңа ақпараттың біріге отырып, білімгердің санасына түсінікті болуын да атаймыз. Сол себепті логикалық ойлау картасы негізінде білім алушы күрделі ақпаратты визуалды түрде қабылдауға үйренеді.

Логикалық ойлау картасын құрған кезде оқушы я студент ұғымдар арасындағы себеп-салдарлық, мағыналық, функционалдық байланыстарды анықтайды. Бұл үдеріс логикалық ойлау операцияларын қолдануға ықпал етеді [62, 114 б].

Талдау-синтез әдісі логикалық ойлау картасына ұқсайды. Сатылай оқыту барысында ұғымның сызбасын жасау, оны кесемен арнайы көрсету арқылы оқушының күрделі тақырыпты қабылдауын жеңілдетуге болады. Әсіресе, аналитикалық формалы етістікті оқытқан кезде оның етістіктің басқа түрлерімен, категорияларымен, тіпті, күрделі сөзбен, тұрақты сөз тіркестерімен шатастырып алмау мақсатында талдау-синтез әдісін ұсынамыз.

Талдау-синтез әдісі мен логикалық ойлау картасын жасау арқылы білімгерде, ең алдымен етістік, етістіктің аналитикалық форманты туралы жүйелі білім қалыптасады. Аналитикалық форманттың дара етістіктен, күрделі етістіктен және тұрақты сөз тіркесінен ерекшелігі талдау-синтез бен логикалық ойлау картасы әдістері арқылы нақтылана түседі.

Бірақ бір ғана оқыту әдіс-тәсілді қолданып толыққанды нәтижеге жету мүмкін емес. Сатылай оқытумен қатар етістіктің аналитикалық формантын оқытуда тапсырмаға бағытталған оқыту әдіс-тәсілін (Task-based learning) де қолдануды жөн деп санаймыз.

Бұл әдіс-тәсіл студенттің прагматикалық құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді. Біріншіден, тілдік аспектіден сөйлеуге, тілдің жанын түсінуге бағытталған. Екіншіден, білімгер тілдің статикалық емес, динамикасын қолдануға үйренеді; тілдік тұлға дискурста түсуге, топтық жұмыс жасауға, креативтілікке және сыни ойлауды дамытуға күш салады.

Бұл – шет тілдерін үйренуге көбірек қолданылатын нәтижелі әдіс-тәсіл. Дегенмен біздің қарастыратымыз басқа. Біз тапсырмалы оқыту әдісі жағдаятқа қатысты емес, мәтіндермен жұмыс жасату арқылы студенттің прагматикалық құзыреттілігін дамыта аламыз, сол арқылы студент оқылған мәтін не үзіндіден әрбір аналитикалық форманттың берілген мағынасы мен оның уәжін анықтай алады әрі тұтас автордың прагматикасымен танысады, толықтай айтылған ойды түсініп, өзіндік тұжырым жасай алады.

Осылайша, тапсырмалы оқыту тәсілінің келесідей артықшылықтарын анықтадық:

- мақсатқа бағдарланған әрекет: тапсырма негізінде студент форманттарды нақты коммуникативтік мақсатпен қолдануға үйренеді;
- мәтін не жағдаяттық тапсырманың прагматикалық мән-мазмұнын анықтау: әр тапсырмада форманттың ниет, жалғасып жатқан жағдай немесе жоспар функциясы айқын көрініс тауып, студент қай кезде қайсыбір форманы қолдану керектігін біледі;
- шынайы мәнмәтін: мәтін ауызша не жазбаша форматта болғанына қарамастан, студент нақты жағдаят бойынша әрекет етеді;
- қолдау: топ ішінде студенттер бір-бірімен пікір алмасып, өзін-өзі бағалау мен түзету дағдыларын қалыптастырады;
- өз бетімен ізденіс: нақты тапсырмаға әр студент ізденіп, теориялық білімін ұштастырады [61, 28 б].

Дәл осы тәсіл арқылы мәтінмен танысып қоюдың аздық ететіні, әрбір мәтіннен кейін сұрақ-жауап форматындағы тапсырмалар емес, сыни ойлауды қалыптастыратын, тілдің лингвистикасын білуге итермелейтіні анықталады.

Біз де дәл осындай әдісті қолдану негізінде студенттің прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырып, оны дамыта алмақшымыз. Алдыңғы тарауларды көрсетілгендей, прагматикалық құзыреттілікті дамытудың бірден-бірі жолы – мәтін деп топшыласақ, тапсырмалар арқылы оқыту арқылы мәтінмен сауатты жұмыс жасауға үйретпекпіз.

Бұл әдіс негізінде анықтау және белгілеу, құрылымын талдау, мағынасын түсіндіру, салыстырмалы талдау сияқты тапсырмаларды ұсынамыз. Анықтау және белгілеу тапсырмасында студент мәтіннен аналитикалық етістіктерді тауып, актуалданған мағынасын ашса, құрылымын талдау тапсырмасында студент аналитикалық етістіктің құрамындағы негізгі және көмекші етістіктерді ажыратып көрсетеді. Бұл тапсырмаларды орындатуға кластер, концептуалдық карта әдісі қолданылады. Берілген үзінді бойынша студенттер ұғымдар жүйесін құрады да, өзара байланыстырып шығады.

Бұл – теориялық білімнің тәжірибелік біліммен ұштасқан тұсы. Теориялық білімді алып болғаннан кейін студент міндетті түрде «білімін «жұмсап», қолдануға үйренуі тиіс. Сонда студент оқыған, білген ақпарат қоры білім болып толысады: «В течение многих лет практика и теория технологии обучения развивались друг от друга. Попросту это были различные области деятельности. Лишь в настоящее время возникли предпосылки для объединения усилий специалистов. И только в единстве практики и теории можно определить сущность современной технологии обучения. Иными словами, мы полагаем, что современную технологию обучения нельзя рассматривать только в качестве одной из дисциплин педагогики или только как направление оптимизации образовательной практики. Технология обучения определяет направление работы, в рамках которой объединяются теоретические и практические поиски в этой области» [63, 27 б].

Ғалым келтіргендей, білім алуда тәжірибе мен теориялық білім ұштасқанда ғана оқыту әдісінің мәні де, мағынасы да ашыла түспек. Мұғалім ретінде біздің басты мақсатымыз – теориялық қырынан ғана емес, тәжірибелік тұрғыдан да дамыған, сауатты да сапалы студент даярлап шығару. Бұл тұрғыда оқыту әдіс-тәсілі дұрыс таңдап алынуы шарт. Біздің ойымызша, тапсырмаға бағытталған оқыту әдіс-тәсілі студентті теориялық қырын ғана емес, тәжірибелік тұсын да дамытуға септігін тигізеді.

Етістіктің аналитикалық формантын оқыту мен соның негізінде прагматикалық құзыреттілікті дамытуда біз екі үлкен оқыту әдісіне тоқталдық: біріншісі – сыни оқыту; екіншісі – тапсырмаға бағытталған оқыту. Біріншіде алынған ақпараттың сапалы, жүйелі әрі ғылымилығын арттырып, теориялық қырынан қажетті ақпаратпен қамтамасыз етсек, екіншісінде сөйлеу мен жағдаятқа құрылған тапсырмаларды орындауға, мәтінмен жұмыс жасап, автордың прагматикасын анықтауға, аналитикалық форманттың беретін мағынасын табады. Осылайша, біз екі түрлі оқыту әдіс-тәсіл негізінде студенттің кәсіби білім алуында теориялық және тәжірибелік қырын дамытуға күш салатын боламыз.

Алынған екі түрлі тәсіл бізге, **біріншіден**, студенттің етістіктің аналитикалық форманты мен оны жасайтын көмекші етістіктің сыртқы тұлғасы жағынан күрделі етістіктен, тұрақты тіркестен, дайын фразалардан айырмашылығын анықтап алу үшін қажет. Бұл кезеңде логикалық ойлау картасы мен талдау-синтез әдістері ұйымдастырылады. Өйткені студент логикалық ойлау

картасы мен талдау-синтез әдістерінің көмегімен етістіктің аналитикалық формантын танып, оны ұқсас тұлғалардан ажыратады.

**Екіншіден**, етістіктің аналитикалық формантын басқа тұлғалардан ажырата білген студент белгілі бір аналитикалық форманттың мағынасын таба біле ме жоқ па деген сұраққа да жауап беруі маңызды. Яғни білімгер етістіктің аналитикалық формантының беретін мағынасын аша білуі керек. Бұл кезеңде логикалық ойлау картасын құру мен талдау-синтез әдісін ғана қолдану аздық етеді. Өйткені білімгер бұл деңгейде етістіктің аналитикалық формантын таниды, оны сөйлем не мәнмәтінде ажырата алады. Бұл кезеңде тапсырмалы оқыту әдіс-тәсілі негізінде құрастырылған тапсырмалар алынады. Оның ішінде кластер, концептуалды карта әдісі қолданылады. Студент бұл кезеңде тікелей мәтінмен жұмыс жасайды. Бұл кезеңде етістіктің аналитикалық формасының беретін тауып, мағынасын ажыратады.

**Үшіншіден**, бұл әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде студент аналитикалық формантты етістіктің мағынасын, оның ішінде бірнеше мағынаның біреуінің ғана актуалданған тұлғасын ажырата ала ма, ажырата алмай ма деген сұраққа жауап береді. Оны ажырату арқылы студент аналитикалық етістікке қатысты біліміне баға береді. Бұл кезеңде логикалық ойлау картасы да, талдау-синтез әдісі де, кластер, концептуалдық карта да, бағалау әдістері де бірігіп, етістіктің аналитикалық формасының мағынасын ашуға қызмет етеді.

### **3.2 ЕАФ-ты қолдану арқылы прагматикалық құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар**

Етістіктің аналитикалық форманты арқылы прагматикалық құзыреттілікті дамыту мақсатында сатылай оқыту мен тапсырмаға бағытталған оқыту таңдалды. Бұл екі оқытуда жататын тапсырмалар легі де әртүрлі. Бірінші кезекте қарастыратынымыз – сатылай оқыту әдіс-тәсілі негізінде қолданылатын тапсырмалар. Өйткені бұл тапсырмалардың легі теориялық білімді алуға, оны бекітуге бағытталған. Әрі бұл тапсырмалар студенттің етістіктің аналитикалық формантын басқа да ұқсас тұлғалардан ажыратуы үшін керек. Бұл деңгей тапсырмасы келесідей иерархиялық жік бойынша беріледі: тану, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау:



3-сурет. Сатылай оқытудың кезеңдері

Бірінші тапсырма ретінде біз дәл осы кезеңді қамтитын келесідей тапсырма береміз. Бұл тапсырма студенттің теориялық білімнің қаншалықты деңгейде меңгергені не меңгермегінен хабардар береді.

Бірінші тапсырма:

Достарыңның кеңесіне құлақ салып, жүрегіндегі күйзелісті жеңіп шығып, өмірдің мәнін түсінуге ұмтылды сөйлеміндегі күрделі формалы етістіктерді ажыратып көрсетіңіз (аналитикалық формалы етістік, күрделі етістік, тұрақты тіркес)

Аналитикалық етістік	Күрделі етістік	Тұрақты тіркес

4-сурет. Сатылай оқытуға негізделген бірінші тапсырма

Тапсырма бойынша студент сөйлемді оқиды, күрделі формалы етістікті кестеге сәйкес толтырады. Бұл тапсырма, біріншіден, студенттің теориялық білімінің қаншалықты деңгейде екенін көрсетіп береді. Өйткені бір сөйлемде аналитикалық етістік те, күрделі етістік те, тұрақты тіркес те бар. Студент міндеті – үшеуін бір-бірінен дұрыс ажырата алу. **Бұл – етістіктің аналитикалық формантың білудің бірінші кезеңі.** Студент теориялық тұрғыдан ғана етістіктің аналитикалық формасын емес, тәжірибе жүзінде оның ерекшелігін, жасалу жолын біліп, басқа тұлғалардан ажырата алуы маңызды.

Теориялық білімнің қаншалықты деңгейде екенін келесі тапсырма арқылы да білуге болады:

Бірінші тапсырма: аналитикалық етістік пен күрделі етістікті бір-бірінен ажырататын басты белгілерді жазып, әрқайсысына 2 мысалдан келтіріңіз.

Екінші тапсырма: берілген сөйлемдердің ішінен аналитикалық формалы етістікті тауып жазыңыз: *Жақып бұл хабарды ести салысымен, ауылға қайтып барып, болған жағдайды анықтап алмақшы болды. Тапсырмаңды орындап болған соң, ауылға да келіп кет, тәтті-дәмдіні жеп кет әрі ағайын-туыстың жағдайын біліп кет.*

"Айтып кет", "оқып қой", "айта сал", "кіріп шық" мысалдарын етістіктің түрлеріне қарай ажыратып көрсетіңіз (аналитикалық етістік / күрделі етістік).

5-сурет. Студенттің теориялық білімін тексеретін тапсырма үлгілері

Төртінші суретте көрсетілген үш тапсырма алдыңғы тапсырмаларға ұқсас. Студент аналитикалық етістік пен күрделі етістіктің айырымын жазып, мысал келтіруі керек. Ал екінші және үшінші тапсырмаларда нақты мысалдар арқылы ажыратып беру көзделеді. Бұл тапсырмаларды орындау үшін студент талдау-синтез әдісін қолданады. Бұл тапсырмалардың барлығы етістіктің аналитикалық формантын басқа тұлғалардан ажыратып алып, жасалу жолы мен негізгі ерекшеліктерін білуге бағытталған.

Бұл тапсырмаларды беру арқылы біз студенттің тәжірибелік жұмысқа даярлығын анықтаймыз. Өйткені тәжірибелік (практикалық) тапсырмаларға көшу үшін студенттің теориялық білімі жеткілікті деңгейде болуы шарт. Соны анықтау мақсатында біз аналитикалық етістікті формантты басқа етістіктің түрімен салыстырмалы түрде бере отырып, теориялық білімді шыңдаймыз.

Бұл тапсырмалардың өзінде сыни оқыту кезеңдері де толық жүзеге асырылады. Тапсырмаларды орындау барысында студент етістіктің аналитикалық формантын таниды; оны етістіктің басқа көрсеткіштерімен салыстыра отырып түсінеді; дұрыс жауапты таңдауда талдайды; анализ жасайды.

Сатылай оқытуды жеке талдап, біржақты шешім қабылдау мүмкін емес. Сатылай оқытуды толық жүзеге асыру үшін тапсырмаға бағытталған оқыту технологиясымен салыстырмалы түрде байланыстыра қарастыруымыз міндет. Сонда ғана сатылай оқыту технологиясының алты түрлі бағыты толыққанды жүзеге асырылады.

Алдыңғы тақырыпта айтылғандай, кез келген тілді үйретуде жиі қолданылатын технологияның бірі – тапсырмаға бағытталған оқыту технологиясы. Бұл технологияның негізін құрайтын тапсырмаларды бермес бұрын келесідей сызба күйінде қарастырып алғанымыз жөн:



6-сурет. Тапсырмаға бағытталған оқытудың кезеңдері

Тапсырмаға бағытталған оқыту үш үлкен кезеңнен тұрады:

**Бірінші кезең – motivate – pre-task (дайындық кезеңі).** Бұл кезеңнің мақсаты – оқушыны алдағы тапсырмаға дайындау немесе көңілін аударту. Біздің сатылай оқытуға құрылған тапсырмаларымыз дәл осы дайындық кезеңіне жатады. Өйткені бұл тапсырмалар деңгейі бойынша көп студенттер үшін жеңіл, базалық сұрақтар болып есептеледі. Дегенмен тапсырманың қандай тақырыпқа қатысты болуы дәл осы дайындық кезеңінде анықталады. Бұл кезең – сатылай оқыту мен тапсырмаға бағытталған оқыту әдіс-тәсілінің біріккен тұсы.

**Екінші кезең – in-process evaluation (тапсырма кезеңі).** Бұл кезеңнің басты мақсаты – тілді белсенді қолдану арқылы үйрету. Бұл кезеңде мәтінмен жұмыс көзделеді. Мәтінмен жұмыс ауызша не жазбаша форматта жүзеге асуы мүмкін. Бұл кезеңде студент мәтінді оқып қана қоймай, тікелей мәтін бойынша түрлі форматтағы тапсырмаларды орындауы шарт.

**Үшінші кезең – assessment – post-task (бағалау және бекіту кезеңі).** Бұл кезеңнің мақсаты – үйренген тілдік бірліктерді бекіту және бағалау. Бұл кезеңде студенттер нысанаға айналған тілдік қолданысты сараптайды, кері байланыс береді.

Үшінші, төртінші суреттерде берілген тапсырмалар тапсырмаға бағытталған оқыту технологиясының бірінші кезеңіне жататындықтан, бірден екінші тапсырмадан бастаймыз. Екінші тапсырмада алдында сөз болғандай, мәтінмен жұмыс жасалады. Мәтінмен жұмыс жасауда келесідей мақсат орындалуы шарт:



7-сурет. Мәтінмен жұмыс жасаудың мақсаты

Міне, мәтінмен жұмыс жасауда бір аналитикалық форманттың жұмсалымы, қызметі, беретін мағынасын табу арқылы автордың толық мәтіндегі жеткізгісі келген астыртын және тура мағынасын ашамыз, бұл дегеніміз – етістіктің аналитикалық форманты арқылы автор прагматикасын анықтаймыз, сол арқылы өзіміздің де мәтінді тану, идея мен ойды анықтау сияқты әрекеттерден тұратын прагматикалық құзыреттілігімізді арттырамыз.

Екінші кезеңге жататын келесідей тапсырма үлгілерін ұсынамыз:

Екінші тапсырма:

Берілген сөйлемдердің ішінен қимылдың кенет басталуын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жазыңыз: *Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады. Ақюілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілдеп барады. Бақша күзететін шал бұ не деп жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі, бірдеңе ағараң етеді. Баланы саған тапсырдым, - деп маған қарап жылап қоя берді. Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады. Доға бір қолымен мықынынан таянып, мардымды кісімсіп сөз бастады (Ж.Аймауытов). Көксерек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді (М.Әуезов).*

#### 8-сурет. Мәтінмен жұмыс жасау тапсырмасы

Екінші тапсырма:

Берілген сөйлемдердің ішінен қимылдың даму сатысын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жазыңыз: *Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады. Ақбілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілдеп барады. Бақша күзететін шал бұ не деп жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі, бірдеңе ағараң етеді. Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады. Доға бір қолымен мықынынан таянып, мардымды кісімсіп сөз бастады (Ж. Аймауытов).*

#### 9-сурет. Мәтінмен жұмыс жасау тапсырмасы

Екінші тапсырма:

Қалып етістіктерінің көмекші қызметте жұмсалған етістігі бар сөйлемдерді теріп жазып, астын сызып көрсетіңіз: *Үйді, тезекті, шұқырды, жүкті, пішенді – бірін қалмай найзаларымен піскілеп тінтіп жүр. Үрейлі ауылды торып, екі ат жетелеп, ойқастап, құлағын түріп, түсі жаман, ойы қараңғы бір адам жүр. Жолдастарға еріп, ойын-сауық құйып жүріп, қылжақты өлеңді, домбыраны үйрендім, еті тірі, жақсы жігіттерге еліктеп, мылтық атуды, ит жүгіртіп, құс салуды үйрендім. Баяғыдай көшіп-қонып, кең даланы шарлап жүре берем деп ойлайды. Өшімді қалай алам деп, аузымды басып жүр едім (Ж.Аймауытов).*

## 10-сурет. Мәтінмен жұмыс жасау тапсырмасы

Қимылдың жол-жөнекей орындалуын білдіретін аналитикалық формалы етістікті теріп жазыңыз: *Көп уақыт қорылдап гүр-гүр етіп тұрып алады. Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемей қояды. Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын, саршұнақ пен қоянның көдегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей боп алды (М.Әуезов). Бала бірін-бірі жылатпай жүре ме, кішкене Күлікенді бір бала жүгіріп келе жатып қағып кетіп, жылатып қойды. Құрақ ұшып жүгіріп, есік ашып кіргізіп жүр. Ендеше, таудан оңша алыстамай, құбыла жаққа қарай таумен жарыса жүру керек (Ж.Аймауытов). Мағжанның «Қорқытында да» Қорқыт «тағдырын» қашып аласұрып, сандалып қазақ даласында, құтылмас*

## 11-сурет. Мәтінмен жұмыс жасау тапсырмасы

Берілген тапсырма үлгілері әртүрлі болғанымен, бір мақсатты қамтиды. Мәселен, білім алушы бірінші тапсырмада сөйлемнің ішінен кенет қимылды білдіретін сөйлемді; екінші тапсырмада қимылдың даму сатысын білдіретін сөйлемді; үшінші тапсырмада қалып етістіктерінің көмеші қызметте жұмсалуды және төртінші тапсырмада қимылдың жол-жөнекей орындалуынан хабардар беретін сөйлемді табуы қажет.

Қимылдың даму сатысын табу үшін міндетті түрде сөйлемдегі мағынаны, адресанттың не автордың ойын дұрыс түсіну керек. Сол кезде ғана қимылдың даму сатысын білдіретін сөйлемді, оны тудырған аналитикалық формантты таба аламыз.

Сол сияқты істің кенет басталғанын басқа да етістік мағыналарынан ажырату үшін сөйлемді тұтас білу керек. Мысалы, «Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдыртып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады» сөйлемді алсақ, толық мәтінді оқымай, бір ғана сөйлемнің өзінен істің Бекболат жайында, оның үлкен үйден қымыз алдыртып, дастарқан басында қымызда құя бастағаны анықталады. Әрекет аяқталмаған, жүзеге асуда. Істің аяқталмағанынан хабардар беріп тұрған деталь – «-а бастады» аналитикалық форманты. Дәл осы формант істің аяқталмағанын білдіріп тұр.

Бұл форматтағы тапсырмаларды берудің басты мақсаты – аналитикалық форманттың теориялық қырын түсінген студентті мәнмәтін деңгейінде тілдік тұлғалардың (аналитикалық форма, формант, күрделі етістік) жасырынған мағынасын таба алуын не алмауын анықтау. Яғни білімгер мәтінде берілген аналитикалық форманттардың білдіріп тұрған мағынасын анықтауы қажет.

Мәтінмен жұмыс жасауда келесідей тапсырма үлгісін ұсынамыз:  
«Мәтінді оқып, аналитикалық формалы етістіктердің автордың ойын жеткізудегі қызметін анықтап, қолданысына баға беріңіз:

*Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлде қандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді. Ін үстіне мүйіз тұяқтар*

*тасырлап, дүбірлетіп келді; айқай-дабыр молайды. Бірі үстіне бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне бірі үйіліп, бауырын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді. Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін – ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды ...».*

Алдыңғы тапсырмаларда сөйлемдер тізбегі алынса, бұл тапсырмада толық мәтін алынған. **Мақсат – жеке тілдік бірліктерді емес, тұтас мәтіннің мағынасын ашып беру және мағынаны ашуда, автордың ойын анықтауда аналитикалық формалы етістіктің қызметін ажырату.** Автордың ойын дөп беруде аналитикалық формалы етістіктің қаншалықты қызмет атқарғанын білудің маңызы бар. Ол өз кезегінде автордың прагматикасын анықтап, прагматикалық құзыреттілікті арттыруға көмектеседі.

Мәтіндегі ой түсінікті. Қасқырды інінен алып кетуі, кенжесін ғана қалдырып, қалғанының бәрін атып тастауы осылардың – барлығы бір оқығаннан-ақ түсінікті. Бірақ қазақ тілі пәні аясында мәтінді түсініп, сол бойынша сұраққа жауап беру аздық етеді. Біздің мақсат – дәл осы анықталған идеяны жасап тұрған тілдік құралдармен жұмыс жасау. Сол арқылы ғана тілдің жүйесін, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің бір-бірімен байланысу амалын, ерекшелігін тануға болады.

Тапсырманы орындаушы мәтіндегі ойды ғана анықтап қоймайды, ондағы тілдік бірліктермен де жұмыс жасайды. Одан бөлек, автор мақсатты түрде қолданған аналитикалық форманттардың қолданысына өзіндік баға беріп, анализ жасайды. Бұл – тапсырмаға бағытталған оқытудың үшінші кезеңіне – assessment – post-task кезеңіне толықтай келіп тұр. Яғни, бұл тапсырмада бағалауыштық кезең де қамтылған.

Осылайша, тапсырмаға бағытталған оқыту технологиясында біз мәтінмен жұмыс жасауды негізге алдық. II курс студенттері үшін таңдалып алынған бұл тапсырмалар легі тек теориялық білімді емес, оның практикалық қырымен ұштастыруын көздейді. Өйткені теориялық біліммен қатар практикалық жағын ұштастырған білімгер ғана толық білім алып, аналитикалық формантты етістік туралы да, прагматикалық құзыреттілік туралы да білім алып шығады. Мәтіндегі ойды білдіріп, прагматиканы жасап тұрған аналитикалық формалы етістіктің мағынасын айқындап, қолданысына баға береді.

### **3.3 ЕАФ оқытуда қолданылған эксперимент нәтижесі**

Алдыңғы тарауларда сөз болғандай, тілдік тұлғаның прагматикалық құзыреттілігін анықтау, дамыту үшін алынған тілдік бірлік – етістіктің аналитикалық формасы мен аналитикалық формант. **Біздегі мақсат – студенттердің тілдік прагматикасын дамыту үшін аналитикалық формалы етістіктермен жұмыс жасап, оның мағынасын, жасалу жолын және**

**қызметін анықтауға көмектесу.** Бұл мақсат орындалу үшін бірінші кезекте II курс студенттері «Морфология» курсы аясында 11.03.2025 жылы семинар сабағында эксперимент тапсырмасын орындады. Ең алдымен, студент берілген үш түрлі мәтін үлгісінен аналитикалық формалы етістікті теріп жазуы керек еді. Экспериментке «Қазақ тілі морфологиясы» курсы оқып жатқан 40 студент қатысты.


40 студенттің нәтижесін келесідей диаграммаға түсірдік:  
Кесте 8 – Эксперимент нәтижесі



Барлығы қатысқан студент саны – 40. Солардың ішінде бірінші мәтін бойынша аналитикалық формалы етістікті тапқандар саны – 34.


Тапсырма ретінде берілген бірінші мәтін: *Жанында мылтық батқанда, анасы қызын тастай беріп, алыса кетті. Алыр-топыр екі орысты екі алып ұрып, бірінің үстіне бірін илектен жатқанда, үшінші орыс тайқып шегіне берді.*

Мәтін үзіндісінде келесідей аналитикалық формалы етістік кездескен: *тастай беріп, алыса кетті, алып ұрып, илектен жатқанда, тайқып шегіне берді.* Бес аналитикалық форманттың үшеуінен артық тапқандарға бір балдан берген болсақ, қырық студенттің отыз төрті кем дегенде үш аналитикалық формалы етістікті таба білген. Бірақ барлық бес аналитикалық формалы етістікті тапқан студент жоқ.




12-сурет. Аналитикалық формалы етістікті табуға арналған бірінші тапсырма үлгісі мен жауабы

Екінші мәтін бойынша дұрыс жауап бергендердің саны – 23. Мәтін үзіндісінде он аналитикалық формалы етістік бар: *жақындап келе жатты, тығып-тығып тастап, дүбірлетіп келді, сарт-сарт түсіп жатты, қыбырлай алмай, алып шықты, қарап отырып, алып жүріп кетті, қиып қалдырды, тістелеп алып*. Он аналитикалық формалы етістіктің ішінен кем дегенде бесеуін тапқан студент бір балдан алды деп есептегенде, 57 % студент қана дұрыс аналитикалық формалы етістікті көрсеткен.



13-сурет. Аналитикалық формалы етістікті табуға арналған екінші тапсырма үлгісі мен жауабы

Үшінші мәтінде келесідей аналитикалық формалы етістіктер бар: *келе жатыр, төсеп қойған еді, күтіп тұр еді*. Бұл үш аналитикалық формалы етістіктің кемі екеуін тапқан студент бір балдан алды. Соның өзінде мәтін бойынша аналитикалық формалы етістікті дұрыс тапқандардың саны – 19. Бұл 47,5 %-ды құрайды. Көп студент өздерінің жауаптарын мүлдем жазбай, аналитикалық формалы етістікті тапқан жоқ:



14-сурет. Аналитикалық формалы етістікті табуға арналған екінші тапсырма үлгісі мен жауабы

Тапсырма аясында екі студент үш мәтін бойынша да ешқандай сұраққа жауап берген жоқ. Үш мәтінді қосып, студенттердің қаншалықты деңгейде етістіктің аналитикалық форманттарын білетінін пайыздық көрсеткішпен алғанда, 60%-ды құрады. Бұл орта балдан сәл жоғары дегенді білдіреді.

**Мәтін тілі оңай әрі қысқа болғанда, студенттер мәтіндегі аналитикалық формалы етістіктерді тапқанымен, сәл күрделі, ұзақтау болса, аналитикалық формалы етістіктерді таппай қиналғанын анықтадық.**

Бұл ақауды түзеу мақсатында лекция жүргізіп, аналитикалық формалы етістік пен оның мәнмәтінде беретін мағынасына, ерекшеліктері мен қызметіне, бір ғана аналитикалық форманттың беретін бірнеше мағынаның біреуінің актуалдануына мысал келтіріп, түсінік қалыптастырдық.

Студенттің прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырудың бірден-бір жолы – **мәтінмен жұмыс**. Семинар сабақтарында да дәл осы мақсатта мәтінмен жұмыстар ұйымдастырылды. Әр студент жеке жұмыс жасап, мәтіннің негізгі мәнін, автордың жеткізер ойын беретін аналитикалық формантты етістіктермен жұмыс жасады. Мәтін жұмысы 5 нұсқадан тұрады. Әрбір нұсқада студенттің аналитикалық формантты қаншалықты деңгейде меңгергені әрі оның толық мәтінді толық түсінгені не түсінбегенін анықтайтын тапсырмалар легі берілді.

Кесте 9 – Студенттерге берілген тапсырма критерийі

Нұсқа	Тапсырма критерийі
I нұсқа	Берілген етістіктердің ішінен аналитикалық формалы етістік пен күрделі етістікті ажыратып көрсету; сөйлемнің ішінен қимылдың даму сатысын білдіретін сөйлемдерді теріп жазу.
II нұсқа	Аналитикалық етістік пен күрделі етістікті бір-бірінен ажырататын басты белгілерді жазып шығу, әрқайсысына мысал келтіру; істің кенет басталуын білдіретін сөйлемді теріп жазып, мағынасын ашу.
III нұсқа	Келтірілген сөйлемдердің ішінен аналитикалық формалы етістікті табу; Қалып етістіктерінің көмекші қызметте жұмсалған етістігі бар сөйлемдерді теріп жазып, астын сызып көрсету.
IV нұсқа	Сөйлемдегі күрделі формалы етістіктерді ажыратып көрсету; қалып етістіктерінің көмекші қызметте жұмсалған етістігі бар сөйлемдерді теріп жазып, астын сызып көрсету.
V нұсқа	Сөйлемдегі күрделі формалы етістіктерді ажыратып көрсету; қимылдың жол-жөнекей орындалуын білдіретін аналитикалық формалы етістіктерді теріп жазу.

Кесте 9 – Әр нұсқаға берілген тапсырма түрі

I нұсқа	Бірінші тапсырма: «Айтып кет», «оқып қой», «айта сал», «кіріп шық» мысалдарын етістіктің түрлеріне қарай ажыратып көрсетіңіз (аналитикалық етістік / күрделі етістік). Екінші тапсырма:
---------	---

	<p>Берілген сөйлемдердің ішінен қимылдың даму сатысын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жазыңыз: <i>Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады. Ақбілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілдеп барады. Бақша күзететін шал бұ не деп жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі, бірдеңе азараң етеді. Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады. Доға бір қолымен мықынынан таянып, мардымды кісімсіп сөз бастады (Ж. Аймауытов).</i></p>
<p>II нұсқа</p>	<p>Бірінші тапсырма:  Аналитикалық етістік пен күрделі етістікті бір-бірінен ажырататын басты белгілерді жазып, әрқайсысына 2 мысалдан келтіріңіз.  Екінші тапсырма:  Берілген сөйлемдердің ішінен қимылдың кенет басталуын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жазыңыз: <i>Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады. Ақюілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілдеп барады. Бақша күзететін шал бұ не деп жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі, бірдеңе азараң етеді. Баланы саған тапсырдым, - деп маған қарап жылап қоя берді. Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады. Доға бір қолымен мықынынан таянып, мардымды кісімсіп сөз бастады (Ж.Аймауытов). Көксерек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді (М.Әуезов).</i></p>
<p>III нұсқа</p>	<p>Бірінші тапсырма:  Берілген сөйлемдердің ішінен аналитикалық формалы етістікті тауып жазыңыз: <i>Жақып бұл хабарды ести салысымен, ауылға қайтып барып, болған жағдайды анықтап алмақшы болды. Тапсырмаңды орындап болған соң, ауылға да келіп кет, тәтті-дәмдіні жеп кет әрі ағайын-туыстың жағдайын біліп кет.</i>  Екінші тапсырма:  Қалып етістіктерінің көмекші қызметте жұмсалған етістігі бар сөйлемдерді теріп жазып, астын сызып көрсетіңіз: <i>Үйді, тезекті, шұқырды, жүкті, пішенді – бірін қалмай найзаларымен піскілеп тінтіп жүр. Үрейлі ауылды торып, екі ат жетелеп, ойқастап, құлағын түріп, түсі жаман, ойы қараңғы бір адам жүр. Жолдастарға еріп, ойын-сауық қуып жүріп, қылжақты өлеңді, домбыраны үйрендім, еті тірі, жақсы жігіттерге еліктеп,</i></p>

	<p><i>мылтық атуды, ит жүгіртіп, құс салуды үйрендім. Баяғыдай көшіп-қонып, кең даланы шарлап жүре берем деп ойлайды. Өшімді қалай алам деп, аузымды басып жүр едім (Ж.Аймауытов).</i></p>
IV нұсқа	<p>Бірінші тапсырма:  <i>«Достарының кеңесіне құлақ салып, жүрегіндегі күйзелісті жеңіп шығып, өмірдің мәнін түсінуге ұмтылды» сөйлеміндегі күрделі формалы етістіктерді ажыратып көрсетіңіз (аналитикалық формалы етістік, күрделі етістік, тұрақты тіркес)</i></p> <p>Екінші тапсырма:  <i>Қалып етістіктерінің көмекші қызметте жұмсалған етістігі бар сөйлемдерді теріп жазып, астын сызып көрсетіңіз: «Хан Кене» дұрыс көрсетілмегенмен, тарихымыздың белгілі бір дәуірінің мәселелерін көтеріп отыр. Абылай хан, Кенесарының бабасы, хан болып отырған Орта жүздің соңғы жылдарында сырғып көшіп Ұлы жүз ішіне кетеді (С.Сейфуллин). Малың жайлап, шайы қайнап, ел де орынға отырды (Ж.Аймауытов). Ел орынға отырар кезде ауылға қайтып келе жатқан екі-үш жылқыға келіп араласты. Тағы бір ретте қалың шилі қорықта отырған бес-алты ауылдың үстіне келді. Бар аңшы артынан ілесе желе-текіректеп шауып отырды. Аққасқа ырылдағанда алдында отырған Бейсембайдың жотасы мұздап, еті тітіреп ентелеп ілгері жылжып, отқа қарай мінбелей береді (М.Әуезов).</i></p>
V нұсқа	<p>Бірінші тапсырма:  <i>Жанына мылтық батқанда, анасы қызын тастай беріп, алыса кетті. Бекболаттың құрақ ұшып отырғанын келіншегі жаратпаған тәрізді, келте мұрнын жоғары көтеріп шығып кетті. Мен күйіп кеттім. Сөйлемдердегі іс-әрекеті білдіретін сөздерің етістіктің қай түріне жататынын анықтаңыз (аналитикалық формалы етістік, күрделі етістік, тұрақты тіркес).</i></p> <p>Екінші тапсырма:  <i>Қимылдың жол-жөнекей орындалуын білдіретін аналитикалық формалы етістікті теріп жазыңыз: Көп уақыт қорылдап гүр-гүр етіп тұрып алады. Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемей қояды. Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын, саршұнақ пен қоянның көдегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей боп алды (М.Әуезов). Бала бірін-бірі жылатпай жүре ме, кішкене Күлікенді бір бала жүгіріп келе жатып қағып кетіп, жылатып қойды. Құрақ ұшып жүгіріп, есік ашып кіргізіп жүр. Ендеше, таудан онша алыстамай, құбыла жаққа қарай таумен жарыса жүру керек (Ж.Аймауытов). Мағжанның «Қорқытында да» Қорқыт</i></p>

*«тағдырын» қашып аласұрып, сандалып қазақ даласында, құтылмас түбекте дағдарып отырып өзінің еңіреген зарын қобызға сап күй қып тартқан (С.Сейфуллин).*

Бұл тапсырмаларды орындау кезінде студенттер келесідей іс-әрекеттерді орындады: бірінші мәтінді оқыды; екінші мәтіндегі аналитикалық формалы етістіктерді ажыратып алды; үшінші аналитикалық формалы етістіктің тұрған шағын (уақытын), жағын анықтады; төртінші аналитикалық формалы етістіктің сөйлемде беретін мағынасын анықтады; алтыншы аналитикалық формалы етістіктен аналитикалық формантты ажыратып алды; жетінші теория бойынша аналитикалық форманттың білдіретін мағыналарымен салыстырып шықты. Соңында аналитикалық форманттардың сөйлемде беретін мағынасын, оның мәнін және адресанттың қандай мақсатпен қолданылған аналитикалық формантты жұмсағанын болжап, бағалады. Сол арқылы етістің жеке тұрғандағы мағынасын, көмекші етістіктің жеке тұрғандағы мағынасы мен екеуінің бірігіп келіп берген мағынасын ажыратып алып, контексттік мағынасын ашуға дағдыланды.


Семинар сабағында тапсырма орындауға 55 студент қатысты. Нәтижесінде 2 студент 1 балл, 3 студент 1,5, 2 студент 2, 7 студент 2,5, 18 студент 3, 13 студент 3,5 және 10 студент 4 балл алды. Яғни 55 студенттен 48 оқушы орта және ортадан жоғары балдық нәтижеге жетті. Бұл барлық көрсеткіштің 88 %-ын құрайды:



15-сурет. Семинар сабағында студенттердің алған балдық көрсеткіші

Бұл дегеніміз – етістіктің аналитикалық формантын студенттердің 60%-ды таныған: етістіктің аналитикалық форманты туралы білімі бар; жасалу жолын біледі; аналитикалық формантты күрделі етістік пен тұрақты сөз тіркесінен ажырата алады. Алайда жеке аналитикалық форманттың мағынасын білгенімен, мәтін ішінде табуға қиналған.

Сол себепті мәтінмен жұмыс жасау кезінде контексттік-грамматикалық талдау әдісі қолданылды. Студент мәтінді оқып қана қоймайды, мәтінде кездесетін аналитикалық форманы анықтап, оның қандай мағынада жұмсалғанын, актуалданып тұрған мағынасын көрсетеді. Актуалданған мағынасын табу үшін міндетті түрде мәтінді оқып қана қоймай, студент аналитикалық форманттың беретін барлық мағынасын білуі керек. Осылайша, мәтінмен жұмыс жасау барысында бірінші кезекте логикалық-ойлау картасы, одан кейін барып талдау-синтез әдісі, ал толық мәнмәтінмен жұмыс жасау үшін, контексттің тұтас мағынасын түсінуге жұмыс жасайды. Бұл мағынаны беруде аналитикалық форманттың қызметін анықтау үшін контексттік-грамматикалық талдау әдісі ұсынылды. Нәтижесінде бастапқы 60%-дық көрсеткіш 88%-ға көтерілді:



16-сурет. Студенттердің семинар тапсырмасындағы бірінші және соңғы нәтижелері

Бірінші диаграммада студенттер етістіктің аналитикалық формантын басқа тұлғалардан ажырата алды; бірақ мәтінмен жұмыс жасағанда, контексттік мағынасын ажырата алмады. Ал екінші диаграмма бойынша студенттер етістіктің аналитикалық формантын тануда бірінші семантикалық мағынасын, одан кейін контексттік мағынаны ашуға дағдыланды.

Осылайша, етістіктердің аналитикалық форманты арқылы оқыту барысында келесідей нәтиже алынды:

- студенттер аналитикалық формалы етістіктің жасалу жолын білді;
- аналитикалық форма мен аналитикалық формант туралы түсінік қалыптастырды;
- аналитикалық форманттың жасалу жолы мен қызметін анықтады;
- аналитикалық форманттың сөйлеу кезіндегі жұмсалымдық қырынан хабардар болды;
- тапсырмаға бағытталған оқу технологиясы негізінде мәтінмен жұмыс жасауды үйренді және мәтіннен автордың көзқарасты, автордың ойын, сөйлеушінің прагматикасын тілдік тұрғыдан талдауға үйренді;
- етістіктің аналитикалық форманты арқылы прагматикалық құзыреттілікті 88% студент қалыптастыра білді.

Жоба барысында прагматикалық құзыреттілікті етістіктің аналитикалық форманты арқылы оқытуды негізге алдық және өзіміздің мақсатымызға жеттік.

Сатылай оқыту және тапсырмаға бағытталған оқыту технологиясының негізінде мәтіндермен лингвистикалық бағытта жұмыс жасап, жақсы көрсеткішке ие жетуге болатынын дәлелдедік. Прагматикалық құзыреттілікті дамыту үшін студент міндетті түрле тілдің лингвистикасын, яғни жүйесін білуі маңызды. Бірақ білім бұл деңгейде тоқтап қалмауы шарт. Құрылымды грамманы оқытқаннан кейінгі кезең – жұмсалымды грамматикаға, яғни тілді сөйлеуге, жұмсауға үйретуге бағыттау. Тілді жұмсау тек ауызша емес, жазбаша да форматта жүзеге асыруға болады. Нәтижесінде студент оқылған мәтіні, айтылған сөзі негізінде прагматикалық құзыреттілікті толықтай меңгеріп шығады. Ал прагматикалық құзыреттілік – тілдің жанын, динамикасын көрсететін, тілді жұмсалымдық деңгейге көтеретін негізгі тілдік бірлік.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Студенттің прагматикалық құзыреттілігін дамытудың бірден-бір жолы – құрылымды грамматиканы сөйлеумен байланыстыра отырып, тілдің жанын, оның қолданысын түсіндіруге ұмтылу. Біздің қарастырған нысанымыз – етістіктің аналитикалық формантын құрылымды грамматикадан ғана қарастыру аздық етеді. Өйткені бір аналитикалық формант құрылымды грамматикада бірнеше мағынаға ие болса, жұмсалым кезінде сол мағыналардың біреуі ғана қолданысқа түседі, яғни актуалданады. Осылайша, аналитикалық формант арқылы студенттің сөйлеу кезіндегі ойын сауатты жеткізу мақсатында, ойлағанын дөп түсіру үшін студент бойынан прагматикалық құзыреттілікті жетілдіру маңызды.

Прагматикалық құзыреттілік, ең алдымен сөйлеу кезінде танылады. Прагматикалық құзыреттілік негізінде студенттер өздерінің ойларын жүйелі әрі нақты жағдаятқа сай құрылымды формада беруге дағдыланады. Сөйлегендегі сөзіміздің дұрыс, жүйелі шығу үшін кез келген сөздердің тіркесімін бермейтініміз сияқты аналитикалық формантты етістіктерді де мақсатына сай қолданамыз. Бұл қолданыс дұрыс формада шығу үшін тіл білімі теориясы аса маңызды. Теориялық білім мен сөйлеу кезіндегі қолданысы бірігіп келіп, тұтас нысанға айналады. Біздің мақсат – іс-әрекетті жасайтын аналитикалық формантты дұрыс қолдануға үйрету әрі соның негізінде студенттің прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру. Бұл тұрғыда біріншісі орындалмай, екіншісіне өту мүмкін емес еді. Сондықтан да біз, біріншіден, дәріс сабағымызда теориялық біліммен қамтамасыздандырып, аналитика, етістіктің аналитикалық формасы, аналитикалық формантқа қатысты түсінік қалыптастырдық. Студенттер аналитикалық форма мен формант туралы лингвистикалық деңгейде қажетті ақпарат алып шықты.

Екіншіден, бұл аналитикалық форманттардың сөйлемдегі беретін мағынасына көңіл бөлдік. Бұл өтілген аналитикалық форманттың білдіретін мағынасын толықтай түсінуге, оны жұмсауға үйретеді. Аналитикалық форманттың беретін мағынасын анықтаудың негізгі тәсілі – мәтінмен жұмыс. Студент жеке не топпен мәтінмен жұмыс жасағанда ғана автордың жеткізер ойын, адресанттың адресатқа қаратылған уәжін, іс-әрекетті жасайтын тұлғалардың неліктен бұл формада тұрғанын анықтай алады. Сол үшін де біз аналитикалық формантты не аналитикалық формалы етістікті мәтін не мәнмәтіннен жеке бөліп қарастыра алмаймыз. Әйтпесе, оның беретін мағынасы, қандай мақсатпен айтылғаны анықталмай қалады.

Мәтінмен жұмыс та жеңілден күрделіге принципі негізінде алынды. Әуелі жеңіл, күнделікті өмірде қолданыстағы аналитикалық форманты бар мәтіндер таңдалса, кейін құрылымы да, беретін мағынасы да күрделі етістіктер алынды. Бұл етістіктермен студенттер танысып қана қоймай, олардың сөйлемдегі не мәнмәтіндегі беретін мағыналарын анықтады. Соның нәтижесінде әрбір етістікті құрылымның қолданысын ажыратуға жұмыс жасап, тілдің жұмсалымдық қырын тәжірибе кезінде қолданысқа жаратты.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында талдау-синтез, логикалық ойлау картасы және когнитивтік тапсырмалар ұсынылды. Бұл тапсырмаларды орындаудағы басты мақсат – студенттің мәнмәтін көлемінде автордың жеткізер ойын, яғни уәжін тауып, беретін мағынаны нақты айырып, ажырату. Мәтіндегі ойды нақты әрі жүйелеуге көмектесетін негізгі белгі етістік деп топшыласақ, етістіктің аналитикалық форманты мен аналитикалық форма арқылы сөйлесімдегі, мәнмәтіндегі негізгі ойды дәл анықтауға болады. Мәтін тапсырмалары арқылы студент мәтіннің ойын анықтап, сол ойды білдіретін тілдік құралдарды, оның ішінде етістіктің аналитикалық формантына қатысты білімді тәжірибемен салыстырмалы түрде алып шығатыны сөзсіз.

Тіл – динамикалық құбылыс. Тілдің жүйесін ғана үйрету аздық ететіндіктен, прагматикалық құзыреттілікті дамыту үшін теория тәжірибемен қабат жүру маңызды. Біз де семинар сабақтарында мәтінмен жұмыс жасатып, мәнмәтінде кездескен аналитикалық форманттың негізінде адресанттың ойын түсінуіне жұмыс жасалды. Нәтижесінде:

- студенттер аналитикалық формалы етістіктің жасалу жолын білді;
- аналитикалық форма мен аналитикалық формант туралы түсінік қалыптастырды;
- аналитикалық форманттың жасалу жолы мен қызметін анықтады;
- аналитикалық форманттың сөйлеу кезіндегі жұмсалымдық қырынан хабардар болды;
- тапсырмаға бағытталған оқу технологиясы негізінде мәтінмен жұмыс жасауды үйренді және мәтіннен автордың көзқарасты, автордың ойын, сөйлеушінің прагматикасын тілдік тұрғыдан талдауға үйренді;
- етістіктің аналитикалық форманты арқылы прагматикалық құзыреттілікті 88% студент қалыптастыра білді.

Бұл нәтиже негізінде біздің мақсат орындалды. Яғни студенттер аналитикалық форманттың теориялық жағымен танысып қана қоймай, оның қолданысын да анықтап, соның негізінде мәтінмен жұмыс жасады. Осылайша, аналитикалық формант арқылы прагматикалық құзыреттілік қалыптастырылды. Ал прагматикалық құзыреттілікті меңгерген студент тілді жүйе ретінде ғана қабылдамай, ауызша да, жазбаша да ойын дұрыс форматта жеткізе алатын, сөздің құдіретін түсінетін, әрбір сөзіне салмақ беріп, әрбір сөзін орынмен қолданатын деңгейге жететін болмақ.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясы

Практикалық жұмыс 2

Мақсаты: Аналитикалық формалы етістікті сөйлем құрамынан ажыратып алу әрі беретін мағынасын анықтау.

Студенттің аты-жөні: Мұраханова Жүндүз

Дата: 230304004

3,5

**Нұсқа 1**

Бағалау шарттары: барлық дұрыс жауап үшін – 4 балл.

Тапсырманы орындау қадамдары:

Берілген етістіктердің ішінен аналитикалық формалы етістік пен күрделі етістікті ажыратып көрсету – 2 балл;

Берілген бес сөйлемнің ішінен қимылдың даму сатысын білдіретін сөйлемдерді теріп жазу – 2 балл.

**Бірінші тапсырма:**

«Айтып кет», «оқып қой», «айта сал», «кіріп шық» мысалдарын етістіктің түрлеріне қарай ажыратып көрсетіңіз (аналитикалық етістік / күрделі етістік).

Аналитикалық етістік	Күрделі етістік
айта сал, оқып қой	кіріп шық
1	0,5

**Екінші тапсырма:**

Берілген сөйлемдердің ішінен қимылдың даму сатысын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жазыңыз: Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады.

1) Ақбілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілдеп барады. Бақша күзетін шал бұ не деп жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі, бірдеңе ағараң етеді. Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады. Доға бір қолымен мықынынан таянып, мардымды кісімсіп сөз бастады (Ж. Аймауытов).

іс-қимылдың даму сатысы I кезеңі

Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады.

II кезең: Ақбілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілдеп барады. Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады. (әрекеттің аяқталуына таяу кезең)

III кезең: Бақша күзетін шал бұ не деп жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі, бірдеңе ағараң етеді. (іс-әрекеттің аяқталуы)

## Қазіргі қазақ тілі морфологиясы

## Практикалық жұмыс 2

4

Мақсаты: Аналитикалық формалы етістікті сөйлем құрамынан ажыратып алу әрі беретін мағынасын анықтау.

Студенттің аты-жөні: Қазыбек Мамғас

Дата: 08.04.2025

**Нұсқа 2**

Бағалау шарттары: барлық дұрыс жауап үшін – 4 балл.

Тапсырманы орындау қадамдары:

Аналитикалық етістік пен күрделі етістікті бір-бірінен ажырататын басты белгілерді жазып шығу, әрқайсысына 2 мысалдан беру – 2 балл;

Берілген 6 сөйлемнің ішінен қимылдың кенет басталуын білдіретін сөйлемдерді теріп жазу – 2 балл.

**Бірінші тапсырма:**

Аналитикалық етістік пен күрделі етістікті бір-бірінен ажырататын басты белгілерді жазып, әрқайсысына 2 мысалдан келтіріңіз.

**Екінші тапсырма:**

Берілген сөйлемдердің ішінен қимылдың кенет басталуын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жазыңыз: **Бекболат жігітін жіберіп, дереу үлкен үйінен қымыз алдырып, өзі алдына дастарқан салып сапыра бастады. Ақжілек енді бірдеме қылады екен деп жүрегі дүрсілден барады. Бақша күзететін шал бұ не деп жетіп барса, екеуі екі жаққа қаша жөнеледі, бірдеңе азараң етеді. Баланы саған тапсырдым, - деп маған қарап жылап қоя берді! Оның оң жағындағы кішірек қорадан бір көлеңке қараңдап сол үйге таман кетіп барады! Доға бір қолымен мықынынан таянып, мардымды кісіміп сөз бастады. (Ж.Аймауытов). Көксерек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді. (М.Әуезов).**

1 - тапсырма

Аналитикалық етістік-кейізі етістік пен қимыл етістіктің тіркесуіне тұрады. Олар өзін белгілі бір грамматикалық категорияға береді.

2

Мысалы: - кіріп кет / бірден, кеметтен кіріп кету  
- бере сал / оңай, мөңдеп беру

Күрделі етістік - екі немесе одан көп кейізі етістіктердің тіркесуі. Мақсат: Бірнеше әрекетті бір мезгілде ретімен беру. Мысалы: ашқырып бар, қарап тұр,

1-төлсерілер

Аналитикалық формалы етістіктер:

1. и салысумен - бірден болған әрекетті білдіреді -
2. он барын - іс-әрекеттің қайталануын ✗
3. п ал - мақсат бағам мәнінде қолданылды.
4. п болған - әрекеттің ауыспалын білдіреді
5. п көт
6. п көт
7. п көт

Барын бір мағылада өтіну мәнде  
ауыспалы

2 мысал жазары:  
қайшы бару  
алтын алмақын бару

2

2-төлсерілер

Қызыл етістіктер: отыр, тұр, жатар жыр.

Көлемі мәнде қолданылған қызыл етістік бар сөйлемдер:  
1. Чүй, тазекте, кеңірде, жерті, қиында - бірін қызыл  
кейіншілерімен пісімен тінтіп жыр.

2. Мырзастарға ұрп, айып-сауық ұрп жыр, қолымызға  
өлеуі, дөңгелек қырында, өте тірі, жасқа жігіттері  
келіп, мұнда, атуда, ит жүйрітін, құс салуды қырында.

3. Балықдай ~~қашып қашып~~, ~~кең қалың~~ ~~шаршап~~ ~~жыр~~ ~~барып~~  
~~жыр алмады.~~

4. ~~Дүңде қашып алмады деп, ағуында басып жыр ұрп.~~

Тінтіп жыр, ұрп жыр - көлемі мәнде ағуыстан  
қашып етістіктер. Қызыл кейсі мәнде.

маң 2 мысал бар

1

Екінші тапсырма.

2

„Хан Кеме“ дүрес көрсетілмегенмен, тарихшылардың  
белгілі бір дәуірінің мәселелік көтеріп отыр. †

Абшай хан, Кенесарының бабасы, хан болып отырған †

Орта ғасырдың соңғы жолдарында соғдыя келіп Ғыя ақу  
ішіне кетеді.

Ел арасы отырар кезде ауылға қайттып келе жатқан  
екі-үш жолшыға келіп аманасыз.

Бағ ақшот арманан ілесе келе-мекіректен шауып отырған.  
†

## Практикалық жұмыс 2

Мақсаты: Аналитикалық формалы етістікті сөйлем құрамынан ажыратып алу әрі беретін мағынасын анықтау.

Студенттің аты-жөні: Телеген Тұрмағұл 230301001

Дата: 08.04.25

**Нұсқа 5**

3,5

Бағалау шарттары: барлық дұрыс жауап үшін – 4 балл.

Тапсырманы орындау қадамдары:

Сөйлеміндегі күрделі формалы етістіктерді ажыратып көрсету – 2 балл;

Қимылдың жол-жөнекей орындалуын білдіретін аналитикалық формалы етістікті теріп жазу – 2 балл.

**Бірінші тапсырма:**

Жанына мылтық батқанда, анасы қызын тастай беріп, алыса кетті. Бекболаттың құрақ ұшып отырғанын келіншегі жаратпаған тәрізді, келте мұрнын жоғары көтеріп шығып кетті. Мен күйіп кеттім. Сөйлемдердегі іс-әрекеті білдіретін сөздерің етістіктің қай түріне жататынын анықтаңыз (аналитикалық формалы етістік, күрделі етістік, тұрақты тіркес)

1,5

Аналитикалық формалы етістік: күйіп кеттім, тастай беріп, алыса кетті

Күрделі етістік: шығып кетті, жаратпаған тәрізді → келіншегі

Тұрақты тіркес: құрақ ұшып, күйіп кеттім

**Екінші тапсырма:**

Қимылдың жол-жөнекей орындалуын білдіретін аналитикалық формалы етістікті теріп жазыңыз: Көп уақыт қорылдап гүр-гүр етіп тұрып алады. Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемей қояды. Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын, саршұнақ пен қоянның көдегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей боп алды (М.Әуезов). Бала бірін-бірі жылатпай жүре ме, кішкене Күлікенді бір бала жүгіріп келе жатып қағып кетіп, жылатып қойды. Құрақ ұшып жүгіріп, есік ашып кіргізіп жүр. Ендеше, таудан онша алыстамай, құбыла жаққа қарай таумен жарыса жүру керек (Ж.Аймауытов). Мағжанның «Қорқытында да» Қорқыт «тағдырын» қашып аласұрып, сандалып қазақ даласында, құтылмас түбекте дағдарып отырып өзінің еңіреген зарын қобызға сап күй қып тартқан (С.Сейфуллин).

2

Қалай да болса үзіп-жұла жүріп Көксерек аш болмайтын  
саршұнақ пен қоянның көдегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлмес  
болып алды.  
Күлікенді бір бала жүгіріп келе жатып қағып кетіп, жылат

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы, 2009 – 348 б.
- 2 Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюрских языках. Издательство «Наука». Москва, 1965.
- 3 Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі (Етістік). Университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. «Мектеп» баспасы, Алматы – 1996. – 157 б.
- 4 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары, Алматы – 1975. – 137 б.
- 5 Жолшаева М.С Семантика: етістік/ Морфология – М.С. Жолшаева. – Алматы: ЖК «Баласа» баспасы, 2018. – 208 б.
- 6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. ./ Құраст: М. Малмақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б. (оффлайн беттерді қарау, сілтемеге қосу)
- 7 Алтаева А.К. Көмекші етістіктердің семантикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 143 б.
- 8 Оразов М. Қазіргі қазақ тілінің қалып етістіктері. «Мектеп» баспасы, 1980. – 177 б.
- 9 Әмір Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. «Мектеп» баспасы, 1977. – 93 б.
- 10 Әмір Р. Жай сөйлем синтаксисі: оқулық. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.
- 11 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы (I кітап). / Жауапты редактор: Ш.Құрманбайұлы, – Алматы, ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.
- 12 Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі / Айман Жаңабекова. – Алматы: Елтаным баспасы, 2012. – 156 б.
- 13 Жұмсалымды грамматика (монография-оқулық). – Алматы, «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2016. – 508 б.
- 14 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн (диссертация)
- 15 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құрастр.: ф.ғ.д. Ф.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
- 16 Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1979. – 192 б.
- 17 Степанов Ю.С. В поисках прагматики: (Проблема субъекта) // Известия Академии наук СССР. Серия литературы и языка. Т 40. М.: Наука, 1981. № 4. С.
- 18 Shtalnaker R. Context (Context and content) // New York: Oxford University Press, 1999. – 283 p.
- 19 Parret H. Semiotica y Pragmatice: Una Comparacion Evaluativa de Marcos Conceptuales, 1983.
- 20 Кенжеқанова Қ. Саяси дискурстың прагматикалық аспектісі // ҚазҚУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. - № 4-5 (150-151) – 290 -292 б.

- 21 Зельдович Г.М. Прагматика грамматики. – М.: Языки славянских культур, 2012. – 648 с.
- 22 Языковая деятельность в аспекте лингвистической прагматики. – М.: ИНИОН, 1984. – 222 с.
- 23 Тұңғышбаева Ғ.Ж «Прагматика» ұғымының мағынасы мен қолдану аясы
- 24 Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., 1982. – 272 с.
- 25 Сусов И.П. Коммуникативно-прагматическая лингвистика и ее единицы // Прагматика и семантика синтаксических единиц. – Калинин, 1984.
- 26 Тяжина Е.Б. Прагматический аспект междометий (на материале казахского и французского языка): дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2006. – 150 б.
- 27 Колшанский Г.В. Прагматика языка // Сб. Науч. Тр. МГПИИЯ. – М., 1980. – Вып. 151
- 28 Сусов И.П. Семантика и прагматика предложения. Калинин, 1980.
- 29 Амренова А.С. Полиязычие и перевод: прагматический аспект: учебное пособие. – Петропавлск: СКГУ им. М.Козыбаева, 2011
- 30 Хуторской А.В. Педагогика: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения. – СПб.: Питер, 2019. – 608 б.
- 31 Жанымбекова Ш.Т., Сырлыбаева Г.Т. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудағы прагматикалық құзыреттіліктің рөлі (ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», № 4 (76), 2022 ж)
- 32 Дмитриева Т.А. Экспликация межфразовых связей в устном тексте (экспериментальное фонетическое исследование на материале французского языка): Автореф. дис. канд. филол. наук. Л., 1985.
- 33 Мецлер А.А. Прагматика коммуникативных единиц. Кишинев «Штининца», 1990
- 34 Pragmatic Competence: The Case of Hedging. Bruse Fraser. Bosto Unuversity
- 35 Беспалова С.В. Дискурс в лингвистике и практике преподавания (немецкий язык). – Саранск, 2003. – 116 с.
- 36 Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Издательство ИКАР. Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин. 2009.
- 37 Goffman E. Interaction Ritual: Essays on face-to-face behavior. New York, NY: Diubleday Anchor, 1967..
- 38 Taguchi N. Pragmatic competence in Japanede as a second language: Intdoduction (Northern Arizona Univercity)
- 39 Tiaoyuan M., Shanhua H. An integrated approach to ptagmatic competence: its framework and properties
- 40 Булыгин Т.В. Вопросы прагматики текста // НЗЛ. Вып. 8. – М., 1978
- 41 Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. – Алматы, 2005
- 42 В.А. Болотов, В.В. Сериков. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика. – 2003. - № 10. – С. 8-14.
- 43 Денисова И.Н., Надумович Л.М. Белорусский государственный университет культуры и инскусств. Языкова компетентность студентов-иностранцев как элемент формирования профессиональных знаний

- 44 Ван Дейк Т.А. Предубеждения в дискурсе. Рассказы об этнических меньшинствах // Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989, 351
- 45 Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс. // Теория метафоры. – М., 1990
- 46 Колшанский Г.В. Контекстная семантика. – М., 1980
- 47 Ноздрин Л.А. Прагматическая характеристика заглавий // Сб.науч. трудов. Вып. 209. М., 1983.]
- 48 Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие концепта в лингвистических исследованиях. – Воронеж: Изд. Воронежского ун-та, 1999.
- 49 Ключев В.Е. Речевая коммуникация: Коммуникативные стратегии. Коммуникативные тактики. Успешность речевого взаимодействия. Учеб. пособие для университетов и институтов. – М., 1998. – 224 с.
- 50 Колшанский Г.В. Текст как единица коммуникации // Проблемы общего и германского языкознания. М., 1978
- 51 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы: 2007. – 450 б
- 52 Байтұрсынұлы А. «Баулу мектебі» мақаласы, [https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynuly-baulu-mektebi\\_16521](https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynuly-baulu-mektebi_16521)
- 53 Crystal D. Dictionary of Linguistics and phonetics. Malden, MA: Blackwell Publishing Company, 2003.
- 54 Жанысбекова Ш.Т., Сырлыбаева Г.Т., Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудағы прагматикалық құзыреттіліктің рөлі
- 55 Tiaoyuan M, Shanhua H. An integrated approach to pragmatic competence: its framework and properties
- 56 Мұхамбетова С.Қ. Педагогика және педагогикалық технологиялар. – Ақтөбе – 2001 ж.
- 57 Интеграция Казахстана в мировую систему образования: перспективы развития, проблемы и пути их преодоления. Материалы Второй Международной научно-практической конференции. Т.1 – Талдыкорган. – 2007. – 274 с.
- 58 Дүйсебаев А. Педагогика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2018. – 264 б
- 59 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии // Учебное пособие. М.: 1998. – 256 с.
- 60 Қосымова Г., Рахметова Р. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Қосымова Г., Рахметова Р. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 б.
- 61 Task-based learning. Methods 2013-1-FR-LEO05-47980
- 62 Оразбаева Ф., Рахметова Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 170 б.
- 63 Фюкин Ю.Г. Теория и технология обучения: деятельностный подход: учебн. пособие для студ. высш. учебн. заведений. – М.: 2006. – 33 б.